

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Алматы энергетика және байланыс университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**З.С. Советова**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ**

Оқу құралы

(2014-2015 оқу жылында апробациядан өткізу үшін)

Алматы  
АЭЖБУ  
2015

**ӘОЖ 811.512.122(075.8)**

**КБЖ 81.2 Қаз - 923**

**С 58**

Пікір берушілер:

филология ғылымдарының докторы,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры

**А.Б. Салқынбай,**

филология ғылымдарының докторы, А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты грамматика бөлімінің меңгерушісі

**О.С. Жұбаева,**

филология ғылымдарының кандидаты, АЭЖБУ

қазақ және орыс тілдері кафедрасының доценті

**М.М. Төлеуп**

Алматы энергетика және байланыс университетінің Ғылыми кеңесі  
басуға ұсынды (23.01.2015 ж. №6 хаттама). АЭЖБУ 2015 ж. қосымша  
әдебиеттер басылымдарын шығарудың тақырыптық жоспары  
бойынша басылады, реті 1.

**Советова З.С.**

**С 58** Қазақ тілі: В<sub>2</sub> – негізгі стандартты және С<sub>1</sub> – негізгі стандарттан жоғары  
деңгейге арналған оқу құралы (барлық мамандықтар үшін)/ З.С. Советова.  
– Алматы: АЭЖБУ, 2015. – 110 б.: кесте – 5, әдеб. көрсеткіші – 18 атау.

**ISBN 978-601-7436-53-7**

Оқу құралы орыс тілінде білім алатын техникалық жоғары оқу  
орындарының студенттеріне негізгі стандартты (В<sub>2</sub>), негізгі стандарттан  
жоғары (С<sub>1</sub>) деңгейлері бойынша білім беруге арналған.

Оқу құралында әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ресми, іскерлік  
қарым-қатынас тілін үйрету бағытындағы тақырыптар қамтылған. Құрылымы  
студенттердің тілдік құзыреттілігін жетілдіруге көмектесетін мәтіндер мен  
оны меңгеруге арналған жаттығулардан, қарым-қатынас формаларын  
дамытатын түрлі жағдаяттарға пікірлесіп, пайымдауға арналған тапсырмалар  
топтамасынан тұрады.

**ӘОЖ 811.512.122(075.8)**

**КБЖ 81.2 Қаз - 923**

**ISBN 978-601-7436-53-7**

© АЭЖБУ, 2015

Советова З.С., 2015

## АЛҒЫСӨЗ

Бакалавр деңгейіндегі студенттерді дайындауда қазақ тілі пәні – жалпы білім беру пәндерінің ішінде міндетті түрде оқылатын пәндердің бірі. Осыған байланысты біліктілік деңгейі әлемдік стандарттарға сәйкес келетін, бәсекеге қабілетті жоғары білімді сапалы мамандарды даярлаудағы негізгі көрсеткіштердің бірі – олардың мемлекеттік тілді толық меңгеруі мен оны тәжірибе жүзінде қолдана алуы.

Ұсынылып отырған оқу құралы техникалық жоғары оқу орындарының барлық мамандықтарында орыс тілінде білім алып жатқан тіл үйренушілерге арналды. Оқу құралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 14.02.2011 жылғы № 14 бұйрығымен бекітілген «Қазақ тілі» жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне арналған типтік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды. Оқу құралын құрастырудағы басты мақсат – мемлекеттік стандарт талаптарына сай тіл үйренушілердің қазақ тілін еркін меңгеріп, ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру.

Оқу құралында әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық-саяси, ресми, іскерлік қарым-қатынас тілін үйрету бағытындағы тақырыптар қамтылған. Құрылымы мәтіндер мен оны меңгеруге арналған жаттығулардан, қарым-қатынас формаларын дамытатын түрлі жағдаяттарға пікірлесіп, пайымдауға арналған тапсырмалар топтамасынан тұрады. Оқу құралындағы лексикалық тақырыптар мен грамматикалық минимумдарды игеруге арналған жаттығулар жүйесі, тіл дамытуға қатысты тапсырмалар студенттерді ойландыру, өз пікірін, өз көзқарасын қалыптастыру мақсатына лайықталып іріктелді. Сол себепті оқу құралындағы ғұламалардың ұрпақтан ұрпаққа қалдырған қанатты сөздері, нақыл сөздері, белгілі адамдардың тақырыпқа байланысты пікірлері, өлеңдері сияқты қызықты материалдар кеңінен қамтылды. Кейбір тақырыптар оқыту кешенінің түрлеріне сай қарастырылып, әр тақырыптың соңында бақылау сұрақтары «Біліміңізді тексеріңіз!» айдарымен берілді.

Сондай-ақ, атаулы оқу құралында тілді үйретудің әлемдік практикасында ең тиімді бағыт ретінде деңгейлер бойынша оқытып үйретудің әдістемесі басты назарға алынып, негізгі стандартты (B<sub>2</sub>), негізгі стандарттан жоғары (C<sub>1</sub>) деңгейлік жүйеде оқытудың бағыттары одан әрі тереңдетіле түсті. Сонымен қатар студенттерге іскерлік хат жазысу мәдениетін меңгертіп, оларды сауатты құрастыра, жаза және толтыра білуге, жарнама мәтіндерін құрастыруға, өз мамандығы бойынша мақала, аңдатпа, пікір, эссе жазуға машықтандыруды қамтамасыз етеді. Тақырып бойынша мазмұны ұқсас тапсырмалар тіл үйренушінің жүйелі ой дағдысы мен сөйлеудегі қатынас түрлерін арттыру үшін, сөздік қорының берік қалыптасуы үшін берілді. Осымен байланысты «Сіз білесіз бе?», «Оқыңыз, қызық!», «Ұлылардан қалған сөз», «Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!», «Келіңіз, сөйлесейік!» т.б. айдарларында берілген тапсырмалар тіл үйренушінің қызығушылығын арттырады.

Тіл үйренуші болашақ мамандарға мемлекеттік тілді меңгеру барысында атаулы оқу құралының көмегі тиер деген үміттеміз.

## 1 Заман және заң

### 1.1 Адам – басты құндылық

Адам – белгілі бір қоғамның мүшесі. Ол қандай болмасын бір іспен айналысады, оның білімі, тәжірибесі, өзіне тән ерекшеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны жеке адам етеді. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі дүниетанымынан, талғамынан, қабілетінен, бағытынан, сенімінен т.б. байқалады.

Жеке адамның қалыптасуы оның әрекеттену және басқа адамдармен ой алмасу процесінде өтеді. Бұл процесс жеке адамның басқа қоғам мүшелерімен араласуымен, өзінің әрекетімен мінез-құлқын қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асады. Соның арқасында адамдардың өзін-өзі тану қабілеті жетіледі.

Адам өмір сүріп, іс-әрекет жасап отырған қоғамның мәні, даму деңгейі, сипаты жеке адамның қалыптасуына маңызды рөл атқарады. Ғылымда бұл факторды макроорта дейді. Екінші – микроорта. Оған макроортаның нақты адаммен тікелей байланыста болатын бөлігі, яғни отбасы, ұжымы, араласатын ортасы жатады. Үшіншісі – білім және тәрбие. Төртіншісі – өзін-өзі тәрбиелеу. Осы аталған факторлардың мән-мағынасы, өзара байланысы адам болмысын қалыптастырады.

1-тапсырма. «Адам – басты құндылық» мәтінін оқып шығып, пікіріңізді білдіруге тырысыңыз. Өзіңіз қандай ой қосар едіңіз?

2-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Адамның құндылығы қалай қалыптасады? Отбасына, қоғамға, мінез-құлыққа қатысты мәселелерді талқылаңыз.

2. Сіздің бойыңызда қандай құндылықтар қалыптасқан?

3. Берілген тіркестерді пайдалана отырып, өзіңіздің өмірлік құндылығыңызға талдау жасап көріңіз: *адамдарға пайдалы болу, адамдармен қарым-қатынаста болу, мұқтаж жанға қол ұшын беру, қоғамға пайда әкелу.*

3-тапсырма. Мына сөздерді қолдана отырып, төменде берілген нақыл сөздердің мағыналары туралы өз пікіріңізді білдіріңіз.

*Меніңше, ... .. .*

*Менің ойымша, ... .. .*

*Мен бұл пікірге қосыламын, өйткені ... .. .*

*Әрине, бұл ... .. .*

Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады.

*А. Құнанбаев*

Адамның шын мағынасымен «Адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбай жалпы адамзатты сүюі шарт.

*М. Жұмабаев*

Адамның асқан сұлулығы – оның сезімталдығы, қарапайымдылығы, тілектестігі, ниеттестігі.

*В.А. Сухомлинский*

### **Функционалдық стильдер**

Қазіргі қазақ әдеби тілінің мынадай стильдік тармақтары бар:

1) *ауызекі сөйлеу стилі* сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым, тақырып аясы өте кең, адам өмірінің барлық жағын да қамтуы мүмкін. Сөйлеу стилінің лексикасында тұрмыстық қарапайым лексика да, варваризмдер де, әдеби сөйлеу лексикасына тән сөздер де болады. Ауызша сөйлегенде сөздердің орын тәртібі жазба тілдегідей қатаң сақтала бермейді;

2) *ресми ісқағаздары стиліне* әртүрлі мекемелерде жүргізілетін құжаттардың тілі жатады. Олар: өтініш, қолхат, сенімхат, анықтама, бұйрық, хаттама т.б. Ресми ісқағаздары қалыптасқан белгілі бір тілдік үлгі, форма бойынша жазылады. Оның бұрыннан жаттанды болған, тұрақты қолданылатын сөздері мен сөз тіркестері, сөйлем үлгілері болады;

3) *публицистикалық стильге* газет-журналдардың тілі, әртүрлі мақалалар, очерктер жатады. Публицистикалық шығармада еліміздің ішкі-сыртқы саясатына, қоғамдық құрылысына, экономикалық жағдайы мен дамуына, ғылыми техникалық прогрестің артуына, мәдениеттің өркендеуіне т.б. байланысты жалпы халық үшін мәні зор мәселелер көтеріліп талданады. Ол ықпалды, әсерлі, сенімді түрде жеткізіледі;

4) *көркем әдебиет стилі* – проза, поэзия, драматургия салаларында жазылған көркем шығармалардың стилі. Онда тіл ерекше экспрессивтік-эстетикалық қызмет атқарады. Оқушының сезіміне әсер ету үшін, ойды образды түрде жеткізу үшін көркем шығармада көбінесе сөздер тура мағынада емес, ауыспалы мағынада, астарлы түрде қолданылады. Сондықтан көркем әдебиет тілі – бейнелі, мәнерлі тіл, түрлі бояулы, сезімге әсер ететін тіл;

5) *ғылыми стиль* – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Ғылыми мақалалар, реферат, курстық, дипломдық жұмыстар т.б. ғылыми стильде жазылады.

Осы стильдердің жалпы атауы *функционалдық стиль* деп аталады. «Функционалдық» сөзі стильдердің қай салада қандай мақсатпен жұмсалатындығын білдіреді (1 кесте). Функционалдық стильдердің негізгі белгілерінің бірі – олардың әрқайсысына тән, қалыптасқан, дайын стандарт тілдік бірліктердің болуы.

1 кесте – Стиль түрлері мен ерекшеліктері

<i>Стиль түрлері</i>	<i>Қолданылу аясы</i>	<i>Стильдік ерекшеліктері</i>	<i>Ауызша түрі</i>	<i>Жазбаша түрі</i>
Ауызекі сөйлеу стилі	Тұрмыста, отбасында, достық қарым-қатынаста	Еркіндік, эмоциялық, экспрессивтік-бағалауыштық	Диалог, әңгімелесу	Пьеса, хат, көркем шығармадағы төл сөз, кино сценарийі
Ресми іс қағаздар стилі	Басқару, әкімшілік, құқықтық сала	Ресмилік, нақтылық, дәлдік	Ресми қарым-қатынастың ауызша түрінде, келіссөздер жүргізілгенде, сот процесінде, жиналыстарда, түрлі кеңестер мен отырыстарда т.б. сөйленетін сөздер	Барлық ісқағаздары мен құжаттар
Публицистикалық стиль	Бұқаралық-ақпарат құралдарында	Сендіру, бағалау	Теле-радио бағдарламаларында, жиналыстарда сөйленетін сөздер	Баспасөз беттеріндегі материалдар (мақала, репортаж т.б.)
Көркем әдебиет стилі	Әдебиет пен өнер саласында	Образдылық, еркіндік, бағалағыштық, эмоционалдылық-экспрессивтілік	Өлең оқу, цитаталар келтіру, әзіл-қалжың айту т.б.	Көркем шығармалар
Ғылыми стиль	Ғылым мен техникада, оқу процесінде	Нақтылық, дәлдік, логикалық жүйелілік	Лекция, баяндама, диалог т.б.	Оқулықтар, ғылыми кітаптар, ғылыми мақалалар, диссертация, реферат, конспект, курстық, дипломдық жұмыстар т.б.

4-тапсырма. Берілген мәтіндерді стиль түрлеріне ажыратыңыз.

1. «Алтай өңіріне алпыс жылдан бері дәл осындай қалың қар жауғанын көрген жоқпыз», - деседі қариялар. Расында да, бас көтертпей жауғаны соншама – есіктің алды, қораның маңындағы қарды тазалап үлгере алмайсың. Ауыл-үйдің арасына күреп жалғыз аяқ жол салудың өзі – азабы мол жұмыс... Күннің көзі жылт етіп ашыла қалса, аппақ қардың астында бүк түсіп, қаздың жұмыртқасындай томпайып-томпайып тілсіз жатқан үйлерді, сол үйлердің қар кептелген мұржасынан жұлындай көтеріліп, жуастау будақтаған түтінді көріп, бұл ауылдың адамдары қарға тұншығып өліп қалмағанына тәуба жасайсыз.

2. Желі деп дербес компьютерлердің және де принтер, модем, факсимильдік аппарат тәрізді есептеу құрылғыларының бір-бірімен байланысқан жиынын айтады. Желілер әрбір қызметкерге басқалармен мәлімет алмасып құрылғыларды ортақ пайдалануға, қашықта орналасқан қуатты компьютерлердегі мәліметтер базасымен қатынас құруға және тұтынушылармен тұрақты байланыс жасауға мүмкіндік береді.

3. Үстіміздегі жылдың 27 қараша күні дәстүр бойынша АЭЖБУ қазақ және орыс тілдері кафедрасының ұйымдастыруымен I курс студенттері арасында қазақ тілінен университетішілік олимпиада болып өтті. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту, әр мамандықта оқитын дарынды және талантты студенттерді анықтау мақсатында өткізілген білім сайысына 38 студент қатысты. Олимпиадада студенттер екі кезең бойынша бақ сынасты.

4. Электр стансасы дегеніміз – электр энергиясын өндіретін өнеркәсіп кәсіпорны. Қазақстанда және басқа да экономикасы дамыған ірі елдерде энергияның негізгі көлемі (80-84 %-ы) ЖЭС-те өндіріледі. ЖЭС тұтынушыларды электр энергиясымен, бу және ыстық сумен қамтамасыз етеді.

5-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ қойып, мәтінді толық түсінуге тырысыңыз. Мәтіннің қай стильде жазылғанын анықтаңыз.

### **Құжаттың адам өміріндегі рөлі**

Адамзат баласының өмірі, тыныс-тіршілігі, қоғамдағы орны құжаттармен тікелей байланысты. Адам баласы дүние есігін ашқан сәттен бастап қоғамның бір мүшесі ретінде өзін тек құжат жүзінде ғана растай алады. Оның алғашқы құжатының бірі болып тууы туралы куәлігі саналады. Уақыт өте келе оған мемлекет 16 жас, яғни кәмелеттік жасын анықтайтын құжат ретінде төлқұжат береді. Білім саласында мектепті бітіргендігі туралы ақпаратты орта білім туралы аттестатпен растайды. Бұдан кейін білім жалғасы арнайы орта білім туралы немесе ЖОО-ны бітіргені туралы дипломдарымен дәлелденеді. Ал адам баласының еңбек жолын бастағандығы туралы мәліметті еңбек кітапшасы айғақтайды. Өмірдің түрлі жағдайында әр адамға түйіндеме, өмірбаян, өтініш т.б. жазуға, қолхат, сенімхат сияқты құжаттарды рәсімдеуге тура келеді.

Бүгінгі заманға сай, нарықтық экономикада бәсекелестікке тұра алатындай кез келген болашақ маман иесі өмірде өз іскерлігін таныта білу үшін жеке тұлғаға байланысты құжаттарды мемлекеттік тілде сауатты құрастыра, жаза және толтыра білуі қажет.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Құжат* – «куәлік», «дәлелдеу тәсілі» деген мағына беретін термин. Бүгінгі қолданыста «құжат» ұғымының үш мағынасы бар: 1) қандай да бір фактіні не бір нәрсеге деген құқықты растайтын ісқағазы; 2) жеке басты ресми түрде куәландыратын құжат; 3) бір нәрсе туралы жазбаша куәлік.

6-тапсырма. Аударыңыз. Стилль түріне ажыратыңыз.

АО «Казахтелеком» объявляет конкурс кандидатов на вакантные должности:

- электромонтер по ремонту и обслуживанию электроустановок 4 разряда;

*Требования к квалификации:* среднее специальное техническое образование; необходимо наличие группы по электробезопасности не ниже третьей; знание инструкции, руководства, методических и других материалов по эксплуатации оборудования электропитающих устройств; методов монтажа, регулировки, наладки и ремонта энергетического оборудования; правил техники безопасности и охраны труда; правил пожарной безопасности;

- ведущий бухгалтер.

*Квалификационные требования:* высшее профессиональное (финансово-экономическое) образование; стаж работы в должности бухгалтера не менее 2-х лет; знание законодательных и иных нормативно-правовых актов Республики Казахстан, методических материалов по организации бухгалтерского учета имущества, обязательств и хозяйственных операций и составлению отчетности.

Оплата: по договоренности. Резюме предоставлять для собеседования или отправлять по факсу 250-70-08. Справки по телефону: 261-85-08, 262-86-25.

7-тапсырма. Рөлге бөліп оқыңыз. Қай стилльде жазылғанын анықтаңыз.

- Ақкенже, ренжімесен, маған көмектесіп жіберші.

- Айтөре, қандай көмегім керек?

- «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясында конкурстық негізде қабылдайтын инженердің бос қызмет орны бар екен. Мен сол конкурсқа қатысайын деп едім. Соған түйіндеме дайындау керек.

- О-о-о! Бұл жақсы жаңалық қой. Түйіндемеде өзің туралы мәліметтерді толық, бірақ нақты етіп беруге тырыс.

- Міне, жазған түйіндемеді қарап шықшы, өзім туралы жалпы ақпараттарды толық берген сияқтымын. Тағы да не қосуға болады?

- Қане, қарап шығайын... Сен өзіңнің жеке қасиеттеріңді көрсетпепсің. Бұл – өте маңызды.

- Сен қалай ойлайсың? Қандай жеке қасиеттеріңді жазуға болады?

- Айтөре, сенің бойыңда жақсы қасиеттер өте көп. Мысалы: өз ісіңе жауаптысың, ұжыммен жұмыс істей білесің, сондай-ақ ұйымдастырушылық қабілетің де бар. Меніңше, осы жақсы қасиеттеріңнің бәрін толық жазуың керек.

- Көмегіңе рақмет, Ақкенже!

- Оқасы жоқ.



## Стандарт тілдік бірліктердің ресми ісқағаздар стиліндегі қолданысы

Стандарт тілдік бірліктерді ақпараттық, қажеттілік сипаты бар коммуникативтік мақсатқа сай қолданылатын дайын тілдік формула ретінде тануға болады. Бұл тілдік формуланың ұтымды жағы: 1) қолданысқа дайын; 2) үнемді; 3) үйреншікті.

Ісқағаздарында жиі қолданылатын стандарт тілдік бірліктерді формасына қарай 5-ке бөлуге болады:

1) *стандарт сөздер*. Ісқағаздар тіліндегі стандарт сөздерге, ең алдымен, ісқағаздарының атаулары жатады: *түйіндеме, өмірбаян, өтініш, қолхат, сенімхат, бұйрық, хаттама* т.б. Сонымен қатар атау тұлғада келетін стандарт сөздер жатады: *аты-жөні, ұлты, білімі, азаматтығы, мекенжайы* т.б. Бұйрық рай тұлғалы стандарт сөздер: *бекітілсін, тағайындалсын, жіберілсін* т.б.;

2) *стандарт сөз тіркестері*. Ісқағаздар тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің көпшілігі ісқағаз атауларымен тіркесіп келеді: *өтініш жазу, жұмысқа қабылдау, бұйрықпен танысу* т.б. Есімді сөз тіркестері: *кәсіби тәжірибесі, күн тәртібі, кезектен тыс демалыс* т.б.;

3) *стандарт құрылымдар*. Мысалы: *басқа қызметке ауысуына байланысты, алдын ала қамтамасыз етілсін, бұл мәселеге байланысты жауапкершілік, Сіздің өтінішіңіз бойынша* т.б.;

4) *стандарт сөйлемдер*. Құжат мәтінінде қолданылатын сөйлемдердің белгілі бір бөлігінің немесе толық құрылымының стандартқа айналуы. Мысалы: *Қажетті мәліметтерді жіберуіңізді сұраймын. Сенімхат берілген күннен бастап бір жылға жарамды* т.б.;

5) *стандарт мәтіндер*. Стандарт мәтіндерге бланк, кесте, сауалнама сияқты белгілі бір формаға түсірілген құжаттар мен мәтіні трафаретті болып келетін немесе мазмұны қайталанып келетін мәтіннен тұратын ісқағаздарының *өтініш, сенімхат, қолхат, бұйрық, анықтама* т.б. түрлері жатады.

8-тапсырма. Түйіндеме мәтінімен танысыңыз.

### Түйіндеме

*Түйіндеме* – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін ісқағазының бір түрі.

Түйіндемеде, әдетте, жоғары немесе арнаулы оқу орнын бітіргеннен кейін жұмысқа тұру мақсатында немесе істеп жүрген қызметінен басқа өзіне лайық қызмет іздеген жағдайда, бос орынға жарияланған конкурсқа құжат тапсырған кезде т.б. да көптеген жағдайда жазылады.

Жазылған түйіндеме оның иесі туралы толық мәлімет беру үшін, онда білімі, біліктілігі, жеткен жетістігі, жұмыс тәжірибесі, не нәрсеге икемділігі бар екені айтылуы керек. Түйіндеме жазудағы басты мақсат – өз өмірбаяны мен білімін, жұмыс тәжірибесін, жеке басының қасиеттерін ұтымды көрсете білу. Осы арқылы ойлаған жұмыс орнына қол жеткізу.

9-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.  
 түйіндеме – резюме  
 азаматтығы – гражданство  
 отбасы жағдайы – семейное положение  
 өзі туралы мәлімет – сведения о себе  
 кәсіби тәжірибесі – профессиональный опыт  
 ғылыми атағы – ученое звание  
 ғылыми дәрежесі – ученая степень  
 тілдік дағдылары – языковые навыки  
 компьютерлік сауаттылығы – компьютерная грамотность  
 негізгі (қосымша) мәліметтер – основные (дополнительные) сведения  
 жеке қасиеттері – личные качества  
 ұйымдастырушылық қабілет – организаторские способности  
 басқарушылық қабілет – лидерские способности  
 адамдармен қарым-қатынас орнатуға бейімділік – коммуникабельность  
 жауапкершілік – ответственность

10-тапсырма. Берілген үлгі бойынша өз түйіндемеңізді жазыңыз.

*Үлгі:*

#### Түйіндеме

Өскемен қаласы,  
 Тәуелсіздік даңғылы, 15-үй, 25-пәтер  
 үй телефоны: 54-09-65,  
 ұялы телефоны: 8-777-455-78-98  
 e-mail: m.amanzholova@mail.ru

#### Аманжолова Меруерт Амантайқызы

Өзі туралы мәлімет	Туған күні, айы, жылы: Туған жері: Ұлты: Жынысы: Отбасы жағдайы: Азаматтығы:	14.02.1974 ж.  Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласы қазақ әйел тұрмыста Қазақстан Республикасы
Үміттеніп отырған орны:		Астана қаласындағы жоғары оқу орындарындағы оқытушылық құрамының бос қызметіне орналасу
Білімі Бітірген оқу орындары	жоғары 1996-1998 жж.	Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің магистранты. Біліктілігі: филология магистрі

	1992-1996 жж.	Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті филология факультетінің студенті. Біліктілігі: филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы, филология бакалавры
Кәсіби тәжірибесі	2007 жылдан осы уақытқа дейін 2000-2007 жж.	С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының доценті С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті практикалық қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы
Ғылыми дәрежесі	1998-2000 жж.	№43 қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жетістіктері	2008 ж.	филология ғылымдарының кандидаты
Тілдік дағдылары:	2011 ж.	ЖОО-ның үздік оқытушысы
Компьютерлік сауаттылығы:		қазақ тілі – ана тілі, орыс тілі – жетік, ағылшын тілі – еркін
Жеке қасиеттері:		Internet, Microsoft Office: Word, Excel, FrontPage, PowerPoint
Қызығушылығы:		Ұйымдастырушылық және басқарушылық қабілет
Қосымша ақпараттар:		Кітап оқу, спорт, саяхат А, В категориялары бойынша машина (көлік) жүргізу куәлігім бар.

05.01.2015 ж.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Түйіндеме* «айтылған я жазылған мәселенің қысқаша түйіні» деген мағына береді.

Бүгінгі нарық заманында мемлекеттік органдарға, фирмалар мен кәсіпорындарға қызметкерлер қабылдау үшін түйіндеме талап етеді. Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер қысқа әрі нақты түрде беріледі. Сауатты әрі толық жазылған түйіндеме Сіз туралы жақсы әсер қалдырады. Бұл өзіңіз қалаған жұмысты тезірек табуға көмектеседі.

11-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жақсы ... . Компьютермен жұмыс ...  
... . Қоғамдық жұмыстарға белсене ... . Жеңіл машина жүргізе ... . Театрға,  
спорт жарыстарына барғанды ... .

12-тапсырма. Төмендегі сөздерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыз. Мағыналық ерекшеліктерін түсіндіріңіз.

Жұмыс істеу, ұқыпты, бітіру, басқару, білімді, дәреже, беделді, дарынды, туған жер, еңбекқор, сыпайы, салмақты.

13-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

### **Сұхбаттасудан қалай өтеміз?**

Түйіндемеңізді таратып, өзіңізге лайықты қызметті іздестіріп, таптыңыз делік. Келесі кезекте жұмыс беруші жаңа маманды жұмысқа алмас бұрын оны сұхбаттасуға шақырады.

Төменде бірнеше кеңестер берілген, оларды есте сақтап қалсаңыз, өзіңіз қалаған жұмысқа тұрып кетуіңіз әбден мүмкін.

*Сұхбаттасуға алдын ала дайындалыңыз.* Ақпарат көздерінен жаңа маман іздестіріп жүрген мекеме туралы бар ақпаратты қараңыз. Сұхбаттасуға бармас бұрын түйіндемеңізге бір қарап, өзіңіз монолог дайындаңыз.

*«Адам көркі – шүберек»* демекші, сұхбаттасуға орынды киініп, көріну керек. Сырт келбетіңіз бен бет-әлпетіңіз үміттеніп отырған қызметке сәйкес болу керектігін естен шығармаған жөн.

*Кешікпеңіз.* Белгіленген уақыттан ертерек барыңыз. Еш уақытта кешікпеңіз. Егер де мекеме мекенжайын білмесеңіз, алдын ала ол жаққа қалай жетуге болатынын біліп алыңыз.

*Әдептілік сақтаңыз.* Сұхбат кезінде мұқият тыңдап, сөзді бөлмеңіз. Жұмыс беруші кіші болса да, «Сіз» деп сөйлеп, сыпайылық танытыңыз. Айналаңызға не сағатыңызға қарап, қайта-қайта ұялы телефоныңызды тексеріп отырмаңыз. Сұхбаттасу алдында ұялы телефонды сөндіріп тастаған дұрыс.

*Таныстыру.* Өзіңізді таныстырған кезде аты-жөніңіз және біліміңізбен қатар тәжірибеңіз туралы айта кетіңіз. Қызмет бабында қандай жетістіктерге жеттіңіз, бойыңыздағы қандай қасиеттеріңізді өзіңіз жоғары бағалайсыз, сол туралы айтқан жөн. Таныстырған кезде өтірік айтпаңыз, себебі өз сөздеріңізде өзіңіз шатасып кетуіңіз мүмкін.

*Өзіңізге сенімді болыңыз.* Қызметке деген құлшынысыңыз бен қызығушылығыңызды көрсетіңіз. Сұхбаттасу кезінде жұмыс берушіден мекеме туралы ақпарат алыңыз. Жаңа маманға қойылатын талаптарды талқылаңыз. Өз ойыңызды қосыңыз. Ең бастысы, сенімді болыңыз.

*Сұрақтарға дұрыс әрі нақты жауап беріңіз.* Жұмыс беруші Сізге жеке басыңыз бен біліктілігіңізден басқа да сұрақтар қоюы мүмкін. «Өмірде қандай қиындықтарға тап болдыңыз?», «Арманыңыздағы жұмыс қандай?», «Отбасын қашан құруды жоспарлайсыз?», «Өмірдің мәні не?» т.с.с. осы тектес сұрақтарға барынша шыдамдылық танытып, әдемі жауап беруге тырысыңыз.

*Қоштасу.* Сұхбат өз мәресіне келіп жеткенде, жұмыс беруші «Сұрақтарыңыз бар ма?» деп сұрауы мүмкін. Егер сауалдарыңыз болса, қойған жөн. Жоқ болған жағдайда, «Сұрағым жоқ, барлығы түсінікті. Алдағы күндері Сізден хабар күтемін. Танысқаным өте қуаныштымын. Сау болыңыз!» деп жылы жауап беріп, қоштасыңыз.

14-тапсырма. Берілген жағдаяттар бойынша сұхбаттасыңыз.

1. Сіз – мекеме басшысысыз. Бос қызмет орнына жаңа қызметші қабылдауыңыз қажет. Жұмыс іздеп келген үміткерді қабылдап, онымен сұхбаттасыңыз.

2. Сіз мекемеге жаңа қызметші қабылдадыңыз. Оны ұжыммен таныстырып, негізгі міндеттерін түсіндіріп беріңіз.

15-тапсырма. Өмірбаян мәтінімен танысыңыз.

### Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған ресми құжат.

Өмірбаян, әдетте, оқуға түсу, қызметке орналасу, басқа қызметке ауысу т.б. жағдайларда жазылады. Өмірбаян мәтіні «Мен» деп басталып, бірінші жақта, жекеше түрде баяндалады.

Өмірбаянда мыналар көрсетіледі:

- 1) құжаттың атауы;
- 2) аты-жөні (толық жазылады), туған жылы, күні, айы, туған жері, ұлты;
- 3) білімі, оқыған оқу орындары;
- 4) кәсіби тәжірибесі мен кәсіби біліктілігі;
- 5) қоғамдық-саяси қызметі;
- 6) қосымша мәліметтер;
- 7) отбасы жағдайы туралы мәлімет;
- 8) мекенжайы, қолы, құжаттың жазылған күні, айы, жылы.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

Тәжірибеде өмірбаян 3 түрлі болып жазылады.

*Өмірбаянның бірінші түрі* адамның өз өмірі мен қызметі туралы баяндауы. Бұл көбінесе қызметке орналасу кезіндегі жеке ісқағазына қоса тігілу үшін жазылады. Өмірбаянның бұл түрінің ерекшеліктері: 1) хронологиялық тәртіппен жазылады; 2) ресми стильде мәтін түрінде жазылады.

*Өмірбаянның екінші түрі* – мемуарлар, яғни ақын, жазушылардың, өнер, қоғам қайраткерлерінің өз өмірін қоғам өмірімен байланыстыра баяндауы. Бұл өмірбаянның ерекшеліктері: 1) жеке адам өмірімен ғана емес, сол кездегі қоғам дамуымен де таныстыруы; 2) көркем әдебиет стилінде жазылады. Мысалы: Д. Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» естелік-эссесі; Ш. Жиенкұлованың «Өмірім – менің өнерім» өмірбаяндық повесі; С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи-мемуарлық романы; Ғ. Мұстафиннің «Көзкөргендер» романы т.б.

*Өмірбаянның үшінші түрі* – ақын, жазушылардың, қоғамға белгілі қайраткерлердің өмірі мен шығармашылық, саяси қызметтері өз тарапынан емес, басқа біреулер тарапынан баяндалады. Өмірбаянның бұл түрінің ерекшелігі: 1) публицистикалық стильде жазылады. Мысалы: Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, М. Әуезов т.б. белгілі қайраткерлердің өмірлері мен қызметі туралы жазылған өмірбаян.

16-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

өмірбаян – автобиография

ұлты – национальность

еңбек қызметі – трудовая деятельность  
кәсіпорын – предприятие  
басқарма – управление  
ұйым – организация  
мекеме – учреждение  
қызмет, лауазым – должность  
маман – специалист  
мамандық – специальность  
мекенжай – адрес  
үйленген – женат  
үйленбеген – неженат  
тұрмысқа шыққан – замужем  
тұрмысқа шықпаған – незамужем

*Есте сақтаңыз!*

Реттік сан есім егер де араб цифрымен берілсе, *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнағының орнына дефис (-) қойылады. Мысалы: 3-курста оқиды. 11-сынып оқушысы.

Ал егер рим цифрымен берілсе, жұрнақтың орнына дефис қойылмайды: ХХІ ғасыр көшбасшысы, ІІ курс студенті, V том.

Жыл, ай аттарының алдынан араб цифры берілсе де, одан кейін дефис қойылмайды: 2012 жылы, 1 қыркүйек.

17-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

152-пәтер, 35-үй, 11-сыныпта, І курс студенті, ХХІ ғасыр, ХХХІІ томдық, 2014 жылы, 25 мамыр.

*Назар аударыңыз!*

2007-2011 жылдар аралығында – между 2007-2011 годами

2005 жылдан бері – с 2005 года

2007 жылдан бастап – начиная 2007 года

2012 жылғы қазан айының 15-і – 15-ого октября 2012 года

2012 жылғы қазанның 15-і – 15-ого октября 2012 года

2012 жылғы 15 қазан – 15-ое октября 2012 года

2012 жылғы қазан айының 15-іне дейін – до 15-ого октября 2012 года

2012 жылғы 15 қазанға дейін – до 15-ого октября 2012 года

2010 жылдан 2012 жылға дейін – с 2010 года до 2012 года

қазіргі уақытта – в настоящее время

18-тапсырма. Берілген үлгі бойынша өз өмірбаяныңызды жазыңыз.

*Үлгі:*

Өмірбаян

Мен, Маратов Ислам Ахметжанұлы, 1990 жылы 10 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында дүниеге келдім. Ұлтым – қазақ.

1996-2007 жылдар аралығында Өскемен қаласындағы №22 орта мектепте оқыдым. 2007 жылы Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті ақпараттық технологиялар және энергетика факультетінің 050718 – электр энергетикасы мамандығына оқуға түстім. 2011 жылы университетті үздік дипломмен бітіріп, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне магистратураға түстім. 2013 жылы «Электржетектің жүктемесін реттейтін микропроцессорлық жүйені құрастыру» тақырыбына магистрлік диссертация қорғадым. 2013 жылдан бүгінгі күнге дейін Астана қаласы Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаментінде бас инженер болып істеймін.

Ана тілім – қазақ тілі, орыс және ағылшын тілдерін жетік білемін. Компьютерлік программалармен жұмыс істей аламын.

Үйленгенмін, жұбайым – Маратова Айғаным Төлегенқызы 1992 жылы туған, Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің ақпараттық есептеу орталығында жетекші маман. Ұлым – Ахметжанов Қанат Исламұлы 2012 жылы туған.

Мекенжайым: 010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 24-үй, 56-пәтер. Үй телефоны: 69-56-79.

12.01.2015 ж.

И. Маратов

19-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Түйіндеме	Өмірбаян
<i>анықтамасы</i>	
<i>айырмашылығы</i>	
<i>ортақ белгілері</i>	

*Келіңіз, сөйлесейік!*

### Кеңседе

- Сәлеметсіз бе? Кешіріңіз, Сізден сұрауға бола ма?
- Иә, сұраңыз.
- Мен – Базарбаев Нұрдәулет Ерланұлымын. Кеше инженер қызметіне жұмысқа орналасу үшін өтініш жазып қалдырып едім. Қорытындысын білуге бола ма?
- Қазір, қарап берейін... Міне, Сіздің өтінішіңіз қаралыпты. Бастық қол қойыпты. Сіз жұмысқа қабылданыпсыз. Құттықтаймын!
- Өте қуаныштымын. Ықыласыңызға рақмет! ... ..?

- ... ..
- ... .. ?
- ... ..

20-тапсырма. Өтініш мәтінімен танысыңыз.

### **Өтініш**

Өтініш – азаматтардың жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, ресми түрде жазбаша баяндалатын, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы лауазымды тұлғаға бағытталған ресми құжат.

Өтініш оқуға түскенде, басқа оқу орнына ауысқанда, жатақханадан орын сұрағанда, қызметке орналасуда, демалыс сұрауда, қандай да көмек сұрауда, жұмыстан шығарда, бір қызметтен екінші қызметке ауысуда және тағы басқа жағдайларда мекеме басшысы атына белгілі бір тәртіп бойынша жазылады.

Ең алдымен, қағаздың оң жақ бұрышына кімге және кімнен екені жазылады. Онда мынадай мәліметтер болуы керек: мекеменің атауы, мекеме басшысының және өтініш иесінің қызметі, атақ-дәрежесі және аты-жөні (барыс және шығыс септіктерінде). Қағаздың ортасына құжат атауы және азат жолдан өтініштің мәтіні жазылады. Соңында өтініш иесінің қолы қойылады, күні, айы, жылы көрсетіледі.

Өтінішке мекеме басшысы бұрыштама қойғаннан кейін, сол өтініш бойынша бұйрық шығарылады.

21-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

өтініш – заявление

ауыстыру – перевести

бос орын – вакансия

босату, шығару – уволить

жалақысы сақталмайтын демалыс – отпуск без содержания

кезекті еңбек демалысы – очередной трудовой отпуск

кезектен тыс демалыс – внеочередной отпуск

өз еркім бойынша – по собственному желанию

отбасы жағдайыма байланысты – в связи с семейным положением

денсаулық жағдайыма байланысты – в связи с состоянием здоровья

сұраймын (өтінемін) – прошу

рұқсат етуіңізді (беруіңізді) сұраймын – прошу разрешить

қабылдауыңызды сұраймын – прошу принять

бекітуіңізді сұраймын – прошу утвердить

еңбек өтілі – стаж работы

22-тапсырма. Стандарт тілдік бірліктерді аударыңыз.

1. Прошу уволить

2. В связи с истечением срока договора

3. Прошу назначить

4. В связи с вакантной должностью



5. Прошу принять на работу
6. В связи с переходом на другую работу
7. Прошу освободить от занимаемой должности
8. В связи с нарушением трудовой дисциплины
9. Прошу оказать материальную помощь
10. В связи с переездом в другой город

*Назар аударыңыз!*

*Кімге:*

АЭЖБУ ректоры Қ. Бәкеновке  
 Электр энергетикасы факультетінің деканы В. Денисенкоға  
 «Алатау» жарық компаниясының директоры Е. Жанболатовқа

*Кімнен:*

ф.ғ.к., доцент Әділханов Жақсылық Асанәліұлынан  
 техник Қалиева Ақниет Абайқызынан  
 бас инженер Уәлиев Абылай Ғалымұлынан

23-тапсырма. Тиісті сөздермен толықтырыңыз.

Қажетті сөздер: *қабылдауыңызды, босатуыңызды, жіберуіңізді, беруіңізді, етуіңізді, ұзартуыңызды, қолдануыңызды.*

1	Өндірістен қол үзбей оқуға рұқсат ...	сұраймын (өтінемін)
2	Осы мәселе бойынша тиісті шара ...	
3	Мені энергетик қызметінен өз еркіммен ...	
4	Мені бас инженер қызметіне ...	
5	Маған кезектен тыс демалыс ...	
6	Еңбек келісімінің мерзімін ...	
7	Астана қаласына іссапарға ...	

24-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті нұсқаны таңдаңыз.

Жұмыстан босатуыңызды ...	а) сұраймын ә) барамын б) қабылдаймын
Өтініш көбінесе жеке адамның атынан ...	а) анықталады ә) таныстырылады б) жазылады
Денсаулығыма ... жеңіл жұмысқа ауыстыруыңызды өтініп сұраймын.	а) арқылы ә) байланысты б) сайын
Өтініш қолмен жазылып, жазған адамның ... қойылады.	а) мөрі ә) қолы б) бұрыштамасы

25-тапсырма. Жақшадағы сөздерді қазақ тіліне аударып, сұхбаттарды оқыңыз. Көлбеу қаріппен берілген сөздер мен сөз тіркестерін есте сақтаңыз.

- Сәлеметсіз бе, Сапар Ибраһимұлы, (разрешите войти?)  
- Сәлеметсіз бе! (Входите, присаживайтесь). Қал-жағдайыңыз қалай?  
- (Спасибо, хорошо). Мен *отбасы жағдайыма байланысты* 10 күнге ақысыз демалыс алайын деп едім.

- Не үшін *ақысыз демалыс* алайын деп едіңіз?
- Ұлым үйленгелі жатыр, соған (готовиться надо).
- (Поздравляю!) *Өтініш жазыңыз*, (я подпишу).
- Рақмет!

\*\*\*

- (На следующей неделе) мен кезекті еңбек демалысына шығайын деп едім.

- (Заявление) жаздыңыз ба?  
- Жоқ, жазған жоқпын, *бекітілген кесте бойынша* шықпаймыз ба?  
- Дұрыс, бекітілген кесте бар, сонда да (надо написать заявление), сол *өтініштің негізінде* бұйрық шығарылады.

\*\*\*

- Нұржан Әділұлы, маған *кезектен тыс демалыс* (прошу предоставить).  
- Не себепті?  
- Мен *екінші жоғары білім алу* үшін (в университет поступил).  
- Қай жоғары оқу орнына түстіңіз?  
- Алматы энергетика және байланыс университетінің сырттай оқу және мамандарды қайта даярлау факультетіне түстім.  
- (На какую специальность?)  
- 5B071800 – Электр энергетикасы мамандығына.  
- Жақсы екен. (На сколько дней отпуск) алғыңыз келеді?  
- Сессия (с 17 марта по 19 апреля).  
- Ендеше мерзімін көрсетіп, өтініш жазыңыз.

26-тапсырма. Өтініш үлгісімен танысыңыз.

Үлгі:

«Кегос» ұлттық компаниясының  
президенті Б. Жұмағұловқа

Алматы қаласы, Райымбек даңғылы,  
241-үйде тұратын Жамбылов  
Жомарт Омарғалиұлынан

Өтініш

Мені 2015 жылдың 3 ақпанынан бастап энергетик қызметіне қабылдауыңызды сұраймын.

02.02.2015 ж.

Ж. Жамбылов

27-тапсырма. Төменде берілген түрлі тақырыпта өтініш жазуға қажетті сөздер мен сөз тіркестерінен өтініш мәтінін құрастырыңыз.

1. Кезекті// демалысына// сұраймын// еңбек// осы жылғы// рұқсат// етуіңізді// 2015 жылғы// бастап// шығуыма// 25 маусымнан.

2. Отбасы// 25 ақпанынан// тыс// 2015 жылдың// 6 наурызына// кезектен// беруіңізді// дейін// жағдайыма// демалыс// сұраймын// байланысты.

3. Еңбек// сұраймын// ұзартуыңызды// менің// 30 маусымға// мерзімін// келісімімнің// дейін// 2015 жылғы.

4. Өтінемін// 5 наурызынан// еркіммен// мені// өз// инженер// босатуыңызды// бастап// 2015 жылдың// қызметінен.

28-тапсырма. Берілген жағдаяттар бойынша өтініш жазыңыз.

1. Жатақханадан орын сұрап, тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор атына өтініш жазыңыз.

2. Денсаулығыңызға байланысты академиялық демалыс сұрап, университет ректоры атына өтініш жазыңыз.

3. Отбасы жағдайыңызға байланысты кезектен тыс демалыс сұрап, мекеме басшысы атына өтініш жазыңыз.

4. «Экспресс К» газетінде жарияланған хабарландыруға сәйкес өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау кафедрасының аға оқытушысы бос лауазымдық орнына конкурсқа қатысу туралы өтініш жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. «Адам – басты құндылық» дегенді қалай түсінесіз?

2. Қазақ әдеби тілінің қандай стильдік тармақтары бар?

3. Стильдердің қолданылу аясын, қызметін т.б. да ерекшеліктері туралы айтыңыз.

4. Құжаттың адам өміріндегі рөлі қандай?

5. Сұхбаттасуға қалай дауындалу керек?

6. Өмірбаян мен түйіндеменің айырмашылығы неде?

7. Өтініш қандай жағдайда жазылады?

## **1.2 Адамның құқықтық қорғалуы**

1995 жылы 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Онда адамның және азаматтың конституциялық мәртебесі, мемлекеттік билік пен мемлекеттің әлеуметтік базасы баяндалған.

Еліміздің Конституциясында: «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары», - деп жазылған.

Адам құқықтарының сақталуы, оларға деген құрмет бүкіл адам баласының жан-жақты дамуына мүмкіндік жасайды. Еліміздің әрбір азаматының құқығы мен бостандығының сақталуы, оны әрбір адамның біліп құрметтеуі – бостандықтың, әділдіктің және баянды бейбітшіліктің кепілі.

Әр жылдың 10 желтоқсанында Халықаралық қауымдастық Адам құқықтары күнін атап өтеді. 1948 жылдың дәл осы күнінде БҰҰ Бас Ассамблеясы Адам құқықтары жалпыға бірдей декларациясын қабылдады.



29-тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, адамның құқықтық қорғалуы туралы ой бөлісіңіз.

1. «Құқық» сөзін қалай түсінесіз?

2. Студент ретінде өз құқығыңызды білесіз бе?

3. Құқық қорғау, адам құқықтары, білім алу құқығы, құқықтық мемлекет, құқықтық жауапкершілік, құқығын асыра пайдалану тіркестерінің мағынасы қандай?

30-тапсырма. Сұрақтарға жауап беру арқылы кестені толтырыңыз.



31-тапсырма. Екі топқа бөлініп, пікірсайыс өткізіңіз.

<i>I топ</i>	<i>II топ</i>
Біздің елде адамның құқығы әрқашанда қорғалады...	Біздің елде адам құқығының қорғалмай жатқан тұстары көп...

32-тапсырма. Берілген сөздерге глоссарий құрастырыңыз.

*Конституция* –

*Құқық* –

*Адам құқықтары* –

*Келіңіз, сөйлесейік!*

- Асанәлі, бүгін сенің уақытың бола ма?

- Әрине, түстен кейін боспын.

- Ендеше, сенің маған көмегің қажет.

- Қандай көмегім керек?

- Екі-үш күнде Қазпошта арқылы менің атыма фирма құжаттары келуі тиіс. Ертең таңертең мен жұмыс бабымен іссапарға кетпекпін. Сол құжаттарды алып, хатшыға әкеп берсең, жақсы болар еді.

- Жарайды.

- Ол үшін жақын маңдағы нотариалдық кеңсеге барып, сенімхат рәсімдеуіміз қажет. Өзіңмен бірге жеке куәлігің бар ма?

- ... ..

- ... ..?

- ... ..

33-тапсырма. Сенімхат мәтінімен танысыңыз.

### Сенімхат

*Сенімхат* – сенім білдірілген тұлғаға сенім білдіруші атынан (кәсіпорын, азамат) қандай да бір іс-әрекетті жүзеге асыруға құқық беретін құжат.

Сенімхат екі түрлі болады:

1) мекеме атынан берілетін ресми сенімхаттар;

2) жеке тұлға атынан берілетін жеке сенімхаттар.

*Ресми сенімхаттар* мекеме өкіліне сол мекеме атынан мәміле жасауға, материалдық құндылықтар алуға немесе басқа да іс-әрекеттерді жүзеге асыруға беріледі. Ресми сенімхаттар мекеме бланкісіне рәсімделеді.

*Жеке сенімхаттар* жеке тұлға атынан беріледі. Онда сенім білдіруші сенім білдірілген тұлғаға өзінің орнына кез келген төлем түрлерін (жәрдемақы, зейнетақы т.б.) алуға, өтініш жазуға, қол қоюға, пәтер сатуға және сатып алуға, банктегі есептерді пайдалануға т.б. құқық береді.

Сенімхаттар белгілі бір мерзімге беріледі. Егер оның мерзімі көрсетілмесе, берілген күннен бастап бір жылға дейін өз күшін сақтайды. Сенімхаттар нотариалдық кеңседе куәландырылады. Нотариалдық кеңседе сенім білдірушінің жеке басы анықталады, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі тексеріледі. Ең алдымен, жолдың ортасынан құжат атауы жазылады. Содан кейін жазылған жері мен айы, күні, жылы көрсетіледі. Азат жолдан сенімхаттың мәтіні жазылады. Онда сенім білдірушінің және сенім білдірілген тұлғаның аты-жөні, мекенжайы, жеке басы куәлігінің нөмірі мен берілген орны және орындалуға тиісті іс-әрекет жазылып, сенім білдірушінің қолы қойылады. Сенімхат мәтіні дауыстап оқылып, тізбеге тіркеледі, тиісті мемлекеттік салық алынады және нотариустың қолы қойылып, кеңсенің мөрі басылады.

34-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

сенімхат – доверенность

сенім білдірілген тұлға – доверенное лицо

сенім білдіруші – доверитель

іс-әрекетке қабілеттілік – дееспособность

... дейін күшінде – в силе до ...

жеке басының куәлігі – удостоверение личности

жеке тұлға – физическое лицо

күшін жою – терять силу

мәміле жасау – совершать сделку

менің көзімше – в моем присутствии

менің атымнан – от моего имени  
менің орныма қол қою – расписаться за меня  
өкілетті етемін – уполномочиваю  
тізбе – реестр  
куәландырамын – удостоверяю

35-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

*Керекті сөздер:* сақтайды, тіркеледі, анықталады, куәландырылады, беріледі.

1. Ресми сенімхаттар мекеме атынан ... .
2. Сенімхат берілген күннен бастап бір жылға дейін өз күшін ... .
3. Сенімхаттар нотариалдық кеңседе ... .
4. Нотариалдық кеңседе сенім білдірушінің жеке басы ... .
5. Сенімхат тіркеу журналына ... .

36-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

1. Бір// сенімхат// дана// дайындалады// болып.
2. Жазылуы //сенімхаттың //мерзімі //жарамдылық //керек //жазбаша.
3. Төлемақы // үшін //сенімхаттардың //берілген //алу //3 //жарамдылығы //ай.
4. Мүлікті //жыл //сенімхаттардың //үшін //3 //берілетін //пайдалану //жарамдылығы.
5. Барлық //менің //орныма //құжаттарға // қоюға //өкілетті //қол //етемін.

37-тапсырма. Сенімхаттың үлгісімен танысыңыз.

*Үлгі:*

### Сенімхат

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы

Оныншы ақпан, екі мың он бесінші жыл.

Мен, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 56-үй, 68-пәтердің тұрғыны, ҚР ІІМ 2005 жылы 12 наурызда берген №044782377 жеке куәліктің иегері Жанабаев Жанатбек Әскербекұлы, осы сенімхат арқылы Алматы қаласы, Қабанбай батыр көшесіндегі 21-үйдің 25-пәтерінде тұратын, ҚР ІІМ 2007 жылы 18 сәуірде берген №068622755 жеке куәліктің иегері азамат Жанабаев Сапар Әскербекұлына өзімнің атыма жазылған пәтерімді (мекенжайы: Алматы қаласы, Манас көшесі, 47-үй, 7-пәтер) сату ісін жүргізуге сенім білдіремін.

Бұл үшін Жанабаев Сапар Әскербекұлына менің атымнан қол қоюға, осы іске байланысты басқа да әрекеттерді орындауына өкілетті етемін.

Сенімхат бір жылға берілді.

Сенім білдіруші \_\_\_\_\_ Жанабаев Жанатбек Әскербекұлы  
(қолы)

Осы сенімхатты мен, 2010 жылғы 30 қаңтарда ҚР Әділет министрлігі берген №0000216 лицензия негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының «Іскер» нотариалдық кеңсесінің нотариусы Серкебаева Жаннұр Мұратқызы, 2015 жылғы 10 ақпанда куәландырдым.

Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабілеттілігі тексерілді. Сенімхат мәтіні дауыстап оқылды. Сенімхатқа менің қатысуым кезінде азамат Жанабаев Жанатбек Әскербекұлы қол қойды.

Мөр орны № 9565 тізбеге тіркелді.

ҚР «Нотариат туралы» заңының 30-бап,  
2-тармақшасына сәйкес мемлекеттік баж төленді.

Нотариус \_\_\_\_\_ Ж. Серкебаева  
(қолы)

38-тапсырма. Екі қатарды сәйкестендіріңіз және аударыңыз.

1	Өзімнің атыма жазылған пәтерді	1	қол қойды
2	Менің атымнан қол қоюға	2	тексерілді
3	Сенімхаттың мәтіні	3	күшінде
4	Іс-әрекетке қабілеттілігі	4	дауыстап оқылды
5	Менің қатысуыммен	5	құқығын беремін
6	Мен үшін қол қою	6	сеніп тапсырамын
7	Сенімхат 1 жылға дейін	7	өкілетті етемін

39-тапсырма. Берілген жағдаяттар бойынша сенімхат жазыңыз.

1. Өз атыңызға пошта арқылы жіберілген 50000 теңгені алу үшін досыңызға сенімхат жазыңыз.

2. Өз атыңызға берілген жоғары оқу орнын бітіру туралы дипломды алу үшін курстасыңызға сенімхат жазыңыз.

40-тапсырма. Қолхаттың мәтінімен танысыңыз.

### Қолхат

*Қолхат* – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын ресми құжаттың бір түрі.

Құжат мәтінінде қолхат беруші мен қолхат алушының аты-жөні, мекенжайы, жеке куәліктерінің нөмірі және қолхат берушінің міндеттемелері көрсетіледі. Қолхатта ақша көлемі, алдымен, санмен, содан кейін сөзбен жазылып көрсетіледі. Кейде қолхатта қатысушы куәгерлер көрсетіледі. Ондай жағдайда куәгерлер қолхатқа өз қолдарын қойып растайды. Ақшаны немесе құнды дүниені қайтарған жағдайда қолхат жойылады.

41-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

қолхат – расписка

қолхат беруші – подписывающий

басқа талабым жоқ – других претензий не имею  
 жекеменшік – собственность  
 мерзімінде қайтаруға міндеттенемін – обязуюсь возвратить в срок  
 уақытында қайтармаған жағдайда – в случае невозврата в срок  
 қарыз – долг  
 мекенжайым өзгерген жағдайда – в случае изменения местожительства  
 міндеттемелер – обязательства  
 хабарлауға міндеттенемін – обязуюсь оповестить  
 пайыз төлеуге міндеттенемін – обязуюсь платить процент  
 сақталады – сохраняется  
 тараптардың қолы – подписи сторон  
 тіркелген – зарегистрирован  
 үш күн мерзім ішінде – в течение трех дней

42-тапсырма. Қолхаттың үлгісімен танысыңыз.

Үлгі:

### Қолхат

Мен, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 28-үй, 56-пәтер тұрғыны, ҚР ИМ 2000 жылы 16 ақпанда берген №111344032 жеке куәліктің иегері Оқасов Мекен Әлтайұлы, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 25-үй, 13-пәтерде тұратын азамат Назаров Ержан Мұқанұлынан 500 000 (бес жүз мың) теңге алдым.

Ақшаны 2015 жылғы 15 қыркүйекте қайтаруға, қайтармаған жағдайда 10 % көлемінде айып төлеуге, мекенжайым өзгерген жағдайда үш күн мерзім ішінде хабарлауға міндеттенемін.

2015 жылғы 15 қаңтар \_\_\_\_\_ М.Ә. Оқасов  
 қолы

Азамат Е.М. Нартаевтың міндетін орындауына басқа талабым жоқ.

2015 жылғы 15 қаңтар \_\_\_\_\_ Е.М. Назаров  
 қолы

43-тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

1	қолхат	1	міндеттенемін
2	мекенжайым	2	иегері
3	қайтаруға	3	талабым жоқ
4	басқа	4	беруші
5	жеке куәліктің	5	уақытта
6	келісілген	6	мерзім ішінде
7	бір ай	7	өзгерген жағдайда

44-тапсырма. Берілген сөз тіркестерінен сөйлем құраңыз.

Қолхат беру, қарызға ақша алу, үш күн мерзім ішінде, уақытша пайдалану, мерзімінде қайтару.



*Назар аударыңыз!*

Қайтаруға Пайыз төлеуге Хабарлауға	міндеттенемін
--	---------------

45-тапсырма. Берілген жағдаяттар бойынша қолхат жазыңыз.

1. Көршіңізден қарызға 250 000 теңге алғаныңыз және белгіленген уақытта қайтаратыныңыз туралы қолхат беріңіз.

2. Кадрлар бөлімінен еңбек кітапшаңызды уақытша алғаныңыз туралы қолхат жазыңыз.

3. Өзіңіз жұмыс істейтін мекемеден уақытша пайдалануға компьютер алғандығыңыз туралы қолхат жазыңыз.

46-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Қолхат	Сенімхат
<i>анықтамасы</i>	
<i>айырмашылығы</i>	

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Құқықтың қандай түрлері бар?
2. Студент неге құқылы?
3. Сенімхат қандай құжат түріне жатады?
4. Сенімхат пен қолхаттың айырмашылығы неде?
5. Қолхатта қандай міндеттемелер көрсетіледі?

### **1.3 Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл туралы мәртебені 1989 жылы 22 қыркүйекте алды. 1995 жылы Қазақстан Республикасының Ата Заңында бұл мәртебе түбегейлі бекітілді. Қазақстан Республикасының 1997 жылы 11 шілдеде шыққан «Тіл туралы» Заңында: Қазақстан халқын топтастырудың маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», - деп жазылған (Заңның 4-бабында).

Тіл мәселелерін шешу – ұлтаралық достықтың, қоғамдық келісімді нығайтудың маңызды факторы болып табылады. Барлық ұлттардың тілдерін дамыту мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі.

Мемлекеттік тілді қолдану мен дамытудың рөлі ерекше. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобынан тарайды. Қазақ тілінің сөздік құрамы өте бай. Оның құрамында төл сөздермен қатар кірме сөздер де бар. Кірме сөздердің қатары негізінен моңғол, араб, парсы, орыс тілдерінен енген. Басқа түркі тілдері сияқты қазақ тілі де жалғамалы (агглютинативті) тілдер тобына жатады. Қазақ тілінде үндестік заңы қатал сақталған.

47-тапсырма. «Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы» мәтінін оқып, мазмұнын баяндаңыз.

48-тапсырма. Тіл туралы айтылған асыл сөзді жаттап алыңыз.

*Қазақ тілі* – дүние жүзіндегі ең бай, бедерлі де, бейнелі тілдердің бірі. Ол күні кешегі «*Өнер алды – қызыл тіл*» деп ұққан көшпенділердің, ердің құнын екі ауыз сөзбен тындырған көшелі билердің тілі.

Қ. Жұмаділов

49-тапсырма. Мәтінді оқып, ойды жалғастырыңыз.

### **Тіл – ұлттың жаны**

Н.Ә. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан», - деп айтқандай, тіл – мемлекеттің елдігін айқындайтын басты белгілердің бірі.

Тіл – адам баласының ғана емес, ұлттың, халықтың, қоғамның болмысын көрсететін құбылыс. Адамзаттық құндылықтар қатарында тіл ғылымнан да, мәдениет пен өнерден де бұрын аталады. Ғылым да, мәдениет те, өнер де, материалдық игіліктер де, саясат та тілдің қатысуымен жасалады...

50-тапсырма. Төменде берілген қазақ тілінің байлығы туралы атақты ғалымдардың пікірлерін оқып, аударыңыз.

Түркітанушы П.М. Мелиоранскийдің 1894 жылы шыққан «Краткая грамматика казахско-киргизского языка» еңбегінде: «Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ең таза әрі бай тілдер қатарына жатады. Қазақтар – шешен әрі әдемі сөйлеудің үлкен шебері», - деп бағалайды.

Атақты түркітанушы В.В. Радловтың 1893 жылы Санкт-Петербургте шыққан «Опыт словаря тюркских наречий» еңбегінде: «Қазақтар қашан да мүдірмей, кідірмей ерекше екпінмен сөйлейді. Өз ойын дәл және айқын ұғындыра сөйлейді. Тіпті, ауызекі сөйлеп отырғанның өзінде оның сөйлемінің ой-кестесі өлең жолдары мен шумақтар секілді ұйқасып келетіндігі сонша, нағыз өлең екен деп таңғаласың», - деп қазақ тілінің байлығын жоғары бағалаған.

Поляк саяхатшысы А. Янушкевич өз күнделігінде: «Қазақтардың шешендік өнерін иен далада көшіп жүрген халықтың ортасында өз құлағыммен тыңдадым... Олардың жыры жаныма жылы тиіп, жүрегімнің қылын қозғады», - деп жазады.

*Сіз білесіз бе?*

*Қазақ тілі* – әлемдегі алты мыңға жуық тілдің ішіндегі қолдану өрісі жағынан жетпісінші орын алады, ал тіл байлығы мен көркемдігі, оралымдығы жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік мәртебеге ие екі жүз тілдің қатарында тұр.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

Мақалдарды пайдалана отырып, тіл өнері туралы өз ойыңызды баяндаңыз.

Өнер алды – қызыл тіл.	Сөз тапқанға қолқа жоқ.
Қаһарлы сөз қамал бұзар.	Тіл – көңілдің кілті.
Жақсының өзі өлсе де, сөзі өлмейді.	Жүйелі сөз – киелі.
Көре-көре көсем боласың, Сөйлей-сөйлей шешен боласың.	Тіл тас жарады, Тас жармаса, бас жарады.

51-тапсырма. Мақал-мәтелдердің орыс тіліндегі баламасын тауып, жаттап алыңыз.

1	Айтылған сөз – атылған оқ.	1	Язык – ключ к душе человека.
2	Жіптің ұзыны, сөздің қысқасы жақсы.	2	Ласково заговоришь – змея из норы выползет.
3	Жүйелі сөз жүйесін табар, Жүйесіз сөз иесін табар.	3	Палка по телу бьет, Слово до костей достает.
4	Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады.	4	Сказанное слово – как выстреленная пуля.
5	Ең тәтті де – тіл, ең ащы да – тіл, ең жұмсақ та – тіл, ең қатты да – тіл.	5	Веревка хороша длинная, а речь – короткая.
6	Тіл – көңілдің кілті.	6	Первое из искусств – слово.
7	Жақсы сөз – жарым ырыс.	7	Язык и горек, и сладок, он тверд и мягок.
8	Сөз сүйектен өтеді, Таяқ еттен өтеді.	8	Умное слово свое место найдет, Неуместное слово хозяина накажет.
9	Басқа пәле тілден.	9	Доброе слово – половина счастья.
10	Өнер алды – қызыл тіл.	10	Беда голове от языка.

*Оқыңыз, қызық!*

Әлемде 5652 тіл болса, солардың жоғарғы деңгейде дамығандарының қатарына қазақ тілі де жатады екен. Мәселен, екі мың жылдық тарихтың ең танымал тұлғасы атанған Уильям Шекспир шығармаларында 15 мың сөз қолданса, ал көптеген көркем шығармалар, мақалалар мен ғылыми зерттеулердің авторы, заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің тек қана «Абай жолы»

роман-эпопеясында 16983 сөз бар екен. Осының өзі-ақ – қазақ тілі байлығының айқын дәлелі.

52-тапсырма. Мәтінді оқып, тіл туралы өз ойыңызды пікірталасқа түсіріңіз.

Адам үш түрлі, сөз төрт түрлі болады. Адамдардың бірінші түрі – біледі және білген сайын білгісі келеді, бұлар ғалымдар тобына жатады. Бұлардың айтқанына риза болу керек. Екінші түрі – біледі, біле тұра «білмеймін» дейді. Олардан сақ болған жөн. Үшіншісі – білмейді және білгеннің тілін алмайды. Бұл сияқтылардан аулақ жүру керек.

Сөз төрт топқа бөлінеді. Біріншісі – білуге де, айтуға да қажеті жоқ сөздер. Екіншісі – білуге де, айтуға да қажетті сөздер. Үшіншісі – білуге қажеті жоқ, бірақ айтуға болатын сөздер. Төртіншісі – білу керек, бірақ айтуға қажетсіз сөздер. Төрт түрлі сөздің ең абзалы – білуге де, айтуға да қажетті сөздер. Бұл сөздердің екі жағы бар. Біріншісі – сұлулығы мен мәнділігі, екіншісі – өңсіздігі мен мағынасыздығы. Халық алдында сөйлеген сөзін сұлу болып, оны жұрт ықыласымен тыңдасын... Халық адамның қандай дәрежеде екенін сөйлеген сөзі арқылы біледі.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Қазақ тілі мемлекеттік тіл туралы мәртебені қашан алды?
2. «Тіл – ұлттың жаны» дегенді қалай түсінесіз?
3. Қазақ тілінің байлығы туралы атақты ғалымдардың пікірлері қандай?
4. Н.Ә. Назарбаевтың: «Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан», - деп айтқан сөзін қалай түсінесіз? Ойыңызды дәлелдеңіз.
5. Тіл туралы қандай мақал-мәтелдерді жатқа білесіз?

## **2 Түгел сөздің түбі бір**

### **2.1 Көне түркі жәдігерлері сыр шертеді**

Бағзы замандарда түркілер өз әліпбиін ойлап тапты. Ондағы әріптер қар бетіндегі құс іздеріне ұқсас, ұсақ сына түріндегі сызықшалармен бейнеленді. Мұндай жазу *сына жазуы* немесе ешкім сырын аша алмаған бұл жазулар *руна* деп аталады. «Руна» сөзі гот тілінен аударғанда «құпия», «сыр» деген мағына береді.

Ертеде қағаз болмағандықтан, бабаларымыз өздерінің сына жазуларын күміс ыдысқа, ағаш тақталарға, беті тегіс үлкен тас кесектеріне жазған. Әсіресе, осы тас тақталардағы жазбалар бәрінен де жақсы сақталған. Олар Орхон және Енисей өзендерінің маңынан табылды. Сондықтан ғалымдар оларды көне түркі жазуының Орхон-Енисей ескерткіштері деп атайды.

Тасқа қашалған дастандар түркілердің аса ірі әскербасылары мен билеушілері – Күлтегін мен Білге қағанның өмірі мен күресі жайында, данагөй Тоныкөк жайында баян етеді.

Орхон-Енисей жазбалары XVIII ғасырда табылып, оны зерттеу, оқу сол кездерде басталды. Көне түркілердің руна жазуын ең алғаш рет 1893 жылы дат ғалымы Вильгельм Томсен оқыды.

53-тапсырма. «Көне түркі жәдігерлері сыр шертеді» мәтінінің мазмұнын ашатын сұрақтар құрастырыңыз.

*Оқыңыз, қызық!*

### **Күлтегін ескерткіші**

Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – Күлтегін ескерткіші. Орхон-Енисей жазуына жататын маңыздылығы жағынан баға жетпес құнды дүние.

Бізге жеткен Түркі тарихы да осы VII-VIII ғасырларда жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштері арқылы белгілі болды. Ескерткіш бір заманда түркілер мекендеген Енисей өзенінің бойы мен қазіргі Моңғол Халық Республикасының астанасы Улан-Батордың батысындағы 400 шақырым жердегі Орхон өзені бойындағы Кошо-Цайдам ойпатында орналасқан. Оны алғаш рет ғылым әлеміне мәлімдеуші – орыс ғалымы Н.М. Ядринцев.

Күлтегінге арналған ескерткіш пирамида тәрізді. Биіктігі – 3,15 метр, ені – 1,24 метр, қалыңдығы – 0,41 метр. Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Екінші жағында ескерткіштің орнатылған күні – «бірінші тамыз, 732 жыл» деп жазылған.

Ескерткіштің негізгі бетінде 40 жол жазу бар, ол ескерткіштің сол жақ бетіндегі 13 жол – жазудың жалғасы. Ескерткіш негізінен табғаш (Қытай) және көне түркі жазуымен толтырылған. Күлтегін жыр жазуы 53 бөлімнен тұрса, соның 27-ден 53-ке дейінгі жазулары, Күлтегіннің батырлығын және оның соғыстарда мол табыстарға жетіп отырғандығынан мағлұмат береді.

Күлтегін ескерткішінің көшірмесі 2001 жылы 18 мамырда Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде орнатылды.

54-тапсырма. Берілген тіркестерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыз, орыс тіліне аударыңыз.

Қанатты сөз, мол табыс, негізгі беті, ғылым әлемі, алғаш рет, бір заманда, мәдени мұра, көне дәуір.

55-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

### **Тоныкөк ескерткіші**

Тоныкөк ескерткіші 1897 жылы Баин-Цокто шатқалынан табылған. Қазіргі кезде ол Моңғол Республикасының астанасы Улан-Батор қаласынан

60 шақырым жерде орналасқан.

Түркі қағандарының ұлы кеңесшісі болған Тоныкөктің құрметіне қойылған тас тақта өзінің бұйрығы бойынша шамамен 716 жылы қашалып жасалған. Бүкіл көшпелі тайпалардың бірігуін қуаттап, түркі мемлекетін нығайтуға бар күш-жігерін салған. Маңызды мемлекеттік істерді шешіп, үлкен жауынгерлік жорықтарды басқарған. Көне жазбаларда Тоныкөктің қытай білімін алып, шығыс дипломатиясының қыр-сырын жете меңгергені жайлы айтылады.

Тоныкөк түркі халқына және оның билеушілеріне сенімді де адал қызмет еткен. Бүкіл көшпелі тайпалардың бірігуін қуаттап, түркі мемлекетін нығайтуға бар күш-жігерін салған. 725 жылы Қаған ордасына барған қытай мәмілегері Юань Чженьнің пікірінше, Тоныкөк әміршінің зор ықыласына ие қажырлы да тәжірибелі қарт болған. Ол ұлы Қаған ордасының төрінен орын алған.

### Тұрақты тіркестер

Тұрақты тіркестер – жазу, сөйлеу тілінің ажарын кіргізіп, құдіретін арттыра түсетін, көңілдегі көрікті ойды бейнелеп, астарлап, өзіндік бояу-нақышымен жеткізетін, көркем сөз қазынасында қорланып, қолдануға дайын тұратын, қалыптасқан сөз тіркестері.

Тұрақты сөз тіркесінің негізгі белгілері: құрамындағы сөздердің орындары тұрақты, яғни орындарын өзгертуге келмейді, сөздердің мағыналары біртұтас болып, бір мағынаны білдіреді.

Тұрақты сөз тіркестері сөйлемде бір сұраққа жауап беріп, бір ғана сөйлем мүшесі болады. Мысалы: *жүрек жұтқан* – батыл, өжет, *өкпесі қара қазандай* – қатты өкпелеу, қатты ренжу.

56-тапсырма. Мына фразеологизмдердің қазақша баламасын табыңыз.

Пальцем не шевельнуть; слово его, как стрела; как в сквозь землю проволился; знать как свои пять пальцев; иголку негде воткнуть; камнем катиться вверх; своим правом пользуется сам; слова, раскалывающие сердце; разница, как между небом и землей; и глазом не успеешь моргнуть.

57-тапсырма. Берілген сөйлемдерді екінші бағанда берілген тұрақты сөз тіркестерімен сәйкестендіріңіз.

<i>Сөйлемдер</i>		<i>Тұрақты сөз тіркестері</i>	
1	Бұл мәселеден әбден шаршады.	1	Мәре-сәре болу
2	Жаңалықты естісімен қатты қуанды.	2	Оқтай қадалу
3	Екеуі де осы шешімге келісе кетті.	3	Мезі болу
4	Хабарды естігенде қатты қорқып кетті.	4	Сөз байласу
5	Бір нүктеге қарағандай көзін алмады.	5	Төбе шашы тік тұру

58-тапсырма. Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңыз. Сөйлем құраңыз.

Сөзінің жаны бар; тайға таңба басқандай; сөзге құлақ қойды; қой үстіне бозторғай жұмыртқалады; сөздің майын тамызды.

59-тапсырма. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінен мына тақырыптар бойынша тұрақты сөз тіркестерін жинап, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Түр-түс атауларына байланысты: ..., ..., ... .
2. Өлшем атауларына байланысты: ..., ..., ... .
3. Мезгіл атауына байланысты: ..., ..., ... .

60-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

### Қазақстанның жеті кереметі

Адамзат тарихында әлем кереметтерінің саны жетеу ғана. «Жеті» санын қадірлеу көне заманнан басталады, ол қасиетті сан болып есептеледі.

Бүгінгі қазақстандықтар да ондай бақыттан кенде болмаса керек. Қазақстандағы тарих, археология, сәулет және монументалды өнер ескерткіштерінің саны 25 мыңнан асады. Бұл салада Қазақстан, Таяу Шығыс, Орта Азия, Қытай, Үнді және Жерорта теңізі бойындағы мемлекеттермен теңеседі. Қазақстанда ғажайыптар көп, соның ең керемет жетеуіне тоқталайық.

Қазақ халқының санасында жеті саны сонау ерте заманнан қасиетті саналатыны белгілі. Мысалы: «Жеті оқ елі», «Жеті нан» (құдайы беру), бұрын қазақтар жеті атадан асқанша құда болмаған.

Бірінші кереметке Түркістан қаласындағы орта ғасырдан қалған күмбезді ғаламат ғимарат Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жатады. Қожа Ахмет Яссауи кешені – порталды-күмбезді құрылыс. Оның көлемі – 46,5х65,5 метр. Бұл күнде Қожа Ахмет Яссауи ғимараты – шығыс халықтарының тамаша сәулет туындыларының бірі.

Кереметтің екінші түріне Қожа Ахмет Яссауи ғимаратындағы бағалы ескерткіштердің бірі Тайқазан жатады. Санкт-Петербург Эрмитажынан өз тұғырына қайта қонған Тайқазанды Абдуләзіз шебер құйып жасаған.

Еліміздегі үшінші кереметке Тараз қаласының оңтүстігінде жиырма шақты шақырым жерде тұрған Айша бибі мазары жатады. Ол – XII ғасырда салынған сәулет өнерінің үздік туындысы.

Бүкіләлемдік мәдени жәдігерлер қатарына Алматы обылысындағы Тамағалы кешені жартас суреттері кіреді. Мұнда қола дәуірінің тасқа салған суреттері сақталған. Бұл тарихи мұраны Қазақстанның кереметіне бағалауға болады.

1960 жылдардың аяқ кезінде археолог ғалымдар Есік қаласына жақын жердегі обадан «Алтын киімді адамды» тапты. Ол бұдан 2500 жылдай бұрын жерленген жас жігіт екен. Есік қорғанынан табылған олжа бүгінде әлемге әйгілі. Бесінші керемет деп осы «Алтын адамды» айтамыз.

Келесі керемет қазақ халқының жан сезімі, жан серігі – домбыра. Домбыра – халық даналығы, көшпелі елдің көне шежіресі.

Жалпы түркі халықтарының тарихи, мәдени ортақ мұрасы болып саналатын Күлтегін ескерткіші – бүгінде біздің мақтанышымыз. Әр адам ұлттық мәдениетті білуімен қатар, ұлттық құндылықтарды да сақтай білуге тиіс.

жеті керемет – семь чудеса  
қадірлеу – уважать  
қасиетті – святой  
теңесу – сравняться

күмбез – купол  
үздік – лучший  
жәдігер – реликвия  
жартас – скала

61-тапсырма. *Жеті* санына қатысты мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерін тауып, олардың мағынасын түсіндіріңіз.

62-тапсырма. Интернет-ресурстары мен бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, ЮНЕСКО тізіміне енген қазақстандық нысандар туралы өз топтасыңызбен пікір алмасыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Көне түркі жәдігерлеріне нелер жатады?
2. Күлтегінге арналған ескерткіштің екінші жағында деп жазылған?
3. Көне жазбаларда Тоныкөк жайында не айтылған?
4. Қазақстанның жеті кереметі туралы не білесіз?
5. Қазақстандық қандай нысандар ЮНЕСКО тізіміне енді?

## **2.2 Көне түркі жазуы**

*Көне түркі жазуы* деп VI-VIII ғасырларда Қытайдың солтүстігінде Хангай таулары мен батыс солтүстіктегі Алтай тауларын және Орта Азияның ұлан-байтақ өңірлерін мекендеген түркі тілді тайпалар қолданған жазуды айтамыз. Бұл жазу көне Түркі қағандығы тұсында (552-744 жылдар) құлпытастарға жазылған себепті оны *көне түркі жазуы* деп атаған. Ал бұл жазудың сыртқы пішіні скандинавия руналарына ұқсас болғандықтан *руникалық жазу* деп те атайды.

Жазудың Сібірдегі Лена өзендерінің аңғарларынан, Моңғолиядағы Орхон, Енисей, Селенга өзендерінің алқабынан, Орта Азиядағы Талас, Сыр өзендерінің бойынан табылуына байланысты, оны сол өңірдің жер-су аттарымен *Орхон-Енисей жазуы*, *Талас жазуы* деп те атап жүр.

Көне түркі жазуында жиі қырық таңба бар. Ол – дыбыстық және буындық жазудың араласуынан құралған жазу. Бертінде германиялық ғалым О. Прицак қайталай зерттеу жасау арқылы бұл жазуды нағыз буындық жазу деп тұрақтандырған.

63-тапсырма. Мәтінді және қосымша материалдарды пайдалана отырып, көне түркі жазуы туралы ой бөлісіңіз.



64-тапсырма. Мәтінге жоспар құрастырыңыз.

Жазу – адамның ой-пікірін, басқа адамға хабарлап айтқысы келген сөзін, мағлұматын таңбалар арқылы жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер жүйесі. Оның алғашқы нұсқалары өте ерте заманда жасалды. Адамдар алғашқы жазу құралы ретінде саз балшықтан жасалған тақтаны, ағаштың қабығын т.б. пайдаланған.

Адамзат тарихындағы жазу төртке бөлінеді. Олар:

- 1) пиктографиялық жазу;
- 2) идеографиялық жазу;
- 3) буын жазу;
- 4) дыбыстық жазу.

*Пиктографиялық жазу* – жазудың ең көне түрі. Зерттеушілер жазудың бұл түрі неолит дәуірінде пайда болған деп есептейді. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаға қатысты заттардың суреті салынады.

*Идеографиялық жазуда* жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы берудің меншікті мағынасы болады. Идеографиялық жазудың бір түрі – иероглиф.

*Буын жазуында* – сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленеді.

*Дыбыстық жазу* (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары.

65-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

### Талас жазуы

Талас жазулары – Қазақстан мен Қырғызстан шекарасы өңірлеріндегі Талас өзені бойынан табылған көне түркі ескерткіштері. Олар, негізінен, V-VIII ғасырлар аралығына жатады. Көбінесе, қойтастарға, жартастарға, бұйымдарға жазылған. Қазіргі кезде бұл аймақтардағы Талас ескерткіштерінің саны 30-ға жетті.

1932 жылы Талас өзені бойындағы Ашықтас деген жерден төрт қырлы ағаш таяқшаға ойылып жазылған көне түркі жазуы табылды.

Талас ескерткіштерін бірінші, екінші, үшінші тас ескерткіштер деп сандық ретпен атау қалыптасқан. Бұл тарихи тұрғыдан Түрік, Түргеш, Қарлұқ мемлекеттері дәуіріне қатысты делінеді.

66-тапсырма. Сөйлемдердің мағынасын бұзбай өзгертіп жазыңыз.

*Үлгі:* Дыбыстық жазудың ең ежелгі түрі – көне түркі жазуы.

Көне түркі жазуы дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған. Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы кейін мұсылман дінінің таралуымен бірге келген араб әліпбиін ұзақ уақыт қолданды. 1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы араб әліпбиін қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес жеңілдетіп, «төте жазу» әліпбиін жасады.

1929 жылдан бастап 1940 жылға дейін қазақ халқы латын әліпбиінде жазып келіп, кейін кириллицаға көшті. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирилл таңбаларына ұқсастырылып (қ-к, ғ-г, ө-о, н-н), қазіргі қазақ әліпбиі қабылданды. Кейінгі жылдары қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі көбірек көтерілуде.

67-тапсырма. Екі топқа бөлініп, пікірсайыс өткізіңіз.

<i>I топ</i>	<i>II топ</i>
Латын әліпбиіне көшу мәселесін құптаймыз...	Латын әліпбиіне көшуге қарсымыз...

68-тапсырма. Жазу жөнінде төмендегі жоспарға сүйене отырып, реферат дайындаңыз.

*Жоспар:*

Жазу – адамның мәдениетінің көрсеткіші.

Жазу мен айтудың айырмашылығы.

Жазу – тілдесімнің бір түрі.

69-тапсырма. «Түркі халықтарының баға жетпес байлығы» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Адамдар алғашқы жазу құралы ретінде нелерді пайдаланған?
2. Көне түркі жазуы деп қандай жазуды айтады?
3. Не себепті оны көне түркі жазуы деп атаған?
4. Талас жазуы туралы не білесіз?
5. Латын әліпбиіне көшу мәселесін қолдайсыз ба? Ойыңызды дәлелдеңіз.

### **3 Тарихыңды таны**

#### **3.1 Ерлік туын көтерген ерлер**

Тәуке ханның тұсында ұлы жүзге Төле би, орта жүзге Қазыбек би, кіші жүзге Әйтеке би басшы болып тағайындалған. Олар ел бірлігі мен жердің тұтастығына ерекше мән берген. Қоғамдық-әлеуметтік жағдайларға, тарихи оқиғаларға, адам мен оның іс-әрекеттеріне, келешек күндеріне ерекше назар аударған. Сөйтіп, ел тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін ақылын, күш-жігерлерін, мол өмір тәжірибелерін сарп еткен.

Әз Тәуке ханның төңірегіне топтасқан үш би болашаққа бағыт-бағдар жасады. Билер кеңесі бекіткен «Жеті жарғы» атты әдеп-құқықтық құжаттың негізін қалап, онда қоғамдық қатынастарды жүйелеп, өмірге ендірілді. Осы арқылы да халықтың бірлігі мен тұтастығын сақтады. Олар келешекке мол үміт артып, өмірлік мұраттарының орындалуы жолында көп еңбек сіңірді.

70-тапсырма. «Ерлік туын көтерген ерлер» мәтінін оқып, мәтін бойынша бірнеше сұрақ құрастырыңыз.

71-тапсырма. Қосымша деректерді пайдалана отырып, мәтіннің мазмұнын айтыңыз.

### **Төле би**

Төле би Әлібекұлы (1663-1756 жж.) қазақтың би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері, ойшыл дана. Ұлы жүздің төбе биі. Өз Тәуке құрған билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» деп аталатын жаңа заңдар жүйесін жасаушылардың бірі. Ол қазіргі Жамбыл облысы Шу ауданының Жайсаң жайлауында дүниеге келген.

Әкесі Әлібек шешен, сауатты және ел әңгімелерін жақсы білетін адам болған. Ол ұлының ерте есейіп, сол кездегі атақты билерден бата алуына септігін тигізеді. Төле бала жасынан әкесіне еріп жүріп ел көреді, жұрт таниды. Он бес жасынан ел билігіне араласып, өзінің ақыл-парасаты, әділ шешімі, шешендік өнерімен көзге түсе бастайды. Ол жас кезінде талай жасы үлкен атақты абыз билердің алдынан өтіп батасын алады.

Төле бидің әділдігі, ойға жүйрік, сөзге шешендігі жұртшылыққа оны белгілі, сыйлы етеді. Сонымен бірге қазақ халқын біріктіру, Қазақ мемлекеттігін нығайту, халық атынан сөйлеп, шешім шығару Төле бидің өмірлік мұраты болды. Төле би Абылай ханның «Төбе биі» болып, Ташкентте өмірінің ақырғы жылдарына дейін Ұлы жүзді басқарған.

Халық ауыз әдебиетінде Төле би туралы көптеген тарихи аңыздар сақталған. Халық арасында Төле би айтты деген нақыл сөздер кеңінен таралған.

Мысалы:

Бір үйдің баласы болма,  
Көп үйдің санасы бол!  
Бір елдің атасы болма,  
Бар елдің данасы бол!

Үй сыртында төбең болса,  
Ерттеулі тұрған атың ғой.  
Ел ішінде қарияң болса,  
Жазулы тұрған хатың ғой.

Басшысы болмаса ел жетім,  
Ұқпасқа айтқан сөз жетім.

*Атадан қалған асыл мұра*

### **Би екеу болса, дау төртеу болады**

Билер дәуірінен келе жатқан бұл нақыл «Түйе көп болса, жүк сыймайды, би көп болса, дау тыйылмайды» сөздерімен мағыналас. Бұл сөздің мәнісін Абай 1891 жылы жазған қара сөзінде былай түсіндіреді: «...жүп билер таласып дау

көбейте береді, өйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды, білімді ұшақ кісі билікке болса... сонда дау ұзамай бітім болар еді...»

- Бұрынғылар айтқан екен, «Би екеу болса, дау төртеу болады», - деп, үш ел үш жаққа тартып дау, бітімі бытырамасқа төбе би атап қойса қалай болар еді? - дейді.

72-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны.

Топ екіге бөлінеді. Әр топтан бір-бір студенттен шығып, жасырылған әріптерді алады. Сол әріптерден басталатын мақал-мәтелдерді кезекпен айтып жарысады. Қай топ мүдірмей, тез айтса, сол топ жеңеді.

73-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

<i>Нақыл сөз</i>	<i>Біздің ойымыз</i>	<i>Мағыналас мақал-мәтел</i>
Ежелгі дос – жау болмас.	Нағыз дос, достыққа берік	Дос болсаң, берік бол, Досыңа серік бол!
Әркімнің туған жері – Мысыр шаһары.		
Батыр жігіт жауда ойнар, Шешен жігіт дауда ойнар.		

74-тапсырма. Қазыбектің бала биден дана би дәрежесіне көтерілгені туралы айтып беріңіз.

### **Қазыбек би**

Қазыбек би Келдібекұлы (1667-1764 жж.) – қазақтың белгілі би-шешені, мемлекет және қоғам қайраткері. Орта жүздің төбе биі. Өз Тәуке құрған билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жүйесін жасаушылардың бірі. Шыққан тегі – Орта жүздің Арғын тайпасының Қаракесек руынан.

Қазыбектің әкесі Келдібек кезінде аузына елді қаратқан белгілі шешен, би болыпты. Анасы Токмейіл де ұтымды да тапқыр сөйлейтін зерек жан екен. Кішкентайынан осындай ортада өскен Қазыбек бала биден дана биге айналып, «Қара қылды қақ жарған Қаздауысты Қазыбек би», «Алты Алаштың ардағы» деген атаққа ие болады.

Ол Абылай, Тәуке, Әбілмәмбет, Семеке хандардың тұсында халық қамы үшін ел қорғау ісіне белсене араласты. Төле, Әйтеке билермен тізе қоса отырып, жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті ұйымдастырушылардың бірі болып, елдің азаттығы үшін аянбай тер төкті. Абылай жоңғарлардың қолына тұтқын болып түсіп қалғанда, оны босатып алуға елшілікке барған. Сондай-ақ ол Ресей, Бұхар, Хиуа мемлекеттері арасындағы еларалық мәселелерге де араласып, аразды татуластырып, алысты жақындастырып отырған мәмілегер болған. «Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деп, бейбітшілік пен достықты дәріптеп, елшілік қызметті де мінсіз атқарған тұңғыш дипломат болды. Оның тұңғыш рет 18 жасында елшілікке атшы болып барып, басшы болып қайтқаны ел аузында әлі күнге дейін аңыз болып айтылады.

75-тапсырма. Төмендегі сөздердің дұрыс сәйкестігін тауып, сөз тіркестерінен бірнеше сөйлем құраңыз.

1	қоғам	1	дипломат
2	жеті	2	дәріптеу
3	тұңғыш	3	қызмет
4	достықты	4	кеңесі
5	елшілік	5	жарғы
6	еларалық	6	қайраткері
7	билер	7	мәселелер

76-тапсырма. Мәтіндегі «Елдестіркемек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» деген мақал-мәтелдің мағынасын қалай түсінесіз? «Жаушы» деген кім?

### Антонимдік, синонимдік қатарлар

Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздерді *антонимдер* дейміз. Мысалы: *ақырын (баяу) – тез (шапшаң), рас (шын) – өтірік (жалған)* т.б.

Сөздердің антонимдік қатысын анықтаудағы айырым-белгілердің қатарында: 1) антоним болып табылатын ұғымдар қарама-қарсы болуы шарт; 2) антонимдер тек бір сөз табынан болуы тиіс.

*Синонимдер* деп – тіліміздегі айтылуы, жазылуы басқа болғанымен, мәндес сөздер қатарын айтамыз. Синонимдік қатар кемінде екі сөзден тұрады. Кейде жеке сөздерге тұрақты сөз тіркестері синоним болады. Мысалы: *асқар, заңғар, өте биік – аспанмен таласқан*: Алтайдың *асқар* таулары керемет табиғатымен көз тартады. Алатаудың *аспанмен таласқан* шындарын қар басып жатыр.

Синонимдер мынадай белгілеріне қарай топтастырылады:

- 1) сөздің дыбысталуында өзгешелік болуы керек;
- 2) сөздер бір ғана ұғымды білдіруі қажет;
- 3) сөздер бір ғана сөз табына қатысты болуға тиіс.

77-тапсырма. Көлбеу қаріппен белгіленген сөздерге мағыналас сөздерді тауып жазыңыз. «Адал болса, досың жақын» деген сөйлемді кеңейтіңіз.

### Кім жақын?

*Тату болса, ағайын жақын,  
Ақылшы болса, апайың жақын.  
Бауырмал болса, інің жақын,  
Инабатты болса, келінің жақын.  
Алдыңа тартқан адал асың,  
Қимас жақын – қарындасың.  
Сыбайлас болса, нағашың жақын,  
Адал болса, досың жақын.  
Еркелейтін немерең жақын,*

Өз ұрпағың – шөберең жақын.  
Жан серігің жас кезіңнен  
Бәрінен де әйелің жақын.

78-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

<b>Не қымбат?</b>	
<i>Қазыбек бидің жауабы</i>	<i>Сіздің ойыңызша</i>
Алтын ұяң – Отан қымбат... Құт берекең – атаң қымбат, Аймалайтын анаң қымбат. Мейірімді апаң қымбат, Асқар тауың – әкең қымбат. Туып-өскен елің қымбат, Кіндік кескен жерің қымбат. Ұят пенен ар қымбат, Өзің сүйген жар қымбат.	

79-тапсырма. Көлбеу қаріппен белгіленген сөздерге қарсы мәнді сөздерді тауып жазыңыз.

### **Не қиын?**

Арадан шыққан *жау* қиын...  
Таусылмайтын дау қиын,  
Шанышқылаған сөз *қиын*.  
Дәл осындай жағдайда,  
Пана болмас өз үйің.  
Жазылмаса *дерт* қиын,  
Іске аспаған серт қиын.  
*Ақылыңнан* адасып,  
Өзің түскен өрт қиын,  
Тентек болса *ұл* қиын.  
Не істеріңді біле алмай,  
Ашиды сонда *бас* миың.

80-тапсырма. Мәтінді оқып, Әйтеке биге тән қасиеттерді көрсетіңіз.

### **Әйтеке би**

Әйтеке би (Айтық) Байбекұлы (1644-1700 жж.) – қазақтың атақты би-шешендерінің бірі, мемлекет және қоғам қайраткері. Кіші жүздің төбе биі. Өз Тәуке құрған билер кеңесінің мүшесі, «Жеті жарғы» деп аталатын заңдар жүйесін жасаушылардың бірі. Шыққан тегі – Кіші жүздің Алшын тайпасының Өлім руынан.

Әйтеке 25 жасынан бастап алғашында Ордабасында, кейін Күлтөбе мен Ұлытауда жыл сайын өткізілетін үш жүздің басшылары мен беделді адамдары бас қосқан жиындарға қатысып тұрды.

Өзін дана, әділ би, ауызы дуалы шешен, ішкі және халықаралық мәселелерді шешуде төреші, озық ойлы қайраткер ретінде таныта білді. Ол – өз өмірін, күш-жігерін, ақыл-парасатын ел қамына, оның келешегіне, болашағына арнаған қайраткер. Әйтекенің өнегелі істері мен сөздері халық арасында кеңінен тараған. Мысалы:

Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін,  
Батыр болсаң, жауға найзаң тисін,  
Бай болып, елге пайдаң тимесе,  
Батыр болып, жауға найзаң тимесе,  
Елден бөтен үйің күйсін!

Бүркіт бол, заманыңыз түлкі болса,  
Бай болар кедей жігіт мүлкі болса.  
Жақсылардың белгісі сол емес пе,  
Қара қылды қақ жарған әділ болса.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

«*Жеті жарғы*» – Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің қатысуымен жазылған көшпелі қазақтардың ел билеу заңы.

Бұл заңдық құжатта жер дауы, жесір дауы, бала тәрбиесі және неке, қылмыстық жауапкершілік арасындағы дау, ұлт қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты үлкен мәселелер қаралады. Атап айтқанда, бұл құқықтық құжат қазақ халқының ұлттық бірлігін нығайтуда, рулар арасында алауыздықты тежеуде зор рөл атқарады. Ғалымдардың айтуынша, бұл құжат Тәуке ханның тұсында 1684-1685 жылдары құрастырылған.

81-тапсырма. «Ұлтарақтай болса да, ата қоныс жер қымбат. Ат төбеліндей болса да, туып өскен жер қымбат» дегенді қалай түсінесіз? Өз пікіріңізді білдіріңіз.

82-тапсырма. Мақалдарды сәйкестендіріп, мазмұнын ашыңыз.

1	Ат басына күн туса, ауыздығымен су кешер	1	Шешен тар жерде сөз бастайды
2	Батыр мың қол бастайды	2	Туғанды биде иман жоқ
3	Жақсылардың үлгісі жанып тұрған шамдай	3	Ер басына күн туса, етігімен су кешер
4	Ел қадірін ел баққан ерлер білер	4	Шешендердің сөздері ағып тұрған балдай
5	Білімдіден ақыл шығар	5	Түп атасы – Майқы би
6	Тура биде туған жоқ	6	Зер қадірін зер соққан зергер білер
7	Түгел сөздің түбі бір	7	Ақылды қарттан нақыл шығар

83-тапсырма. «*Мықты болсаң, айтып көр*» рөлдік ойыны.

Төле бидей тауып айтуға, Қазыбек бидей қазып сөйлеуге, Әйтеке бидей жарып айтуға дағдыланыңыз. «Билерше ойланамыз» тақырыбы бойынша

жазылған өздеріңіздің шығармаларыңызды ұсыныңыз. Жалпы студенттік өмір – ең қызықты сәт. Сонымен студент басында бақыт нешеу, кемдік (недастаток) нешеу болатыны туралы ой қозғаңыз.

*Есте сақтаңыз!*

*Күлтөбенің басында күнде жиын (кеңес) – о частых собраниях.*

*Қой үстінде боз торғай жұмыртқалаған заман – мирное время, счастливая безмятежная жизнь, благоденствие.*

*Ақ түйенің қарны жарылды – радостное обильное пиршество по особому случаю (пир горой).*

*Оқыңыз, қызық!*

Тілімізде қалыптасқан «Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар» дейтін ой-пікір бір адамның бойында ақыл, білім, ардың тоғысуы – халқына үлгі сөз айтар бидің ой-таным әлемінің қаншалықты терең болуы керектігін аңдатады. Хандағы қырық кісінің ақылы қасындағы қырық уәзірін меңзесе, бидегі қырық кісінің ары мен білімі – өзінің даналық қасиеті.

84-тапсырма. «Қазақтың би-шешендері» тақырыбына презентация дайындаңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Төле бидің қоғамдық қызметі туралы не айта аласыз?
2. Әйтеке бидің шын аты кім болған?
3. Қазыбек неше жасында елшілікке барды?
4. Билер қандай заңды құруға ат салысқан?
5. «Жеті жарғы» заңы қашан құрастырылған?

### **3.2 Ел үміті – қоғам қайраткері**

Қоғам қайраткері – ұлты, жері, Отаны үшін еңбек еткен, халқы үшін тер төккен, есімі ел есінде мәңгі сақталған тұлға. Қазақ халқында ел үмітін ақтаған қоғам қайраткерлері өте көп. Мәселен, «Алаш арыстары» деген атпен есімдері танылған А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Шоқай, Х. Досмұхамедұлы т.б. тұлғалар қазақ халқы үшін қыруар қызмет атқарды.

*Ахмет Байтұрсынұлы* – қазақ ұлтының әлеуметтік өмірі мен мәдениеті, ғылымы мен білімі жолында аянбай адал еңбек еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, қайталанбас зор тұлға. Қалың бұқараны еңбекке, білімге, ғылымға үндейді. «Қазаққа ашық хат», «Қазақтың бас ақыны», «Маса» атты шығармаларында ел, жер мәселесін, ұлт пен ұрпақ қамын кеңінен қозғайды. А. Байтұрсынұлы И.А. Крылов туындыларын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен бастырған. А. Байтұрсынұлы ұстаз-ғалымдығымен



бүкіл елге танылған. Қазақ тілі грамматикасын зерттеп, көптеген оқулықтар мен тіл құралдарын жасаған. Араб графикасы негізінде қазақ әліпбиін енгізген.

*Әлихан Бөкейханов* – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, публицист, ғалым, аудармашы. Әлихан Бөкейханов қазақ халқының бостандығы үшін, қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым «Алаш» партиясын құрған, Алашорда автономиялы үкіметінің тұңғыш төрағасы болған. Ол – тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, публицист ретінде қазақ халқының тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

*Міржақып Дулатов* – ағартушы, ақын, публицист, елінің тәуелсіздігі жолында күрескен саяси қайраткер. Міржақып Дулатов та алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының өкілдері Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы т.б. қайраткерлермен бірлесіп, қазақ елінің азаттығы жолында қыруар қызмет атқарады. Өзінің «Оян, қазақ» атты өлеңі арқылы бүкіл қазақ жұртын бостандыққа ұмтылуға үндейді. Міржақып Дулатов – қазақ халқының жүрегінде мәңгіге сақталған ұлы тұлға.

85-тапсырма. Алаш қайраткерлері туралы біліміңізді жинақтаңыз.

<i>Алаш қайраткерлері</i>	<i>Не білемін?</i>	<i>Не білдім?</i>	<i>Не білгім келеді?</i>
Ахмет Байтұрсынұлы			
Әлихан Бөкейханов			
Міржақып Дулатов			

86-тапсырма. Қазақ тіліне аударып, сөйлем құраңыз.

Личность, имя которого хранится в вечной памяти народа; общественные деятели, оправдавшие надежду народа; обладатель большого таланта; неповторимая важная личность; передовая казахская интеллигенция.

87-тапсырма. Тиісті сөздермен толықтырыңыз.

Қажетті сөздер: *шарасына, мемлекет, қозғалыстарға, тілдерін, бастама, белсене, газетін.*

Мұстафа Шоқай – көрнекті қоғам және ... қайраткері, 1912 жылы Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін бітірген. Ағылшын, француз, түрік, өзбек, орыс ... жақсы білген. Студенттік шағында демократиялық ... қатысқан. 1917 жылы төңкерістер тұсында Түркістан мемлекетін құру идеясын ұстанып, Ташкентте «Бірлік туы» ... шығарған. Алаш партиясын құру және Алаш автономиясын жариялау жұмыстарына ... араласқан. Бүкілтүркістандық мұсылмандардың құрылтайын Қоқан қаласына шақыру туралы ... көтеріп, Қоқанда Түркістан автономиясын жариялау ... қатысқан.

88-тапсырма. Алаш арыстарының пікірлерін оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.

*Ахмет Байтұрсынұлы*

Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады.

*Халел Досмұхамедұлы*

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі.

*Жүсіпбек Аймауытов*

89-тапсырма. Сұрақтар бойынша өз ойыңызды дәлелдеңіз.

<i>Сұрақтар</i>	<i>Сіздің ойыңызша</i>
Қоғам қайраткері болу үшін не істеу керек?	
Қазіргі қоғамға қандай қайраткерлер қажет деп ойлайсыз?	

90-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

### **Туған тілім**

*А. Байтұрсынұлы*

Кенің бай, келімің мол туған тілім!  
Дыбыстың теріп, сөз ғып буған гүлін.  
Қайырған қайдағыны жүйрік ең сен,  
Мен қосып, құтыла алмас қусам білім...

Балықтай жүзіп адам, құс бол ұшқан,  
Түндігің ашулы тұр күнбатыстан.  
Ғылым мен кереметтің кенін тапқан,  
Нұр кірер білім, өнер сол жақ тұстан.

Кірлетпей келген сақтап анам бұрын,  
Ордаңды жаба қоймас енді құрым.  
Алыстан әлдеқандай жат көргенсіп,  
Кіргендер тамсанатын танып сырын...

91-тапсырма. «Кешегісін ұмытпаған ертеңгісін бағалай біледі» тақырыбына эссе жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Қоғам қайраткері деп кімді айтады?
2. Қазақтың қоғам қайраткерлерінен кімдерді білесіз?
3. «Алаш арыстары» кімдер? Олар халқы үшін не істеді?
4. «Алаш» партиясын құрған қайраткер кім?
5. А. Байтұрсынұлының қандай шығармалары бар?
6. Алматы қаласында А. Байтұрсынұлы есімімен нелер аталады?

#### **4 Өлең – сөздің патшасы**

##### **4.1 Хакім Абайдың философиясы**

Қазақтың ұлы ақыны Абайдың өмірінің соңғы жылдары жазылған философиялық шығармасы – қара сөздері. Барлығы 45 сөзден тұрады. Абайдың қара сөздерінің соңғы нұсқасы Абай шығармаларын жинақтаушы, көшіріп, насихаттаушы Мүрсейіт Бікеұлының 1905, 1907 және 1910 жылдардағы қолжазбалары бойынша жарияланып келеді. Қара сөздерінің бірнешеуі алғаш 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз т.б. көптеген шет ел тілдеріне аударылды.

Абайдың қара сөздерін сыншылдық, ойшылдық, көбіне өнер-білім, еңбек пен кәсіп, ұрпақ тәрбиесі, адамгершілік мәселелеріне арналған өсиет, толғау деуге болады.

Қара сөздердің тақырыбы біреу-ақ, ол – адам болмысы. Қара сөздердегі әрбір сөз осы тақырыпты кеңірек ашуға мол мүмкіндік береді.

Шығарма тек бір халықтың не ұлттың еншісіне қатысты мәселелерді айтумен ғана шектелмеген. Онда ғұламаларды жылдар бойы толғандырып келген мәселелерге талдау жасалған. Сондықтан да Абайдың қара сөздері – әлемдік өркениетте өзіндік орны бар қайталанбас мәдени мұралардың бірі.

92-тапсырма. «Хакім Абайдың философиясы» мәтінін пайдалана отырып, берілген сөйлемдерді кеңейтіңіз.

«Қара сөздер» атауының мағынасы өлең сөз дегенді білдірмейді. Өлеңді қазақ қара сөз деген. Қара сөз проза ұғымында айтылған. Қара сөзді еркін ой білдірудің түрі деп түсінуімізге болады...

93-тапсырма. Өлеңді түсініп оқыңыз. «Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей» дегенді қалай түсінесіз? Оқытушы көмегімен мағынасын ашыңыз.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Түзу кел, қисық-қыңыр қырын келмей,  
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей...

94-тапсырма. Өлең жолдары бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Абай өлеңді не үшін, кім үшін жазған деп ойлайсыз?
2. Абайдың айтуынша жастардың қанша түрі болады және оларды қалай бөледі?
3. Өлеңдегі «Талапты» сөзінің беретін мағынасы қандай?

95-тапсырма. Өлеңді оқып, ақын өлеңіндегі бес асыл істі және адамның бес дұшпанын атаңыз. Ақын айтқан асыл қасиеттердің қайсысы өз бойыңыздан табылады. Ой бөлісіңіз.

Ғылым таппай мақтанба,  
Орын таппай баптанба,  
Құмарланып шаттанба  
Ойнап босқа күлуге.  
Бес нәрседен қашық бол,  
Бес нәрсеге асық бол –  
Адам болам десеңіз.  
Тілеуің, өмірің алдыңда,  
Оған қайғы жесеңіз.  
Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз...

96-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

<i>Сөздер</i>	<i>Сөз тіркесі</i>	<i>Мақал-мәтел, нақыл сөз</i>	<i>Мағынасы</i>
<i>қанағат</i>	қанағат тұту	Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар.	Қолда барына қанағат тұтып, жоқты іздемеу – адамға тоқтық сыйлайды, шыдамдылыққа, төзімділікке үйретеді.
<i>талап</i>			
<i>еңбек</i>			
<i>ой</i>			
<i>рақым</i>			

## Сөйлеуде қолданылатын тілдің көркемдеуіш құралдары

Адамдар тіл арқылы қарым-қатынас жасағанда ойды көрікті жеткізу үшін сөздің әртүрлі қасиеттері мен қырларын пайдалануға тырысады. Сөздің мәнерлілігі толып жатқан тәсілдермен жүзеге асырылады (2 кесте).

2 кесте – Теңеу мен эпитеттің берілуі

<i>Теңеу</i>	<i>Эпитет</i>
Теңеулер бір затты екінші затқа салыстырудың нәтижесінде жасалады. Теңеулер <i>-дай, -дей, -тай, -тей, -дайын, -дейін, -тайын, -тейін, -ша, -ше</i> жұрнақтарының, <i>секілді, сияқты, тәрізді, сынды, тең, ұқсас</i> сөздерінің көмегімен жасалады. Мысалы: <i>таудай талап, өмір ағыны сумен тең</i> т.б.	Эпитет заттың, құбылыстың қасиетін, сапасын немесе белгісін айқындап тұрады. Эпитет көркем туындыларда эстетикалық қызмет атқарады, сөздің тартымдылығын, сұлулығын, әсерін арттырып, тыңдарман мен оқырмандардың жылы қабылдауына мүмкіндік жасайды. Мысалы: <i>алтын күн, қара жер</i> т.б.

97-тапсырма. Абайдың өлең шумақтарын мәнерлеп оқып, теңеулер мен эпитеттерді теріп жазыңыз.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,  
Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.  
Жіңішке қара қасы сызып қойған,  
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.  
Мандайдан тура түскен қырлы мұрын,  
Ақша жүз, алқызыл бет тіл байлайды.  
Аузын ашса көрінер кірсіз тісі,  
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды.  
Сөйлесе, сөзі әдепті һәм мағыналы,  
Күлкісі бейне бұлбұл құс сайрайды...

98-тапсырма. Жаттап алыңыз.

Абайдың барлық өлеңі – қазақтың сол күшті тілінің ішінен туған асыл құрыш, қырдағы қалың қазақтың осы күнге шейін сөйлеп жүрген жалпақ тілінің жемісі, соның сыры мен сымбатын көрсететін айнасы. Бұл – Абайдың қазақ тіліне істеген қызметі.

*М. Әуезов*

Абай тек поэзия тілін түзеп берген жоқ, жалпы тіліміздің оралымдылығын, бейнелеу шеберлігін, сөйлем құрылысындағы әр сөздің өз орнын, сөйлемдегі ой салмағын, қайда, қалай қалауын да үйретіп кетті. Абай – бізге ұлы мектеп!

*Ғ. Мүсірепов*

Абайды тану арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз. Абай әрқашан біздің ұлттық ұранымыз болуы тиіс.

*Н. Назарбаев*

99-тапсырма. Абайдың он жетінші қара сөзін оқыңыз. Ондағы айтылғандар туралы өз ой-пікіріңізді білдіріңіз.

### **Абайдың он жетінші қара сөзі**

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «Ей, ғылым, өзің де білесің ғой, дүниеде еш нәрсе менсіз кәметке жетпейтұғынын. Әуелі, өзіңді білуге ерінбей-жалықпай үйрену керек, ол – менің ісім. Құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей-жалықпай орнына келтірмек те – менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Ақыл айтыпты: «Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын – мен, сенің сөзіңді ұғатұғын – мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды?» - депті.

Одан соң жүрек айтыпты: «Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жайы қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын – мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын – мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын: жақсылыққа елжіреп еритұғын – мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын – мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады?» - депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

- Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз еш нәрсенің болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің, соның жаман, - депті.

- Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да – бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның екеуінің де сүйенгені, сенгені – сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, - депті.

- Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ – менің ісім, - депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

- Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, бәрін де жүрекке билет, - деп ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам – сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы, - депті.

100-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша өз ойыңызбен бөлісіңіз.

1. Ақыл, қайрат, жүректің қайсысы дұрыс айтты деп ойлайсыз?

2. Абайдың сөзі жақсы маман болуға қай жағынан көмектеседі деп ойлайсыз?

3. Үшеуі соңында не үшін басқаға емес, ғылымға келіп жүгінді деп ойлайсыз? Басқа кімнен сұрауға болады?

4. «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек» деген Абайдың даналық сөзі бойынша ой толғаңыз.

101-тапсырма. Абайдың отыз бірінші кара сөзін тиісті сөздермен толықтырыңыз.

*Қажетті сөздер:* көргенде, бекіту, себеп, ғылымды, қашық, ынтамен.

Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі ... бар: әуелі – көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші – сол нәрсені естігенде я ... ғибрәтлану (үлгі, өнеге, сабақ алу) керек, көңілденіп, тұшынып, ... ұғу керек; үшінші – сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге ... керек; төртінші – ой кеселді нәрселерден ... болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ... тоздыратұғын нәрселер.

102-тапсырма. Абайдың нақыл сөздерінің мәнін түсіндіріңіз.

Білімдіден шыққан сөз,  
Талаптыға болсын кез.

Болмасаң да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз.

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы.

Құлақтан кіріп, бойды алар,  
Жақсы ән мен тәтті күй.  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Абай қара сөздерінің саны қанша?
2. «Қара сөз» дегенді қалай түсінесіз?
3. «...Абай – бізге ұлы мектеп» деген кімнің сөзі?
4. Төмендегі өлең жолдарының авторы кім деп ойлайсыз?

Асыл сөзді іздесең  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жад тоқып ал көңілге...

5. М. Әуезов Абайды неге «Қазақтың классик әдебиетінің атасы, қазақ поэзиясының күн шуақты асқар биігі» деп атаған? Ойыңызды дәлелденіз.

#### **4.2 Шәкәрім өлеңдеріндегі имандылық концепциясы**

Шәкәрім өзі өмір сүрген заманның болмысын, бүкіл қазақ елінің мұң-зарын өлеңдерінде өрнектей білді. Шәкәрімнің ақындық жолын айқындап берген Абайдың ақындық дәстүрі болды. Шәкәрімнің терең мағыналы өлеңдерінен Абайдың реалистік сарыны, көркемдік, эстетикалық танымының әсері үнемі белгі беріп отырады. Шәкәрімнің көптеген өлеңдеріне арқау болған тақырып – сол кездегі қазақ қоғамының жай-күйі.

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларында адалдық, имандылық жолын қашан да шамшырақ етіп отырған. Шәкәрімнің «Иманым» атты жинағында жаратылыс жұмбағы, Алла мен адам қарым-қатынасы, иман жайлы жазған туындылары қамтылған. Ой бастауы Құран Кәрімнен құйылар Шәкәрімнің сыр сөздері бүгінгі қоғамның тынысымен үндес екендігі даусыз. Қазақ қауымының ғана емес, жалпы адамзат баласының рухани қазынасы үшін өлмес өсиет қалдырған Шәкәрім Құдайбердіұлының асыл мағыналы сыр сөздерінің жылдар өткен сайын жаңғыратыны шындыққа айналып отыр. Сондықтан да иманына талапты жастарды таныс қылмақ үшін Шәкәрім бұл жинағында:

«Қырықтан соңғы иманым,  
Отыз жылдай жиғаным,  
Көп ғалымның сөзінің  
Ақылға алдым сыйғанын», - деген екен.

Шәкәрім өлеңді өнер деп танып, оған биік талап, талғаммен қараған. «Арман», «Жастарға», «Қазақ айнасы» т.б. өлеңдерінде, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмаларында, «Бәйшешек бақшасы», «Өзімшілдік» сынды прозалық туындыларында адамның өмірі мен еңбегі,



тағдыры, талап-тілектері терең танылады. Ақынның әлем, адам, жаратылыс жайындағы ой-толғамдары оның «Үш анық» еңбегінде жүйеленген.

103-тапсырма. «Шәкәрім өлеңдеріндегі имандылық концепциясы» мәтінін оқып, мазмұнын әңгімелеңіз.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Имандылық* – адамның қоғамдағы, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттерін белгілі бір қалыпқа түсіретін ішкі рухани реттеуіш, қадір-қасиет, адам бойындағы адамгершілік, ізгілік белгісі.

Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйластық, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған.

Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған.

104-тапсырма. Ақын қандай көркемдегіш құралдарды пайдаланған? Шәкәрім Құдайбердіұлының «Сен ғылымға», «Ақындарға» т.б. өлеңдерін негізге ала отырып, мысалмен дәлелденіз.

<i>Теңеу</i>	<i>Эпитет</i>	<i>Метафора</i>	<i>Синекдоха</i>

105-тапсырма. Өлеңнің мазмұнын талқылаңыз.

### **Адамдық борышын**

Адамдық борышын, –  
Халқыңа еңбек қыл.  
Ақ жолдан айнымай,  
Ар сақта оны біл.  
Талаптан да, білім мен өнер үйрен,  
Білімсіз,  
Өнерсіз,  
Болады ақыл тұл.  
Мақтанға салынба,  
Мансаптың тағы үшін.  
Нәпсіңе билетпе,  
Басыңның бағы үшін.  
Өміріңді сарп қып өлгеніңше,

Жоба тап,  
Жол көрсет,  
Келешек қамы үшін.  
Қайтадан қайырылып,  
Қауымға келмейсің,  
Барыңды,  
Нәріңді  
Тірлікте бергейсің.  
Ғибрат алар артыңа із қалдырсаң,  
Шын бақыт, –  
Осыны ұқ,  
Мәңгілік өлмейсің!

ақ жолдан айнымай – идти по правильному пути  
болады ақыл тұл – ум будет не нужен (тұл – отрицание)  
нәріңді тірлікте бергейсің – отдать все способности жизни  
нәпсіңе билетпе – не дать властвовать страсти  
қауымға келмейсің – не возвращаешься в общество  
ғибрат алар – дать пример

106-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,  
Бір білімді данышпан жан табалық.  
Ал енді, олай болса, кімді алалық?  
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?  
Шын іздесек, табармыз жақсы ғалым,  
Күнде күйлей бермелік бозбалалық...

107-тапсырма. «Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың, алданбайсың артынан ере берсең» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Шәкірімнің қандай еңбектерін білесіз?
2. Шәкәрімнің көптеген өлеңдеріне қандай тақырып арқау болған?
3. Шәкәрімнің өлеңдерінен кімнің әсері басым болып көрінеді?
4. «Имандылық» дегенді қалай түсінесіз?
5. Шәкәрімнің «Адамдық борышың» өлеңінің мазмұны туралы айтыңыз.
6. Көркем шығармадан, поэзиядан теңеу, эпитет, метафора, метанимия, синекдоха сөздерге мысалдар келтіріңіз.

## 5 Ұлылық ұлыдан

### 5.1 Ұлылардан қалған сөз

108-тапсырма. Берілген нақыл сөздердің мағынасын талқылаңыз.

Жақсыны ұлықтай білу, жайсаңды қызықтай білу – ақылдының ғана ісі.

*Әйтеке би*

Жақсының айтқан ақылы қазулы сара жолмен тең.

*Шал ақын*

Бар ізгілік тек білімнен алынар,  
Білімменен аспанға жол салынар.

*Жүсіп Баласағұни*

Кемел адам, толық адам – өзінің қасиетіне, қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Ол – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып, тазарған ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиетке ие болған адам.

*Абай Құнанбаев*

Білімді еңбек пен өмірдің өзінде шыңдап отыр! Сонда ғана білім деп аталатын асыл тас ешқашан тот баспастан жалтырай да жарқырай береді.

*Қаныш Сәтбаев*

*Ұлылардан қалған сөз*

109-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

#### **Артықша туған азамат**

*Жамбыл Жабаев*

Жігіттіктің кезінде  
Жігерлі болса, ер болар  
Тұрмаса жігіт сөзінде,  
Нәсілі оның кем болар  
Қажырлы болса майданда  
Халыққа сөзі ем болар.  
Ел үшін туған ерлердің  
Алды-арты дария кең болар.  
Бірлігі кетсе ағайын  
Әркімдерге жем болар.  
Серт адамды байлайды  
Ер жігіт серттен таймайды.  
Өршеленген кезінде  
Өлімді кім ойлайды.  
Артықша туған азамат  
Халыққа үлкен бел болар.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Ұлы, ұлық, ұлылық, данышпан, дана, ғұлама* сөздерінің мағынасын түсініңіз.

Ұлы – асқан кемеңгер, данышпан, озық ойлы. Мысалы: *Ұлы адамдардың бәрі шахмат ойнаған.*

Ұлық – жоғары мәртебелі; үлкен, зор. Мысалы: *Ұлық болсаң, кішік бол. Анадан ұлық, анадан әзіз ешкім жоқ.*

Ұлылық – ұлыға тән қасиет, құдіреттілік, ұлықтық.

Данышпан – ақыл-білімі асқан ойшыл адам. Мысалы: *Абай – данышпанның данышпаны.*

Дана – кемеңгер, ақылды, данышпан; білгіш, ақылды. Мысалы: *Басшысы дана болса, ел гүлдейді. Білімді болғың келсе, дананың айтқанын тыңда.*

Ғұлама – асқан ой иесі, оқымысты, ғалым. Мысалы: *әл-Фараби – Аристотельден кейінгі ірі ғұлама.*

### **Жұрт алдында сөйлеуге машықтану жолдары**

Жұрт алдында сөйлеу – өте жауапты әрі қиын жұмыс. Тыңдаушылар алдында өзін-өзі дұрыс ұстай алмаған кісінің сөзі де өтімді болмайды. Сондықтан мінбеде ұстамды болу, қобалжымау, сасқалақтамау – сөйлеушілерге қойылатын басты талаптардың бірі.

Аудиторияда ұстамдылықтың қамы – ерте бастан жүргізілген даярлық. Даярлықсыз сөйлеген кісіде батылдық, өзіне сенім болмайды. Сөйлеуге алдын ала ұқыпты түрде дайындалған кісі, не айтатынын, қалай айтатынын, тілдік амал тәсілдерін қалай пайдаланатынын әбден көңілге тоқып, еркін сөйлей білу керек.

Жұрт алдында сөйлеу шеберлігінің басты талаптары:

1) тыңдаушылар жақсы білетін нәрселерді тәптіштеп айтып жатудың қажеті жоқ. Сөйлеушінің өзгеге айтқаны тыңдаушыларға білім беретіндей, олардың жүрегін қозғайтындай нәрі болу керек;

2) өз сөзін қадірлейтін адам тыңдаушысын да қадірлейді. Тыңдаушыларын қадір тұта сөйлеген адамның сөзі тартымды болады. Өзін өзгеден артық санап, білгішсініп, мақтана сөйлегендерді тыңдаушылар ұната қоймайды;

3) сөйлеген сөз анық, дәл, айқын естілетін болсын. Дауыс құбылмалы, әрі жайдары болуы тиіс. Оның әуенінен байсалдылық, сенім, табандылық, қайрат сезілу керек. Дауыстың жоғары-төмендігі аудиторияның үлкенді-кішілігімен, тыңдаушылардың аз-көптілігімен өлшенуге тиіс;

4) сөз тартымды болу үшін, оған аздап болса да бет-ауыздың, қолдың қимылын қосуға болады. Сөздің мағынасына, сөйлемнің мазмұнына үйлесімді ырғақ тауып, қол қимылдатудың, бас шұлғудың да мәні зор. Олар тиісті жерде, ой жетегінде жұмсалса, сөзді жандандыра түседі. Ең керегі – байсалдылық және байсалдылық;

5) екі көзін қағаздан алмай оқып беретін сөйлеуші мен тыңдаушылар арасында тығыз байланыс болмайды. Байланыс болмаған соң, айтылған сөз

айдалаға атылған оқ сияқты болады. Жұрт алдында сөйлеуші бір нүктеге қадалып қатып қалмай, алдында отырғандардың жеке тобына, жеке кісілерге көз жіберу керек. Сонда тыңдаушы назар аударып, сөзді зейін қойып тыңдайды;

б) айтайын деген ойды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастамаған дұрыс. Шаблон – барлық өнердің, әсіресе сөз өнерінің жауы. Ойды әдеби тілге тән сөздермен әсерлі, қызықты етіп жеткізуге тырысу қажет. Сөз арасында мақал-мәтелдерді, кейбір өлең жолдарын, нақыл сөздер мен тұрақты тіркестерді келтіріп отырса, олар нысанаға дәл тиіп жатса, мазмұнды сөзді өзгелер тамсана құптайды. Арасында юмор, аздап тақырыптан ауытқып тыңдаушыларды күлдіріп алу керек. Солай еткенде, аудитория серігіп, жадырап, бір көтеріліп қалады, сөзінді қайтадан ынта қойып тыңдайтын болады. Бірақ тақырыптан ауытқу жөнімен әрі қысқа болуға тиіс;

7) айтылған сөз қысқа әрі тұжырымды болуы керек. Құраған сөйлемдер ықшамды, ұғынуға оңай, қолданған сөздер жұртқа таныс әрі мазмұнды болуы керек. Аз сөзбен көп нәрсе айтуға тырысу қажет;

8) «Жүйелі сөз жөнін табады» дегендей сөйлеушінің сөзінде жүйе болмаса, онда ешқандай береке болмайды. Жүйелі сөз белгілі мазмұнға, өзара тығыз байланысты желіге құралады. Жұрт сөзді бағалап, сөйлеушіні қадір тұтып тыңдау үшін ойды белгілі логикалық байланыста, сөйлемдердің бірін-бірі тудырып тұрғандай етіп сөйлеу керек. Сөйлем мен сөйлем арасында, сөйлеу мен сөйлеу арасында табиғи байланыс болмаса, тыңдаушы ондай сөзбен қанағат ала алмайды;

9) жұрт алдына шығарда сөйлейтін сөзге сай киіну мәнеріне де ерекше көңіл бөлу керек. Жалпы шаршы топ алдына шығарда ресми киіну үлгісі ұсынылады.

*Есте сақтаңыз!*

Дейл Карнеги адамдарды баурап алудың алты тәсілін ұсынған болатын:

- 1) басқа адамдарға шын ынта білдіріңіз;
- 2) адамға өзінің есімі өте әуезді естілетіні есіңізде болсын;
- 3) сабырлы тыңдаушы болыңыз;
- 4) әңгімені сұхбаттасыңыз қызығатын тақырыпқа бұрыңыз;
- 5) адамдардың өзін еркін сезінуіне мүмкіндік туғызыңыз;
- б) күлімсіреңіз.

110-тапсырма. Берілген қанатты сөздердің мағынасын талқылаңыз.

Дүниеде не қиын? Бәрінен де шаршы топта сөз бастау қиын. Тауып айтсаң мереке қылады, таппай айтсаң келеке қылады.

*Досбол шешен*

Дүниеде өлмейтін 3 нәрсе бар: бірі – тауып айтылып, халқының көкейіне жеткен тірі сөз; екіншісі – адамға адамның жасаған жақсылығы; үшіншісі – ұрпақ жалғастығы.

*Мұрат Мөңкеұлы*

Тіл қаруы – сөз, сөз қаруы – ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті.

*Ғ. Мұстафин*

111-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіз.

1. Жоғарыда берілген қанатты сөздерден не түсіндіңіз?
2. Айтылған ойлармен келісесіз бе? Не себептен келісесіз, не себептен келіспейсіз? Ойыңызды дәлелденіз.
3. Өзіңіз қандай нақыл сөздер немесе мақал-мәтелдер білесіз?

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Шаршы топ* – көпке қарата сөз айтылатын жер және ол сөз әлеуметтік мәні бар, қоғам мүддесіне арналған әңгіме (тақырып) болуы керек. Бұл сөзді «шешендік сөз» деп те атап жүр, бірақ бұлайша атағаннан гөрі оны «шаршы топ алдындағы сөз» (публичная речь) немесе «көпшілікке арналып айтылар сөз» деген ұғымды білдіреді.

112-тапсырма. Ақыл-кеңестермен танысыңыз.

1. Сөйлеген сөз дәл, анық естілетін болсын. Дауыс булығып шықса, бірсыдырғы әуенмен айтылса, жігерсіз баяу сөйлейтін болсаңыз, тыңдаушы жалығады.
2. Сөзіңіз тартымды болсын десеңіз, ым мен ишара тілін пайдаланыңыз.
3. Тыңдаушыға назар аударып сөйлеңіз.
4. Ойыңызды қызықты, әсерлі жеткізуге тырысыңыз.
5. Айтылған сөз қысқа әрі тұжырымды, жоспарлы болу керек.
6. Сөйленетін сөзге мазмұндылық, логикалық байланыс қажет.

113-тапсырма. Берілген ақыл-кеңеске назар аударыңыз.

*Бөлтірік шешен*

Не сөйлейтініңді біл.  
Кімге сөйлейтініңді біл.  
Қай жерде сөйлейтініңді біл.  
Қай кезде сөйлейтініңді біл.  
Қалай сөйлейтініңді біл.

114-тапсырма. Берілген жағдаяттардың біріне жұрт алдында сөйлеуге дайындалыңыз.

1. Сіз – конференцияның ашылу салтанатына жауаптысыз. Кіріспе сөз сөйлеп, өз салаңыз бойынша семинардың мақсатын, талданатын мәселелерді түсіндіріңіз, келген қонақтарды таныстырыңыз.
2. Конференцияны қорытындылап, конференцияның өз мақсатына жеткенін, тақырыптың ашылғанын, қонақтардың белсенді қатысқанын айтып, олармен қоштасыңыз.

115-тапсырма. Өз ойыңызды қосып, мәтінді кеңейтіңіз.

Әрбір іскер адам шешен болу керек. Өз ойын дұрыс жеткізе білмейтін іскер адам әріптестері арасында түсіністікке жете бермейді. Сөйлеушінің сөзі дәлелді, түрлі ассоциация туғызатын мағлұматтарға, деректерге сүйеніп құрылса, соғұрлым тартымды болмақ...

116-тапсырма. Мақал-мәтелдердің бірін тақырып етіп алып, эссе жазыңыз.

1. Ұлық болсаң, кішік бол.
2. Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.
3. Елдің атын ер шығарар.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. «Жақсыны ұлықтай білу, жайсаңды қызықтай білу – ақылдының ғана ісі» дегенді қалай түсінесіз?
2. «Дүниеде не қиын?» дегенге қалай жауап берер едіңіз?
3. Дейл Карнеги адамдарды баурап алудың қандай тәсілдерін ұсынды?
4. Жұрт алдында сөйлеу мәдениетінің талаптарын атаңыз.
5. «Айтылған сөз – атылған оқпен тең» деген қандай жағдайда айтылады, өзіңіз қандай жағдайда қолданар едіңіз?

## **5.2 Ұлық адам – қызық адам**

117-тапсырма. Д. Қонаевтың өмір жолын хронологиялық тәртіппен баяндап, мәтінді мазмұндаңыз.

### **Дінмұхамед Қонаев**

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912-1993) – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО, шет ел ордендері мен медальдарының иегері.

Верный (қазіргі Алматы) қаласында қызметкердің отбасында өмірге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін, Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті оны Мәскеудегі алтын және түсті металдар институтына оқуға жібереді. Институтты ойдағыдай бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған Д. Қонаев Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, кеніштің бас инженері және оның директоры болып істейді.

Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде ол тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түседі. «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер кенішінің және КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі – Ленингор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады. 1942-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып қызмет етеді. Осында жүргенде

Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды. Тау-кен ісі саласының ірі ғалымы Д. Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми-ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылды.

Д. Қонаев 1955-1960 және 1962-1964 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-1962 және 1964-1986 жылдары Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді.

Д. Қонаев өз заманының ұлы саясаткері болды. Ол билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті бола білген азамат 82 жасқа қараған шағында кенеттен қайтыс болды.

118-тапсырма. Тірек сөздерді пайдалана отырып, «Ұлылық ұлыдан» тақырыбына эссе жазыңыз.

Тірек сөздер: *«Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», білім, рухани байлық, дана, өшпес із, ғалым, ақыл, кішіпейілділік, адамгершілік, абырой, өсиет, нақыл сөздер, ізденімпаз, парасат, халық, ғылым, сала.*

119-тапсырма. Мұхамеджан Тынышбаев туралы мәтінді оқып, мазмұндаудың жоспарын құрастырыңыз.

### **Мұхамеджан Тынышбаев**

Мұхамеджан Тынышбаев (1879-1937 жж.) – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі. М. Тынышбаев – Алашорда үкіметінің мүшесі, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді техника маманы, темір жол инженері, ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты, Қоқан автономиясының басшысы.

Туған жері – бұрынғы Жетісу облысының Лепсі уезіне қарасты Мақаншы-Садыр болысындағы Жыланды тауының етегі, қазіргі Алматы облысының Қабанбай ауданы.

Мұхамеджан Тынышбаев Верныйдағы (қазіргі Алматы) ер балалар гимназиясында орта білім алып, 1900-1906 жылдары Санкт-Петербургтегі Теміржол инженерлері институтында оқиды. Студент кезінен-ақ баспасөз беттерінде отарлық саясатты сынайтын мақалалар жазып, ел ішінде үкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізумен айналысады. 1905 жылы 19 қарашада Санкт-Петербургте өткен автономияшылар съезіне қатысып, сөз сөйлейді. Ол сөзінде патша өкіметінің отаршылдық саясатын сынға алып, ендігі жерде халыққа автономиялық дәрежеде болса да еркіндік берілуін талап етеді. 1907 жылы



II Мемлекеттік Думаға мүше болып сайланады. Одан кейінгі кезеңдерде Жетісу темір жол құрылысында қызмет ете жүріп, «Қазақ» газетін шығаруға ат салысады.

120-тапсырма. М. Тынышбаевтың өмірін төмендегі хронологиялық кесте бойынша толтырыңыз.

*Үлгі:*

Жылдар	Өмірі, қызметі

121-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

Ақпан төңкерісіне дейін Мұхамеджан Тынышбаев өзінің темір жол инженері мамандығы бойынша Орта Азияда, Жетісу облысында біраз жыл қызмет істейді. Алаштың арысы Ә. Бөкейхановтың төңірегіне топтасқан зиялы қауым өкілдерімен бірге М. Тынышбаев та жалпыұлттық «Алаш» партиясын құруға тікелей араласады. 1917 жылғы желтоқсан айында жарияланған Алашорда үкіметінің 15 мүшесінің бірі болады. Мұның алдында ол Бүкілтүркістандық V Мұсылмандар съезіне қатысып, онда жарияланған Түркістан (Қоқан) автономиясының басшысы болып сайланады. Түркістан автономиясын Кеңес үкіметі күшпен талқандағаннан кейін М. Тынышбаев Алашорда қайраткерлерімен бірігіп, большевиктерге қарсы күреседі. Одан кейінгі уақытта қазақ халқының арғы-бергі тарихына қалам тартып, ғылыми-зерттеу еңбектерін жариялайды. Қазақ шежіресін түзеді. 1937 жылы жалған жаламен қайтадан тұтқындалып, көп кешікпей ату жазасына кесіледі.

*Ұлылардан қалған сөз*

Өлеңнің мазмұнын талқылаңыз.

*Асан Қайғы*

Арғымаққа міндім деп,  
Артқы топтан адаспа.  
Күнінде өзім болдым деп,  
Кең пейілге таласпа.  
Артық үшін айтысып,  
Достарыңмен санаспа.  
Ғылымым жұрттан асты деп,  
Кеңессіз сөз бастама.  
Жеңемін деп біреуді,  
Өтірік сөзбен қостама.

122-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын баяндаңыз.

### **Шапық Шөкин**

Шапық Шөкіұлы Шөкин (1912-2003 жж.) – энергетик, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы.

1937 жылы Омбының С.М. Киров атындағы ауылшаруашылық институтын бітіріп, Қазақ КСР ауылшаруашылығын электрлендіру тресінде техник, инженер, аға инженер, бөлім меңгерушісі (1937-1943 жж.), Ғылым академиясының Қазақ филиалында ұйымдастырылған энергетика секторының меңгерушісі (1943-1944 жж.), Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу институтының директоры (1944-1988 жж.) қызметтерін атқарды.

Ол 1944-1950 жылдары Іле өзенінің суы мен энергетика қорын кешенді түрде пайдалану мәселесін зерттеді, Қапшағай бөгені мен Қапшағай су электр стансасын салу ісіне үлкен үлес қосты. 1949-1958 жылдары Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесімен Ертіс өзенін бұру негізінде шешуге болатындығын дәлелдеді. Мұның өзі Ертіс-Қарағанды каналының салынуына себеп болды. Ш. Шөкин – Сібір өзендерін Қазақстан мен Орта Азияға бұру мәселесін ғылыми тұрғыда қарастырған алғашқы ғалымдардың бірі. Оның басшылығымен осы мәселені шешудің тиімді жолдары мен жобалары айқындалды.

Ш. Шөкин Қазақстан отын-энергетикалық кешендерінің қалыптасу жолдарын анықтады, республика және оның әрбір энергоэкономикалық аймақтарының энергетикасының өсуі туралы ғылыми-техникалық болжаудың кешендік жүйелерін жасады. Ол халық шаруашылығында энергияны пайдалану және онымен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын, энергияны өндіретін қуаттың орнатылатын жерін, құрамын және мөлшерін бағалайтын тәсілді жасады. Сонымен қатар, ол ауылшаруашылығын энергиямен тиімді қамтамасыз ету туралы көптеген зерттеулер жүргізді.

Шапық Шөкин – 400-дей ғылыми жұмыстардың, оның ішінде 22 монографияның авторы. Негізгі еңбектері энергетика және су шаруашылығының болашақ дамуы мен отындық энергетиканың, баланс мәселелеріне т.б. арналған.

1961 жылы оған «Еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілді. 1982 жылы «Құрметті энергетик» атағы, 1991 жылы «Су құбылмалылығын реттеу тәсілі» атты кітабы үшін Ғылым академиясы Президиумының Қ. Сәтбаев атындағы сыйлығы, 1996 жылы Қазақстан Ғылым академиясының 50 жылдығына байланысты оған «Халық қаһарманы» атағы, 2000 жылы ғылымға қосқан үлесі үшін «Тарлан» сыйлығы берілді.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Халық қаһарманы* – еліміздің бостандығы мен тәуелсіздігі жолында азаматтық және жауынгерлік ерлік көрсеткендерге берілетін атақ.

*Сіз білесіз бе?*

Академик Шапық Шөкиннің есімімен нелер аталады? Олар:

- Қазақ ғылыми-зерттеу энергетика институты;
- Павлодар қаласындағы көше;
- Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президиумының энергетика саласындағы сыйлығы;
- Тәуелсіз Қазақстанның өндірісіне көрнекті инженерлік өңдеулер мен прогрессивті технологияларды енгізіп, өнеркәсібінің дамуына үлкен үлес қосқаны үшін Қазақстан Республикасының ұлттық инженерлік академиясының сыйлығы;
- С. Торайғыров атындағы ПМУ-да Ш. Шөкиннің атаулы шәкіртақысы;
- Баянауылда Даңқ алейасында бюст;
- Қазақ ғылыми-зерттеу энергетика институтында ашылған Шапық Шөкиннің атындағы мемориалдық мұражай.

123-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

1992 жылы Ш. Шөкиннің есімі Қазақ ғылыми-зерттеу энергетика институтына (ҚазҒЗЭИ) берілді. Ш. Шөкин атындағы ҚазҒЗЭИ қазір энергетиканың көптеген салаларын қамтитын еліміздегі ірі ғылыми мекемелер қатарына жатады. Онда энергетиканың фундаментальды негіздері және барлық техникалық (жалпы энергетика, жылу энергетикасы, су энергетикасы) салалары бар.

ҚазҒЗЭИ қарамағында қуаты 750 кВт тәжірибелі су электр стансасы, Ермактың мемлекеттік аймақтық электр стансасы қазанының мөлшері 5 есе кішірейтілген отты моделі, өндіріске жақындатылған энерготехнологиялық циклон камерасы, кернеуі 110-220-500 кВ электр энергияны өткізетін желінің тәжірибелі полигоны, 2 үлкен гидравликалық зертхана, Ермактың мемлекеттік аймақтық электр стансасында газды тазартатын тәжірибелі стенд, механикалық шеберханасы бар.

Институттағы зерттеу жұмыстарын іске асыруда онда дайындалған экспериментальдық құралдар мен қондырғылардың маңызы өте жоғары бағаланды.

Ш. Шөкин институтта басшылық еткен жылдары 20 ғылым докторы мен 200-ден аса ғылым кандидаты дайындалды. Олар республикамыздың көптеген ғылыми мекемелерінде, жоғары оқу орындарында еңбек етуде.

124-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Біз білетін ұлы адам» тақырыбына сайыс өткізіңіздер.

*Сайыс кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:*

- 1-кезең. Ұлы адамның өмірі туралы мәлімет беру;
- 2-кезең. Оның шығармашылығы мен қызметіне тоқталу;
- 3-кезең. Даналық ойларын, нақыл сөздерін жатқа айту.

125-тапсырма. «Ұлы ғалым өмірі – ұрпаққа өнеге» тақырыбына презентация дайындаңыз.

126-тапсырма. Берілген сөздерге глоссарий құрастырыңыз.

*Қайраткер* –

*Энергетик* –

*Ғалым* –

*Академик* –

*Профессор* –

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. *Ұлы, ұлылық, дана, данышпан, ғұлама* деп кімдерді айтамыз?

2. Қазақ халқының ұлы тұлғалары мен қоғам қайраткерлерінен кімдерді білесіз?

3. Д. Қонаев есімі туралы не білесіз?

4. М. Тынышбаев туралы не білесіз?

5. Ш. Шөкин есімімен нелер аталады?

## **6 Халықаралық сыйлықтар**

### **6.1 Альфред Нобель сыйлығы**

*Нобель сыйлығы* (швед тілінде *Nobelpriset*, ағылшын тілінде *Nobel Prize*) – жыл сайын әйгілі ғылыми зерттеулер, революциялық жаңалықтар немесе мәдениет пен қоғам дамуына зор үлес қосатын жұмыстар үшін берілетін халықаралық сыйлықтардың ішіндегі ең танымалдарының бірі.

Нобель сыйлығының алғаш дүниеге келуіне жеке ықпал еткен шведтік белгілі химик Альфред Нобель болды. Парижде 1895 жылы жазылған өзінің аманат хатында А. Нобель қалдырған капиталын қалай пайдалану керектігі туралы жазды. Қайтыс болар алдындағы оның қалдырған байлығы – 92 млн доллар. Өзінің өмір бойғы жиып-терген бар байлығын адам игілігі жолында ұлан-ғайыр қызмет жасап, жаһандық жаңалықтар ашқан тұлғаларға сыйлық ретінде үлестіріп беруді мұра етті.

Нобель өсиеті 1896 жылы 10 желтоқсанда күшіне енді. Альфред Нобель қайтыс болғаннан кейін Нобель қоры құрылды. Нобель қоры жеке және тәуелсіз ұйым болып табылады. Барлық қаржылық, ұйымдастырушылық мәселелерді «Нобель қоры» ұйымы шешеді. Нобель сыйлығын кімге беруді Нобель қоры шешпейді. Нобель өз аманат хатында: «Физика саласындағы сыйлық туралы Швед ғылым академиясы, медицина саласындағы сыйлықты Стокгольм медицина институты, әдебиет саласындағы сыйлықты Стокгольмдегі академия, бейбітшілікті нығайту туралы сыйлықты Норвегия парламенті сайлаған бес адамнан тұратын арнайы комитет шешу керек», - делінген болатын. Осыған байланысты Нобель сыйлығына үміткерлерді таңдау, іріктеу, бекіту үшін арнайы комитет құрылған.

Оның жарғысын Швецияның Корольдік кеңесі 1900 жылғы 29 шілдеде бекітті. Араға бір жылдан астам уақыт салып, 1901 жылы 10 желтоқсанда, яғни

Нобель қайтыс болған күні тұңғыш рет алғашқы Нобель сыйлықтары өзінің лайықты иелеріне табыс етілді.

Қазіргі күнде Нобель сыйлығы бүкіл әлемге танымал. Нобель сыйлығы өсиетнамаға сәйкес мына бес сала бойынша беріледі: 1) әдебиет; 2) физика; 3) химия; 4) физиология және медицина; 5) бүкіл әлемде бейбітшілік жасауға іс-әрекет.

127-тапсырма. «Альфред Нобель сыйлығы» мәтінін оқып, қысқаша мазмұнын баяндаңыз.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

Етістіктің *йы, йі* дыбыстар тіркесіне аяқталып туынды түбіріне көсемшенің *-й* жұрнағы жалғанғанда *ый, йй* әріптерінің орнына бір ғана *и* жазылады. Мысалы: халқымыз байыды – халқымыз байиды.

*Ы, і* дыбыстарына біткен етістіктерге көсемшенің *-й* жұрнағы жалғанғанда, қосар *ый, йй* әріптерінің орнына *и* әрпі жазылады: жібі+й(ді) – жібиді, оқы+й(ды) – оқиды.

*Сый, тый* түбір сөздерінен өрбіген сөздерде ғана *й, я, ю* әріптерінің алдынан *ы* жазылады: сый, сыйлық, сыяды, сыю, тый, тыяды, тыюлы.

Қосарлы *сс, лл, мм, тт* дыбыстарына немесе *ст, сть, зд* дыбыстарына біткен кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, қосар дыбыстың соңғысы немесе соңғы *т, ть, д* дыбыстары түсіріліп жазылады. Мысалы: грамм – грамдап, съезд – съезге.

*Сауатты жазуға дағдыланыңыз!*

Берілген сөздерге қосымша жалғап, ондағы өзгерістерге түсінік беріңіз. Бірнеше сөйлем құраңыз.

Фестиваль, грамм, сынып, повесть, прогресс, металл, ансамбль, конспект, диск, кітап, спектакль, банк, тый, тап, факт, оқы, фонд, сый, съезд, пункт, ведомость.

### **Сөз қолданысындағы грамматикалық тәсілдер**

Адам сөйлескенде, әр алуан мәселелер жайында баспасөз, радио, теледидар арқылы ой-пікірді баяндағанда, алдымен, айтатын ойының түсінікті болуын көздейді. Оның ар жағында ойдың белгілі мақсатқа лайық әрі әсерлі болуы көзделеді.

Мақсатты ойды түсінікті әрі әсерлі етіп айту үшін тілде барды дәл тауып, өз орында дұрыс пайдалану оңай міндет емес.

Адам ойының ұшы-қиыры жоқ. Сондай-ақ, тіл байлықтары да ұшан-теңіз. Сол теңіз дүниесіне сүңгіп, ой өрнектеріне керекті тілдік материалдар мен грамматикалық тәсілдерді дұрыс пайдалана білу үлкен шеберлікті керек етеді.

Грамматика мәселелерін екі түрлі ыңғайда қарастыруға болады:

1) тілдің грамматикалық ережелері мен заңдарын айқындау мақсатында;

2) грамматикалық тұлғалар мен грамматикалық тәсілдерді қалай пайдаланғанда, ойымыз дұрыс шығады деген тұрғыдан пайдалану.

Адам ойын айтудың негізгі формасы – сөйлем. Жеке сөйлем арқылы біршама аяқталған ойды білдіріп, оны екінші, үшінші... сөйлемдермен ұластырып, ұзын-ырғалы мақсатты ойды жеткізіп айтуға тиіспіз. Мұндайда әр сөйлемді қалай құру, қандай сөздерді пайдалану, ол сөздерді қай тұлғада жұмсау, қай сөзді қай сөзбен байланыстыру, қалай байланыстыру керек деген сияқты сұрақтар туады.

Тілдің грамматикалық құрылысы ғасырлар бойы жасалып, әбден қалыптасып қалған болса, оны өзгерте салу мүмкін емес, ол жеке тұлғаның қолынан келмейді де. Мұндай үлкен өзгерісті былай қойып, тілде барды дұрыс қолданбаған сөйлем кездесе, оған тосырма қарап, қынжыламыз. Қазақ тілінің құрмалас сөйлем жүйесі де бай. Мысалы, мезгілдік бір мағынаны толып жатқан құрмалас сөйлем түрлерін пайдаланып айтуға болады:

1. Сені көргенде, Есен көз алдыма елестейді.
2. Сені көрген кезде, Есен көз алдыма елестейді.
3. Сені көрсем, Есен көз алдыма елестейді.
4. Сені көрісімен, Есен көз алдыма елестейді.
5. Сені көрсем болғаны, Есен көз алдыма елестей қалады.

128-тапсырма. Мәтінді оқып, А. Нобельдің өмірбаянымен танысыңыз. Грамматикалық құрылымын өзгертуге болатын сөйлемдерді теріп жазыңыз.

### **Альфред Нобель**

Альфред Нобель 1833 жылы 21 қазанда Стокгольм қаласында дүниеге келді. Ол тоғыз жасқа толғанда, оның отбасы Ресейге көшті. Ресейде Нобельдер отбасы өнертапқыштар мен кәсіпкерлер арасында танымал болды. Альфред Нобельдің Ресейде өткен жастық шағы сол кезде әлем мәдениеті орталықтарының бірі болған Петербургте өтті. Онда әртүрлі ұлттардың өкілдері жұмыс істеді және өмір сүрді. Осының бәрі оның өмірге деген көзқарасына және мінезіне әсер етті. Ол ешқашан мектепте немесе университетте оқыған емес. Қажетті білімді ол өз бетінше алды. Ол ағылшын, швед, неміс, француз, орыс тілдерін білді. Он жеті жасқа келгенде Альфред Нобель жер шарын саяхаттауға шықты. Ол Германияда, Францияда, Америкада болды.

Альфред Нобельдің әкесі талантты инженер болды. Әкесі сияқты химияға қызықты. Ол бірнеше жаңалық ашып, химиямен айналысты. Сондай жаңалықтарының бірі – су асты миналары. Отбасы Швецияға оралғанда, Альфред Нобель химия зертханасында жұмыс істей бастады. Ол 1863 жылы әлемге өзін танымал еткен динамитті ойлап тапты. Нобель динамитті ойлап тапқанда, оны бейбіт мақсаттарға пайдалануды ойлады. Мысалы, жол құрылысына, шахта, тоннельдер салуға және т.б. Ал Нобельді динамит королі деп санады.

Альфред Нобель 350-ден аса жаңалық ашты. Ол әлемнің 20 шақты елдерінде 93 өнеркәсіптің негізін салды және оларды өзі басқарып, көп уақытын бөлді. Олардың банк және қаржылық мәселелерімен де өзі айналысты. 1896 жылы 10 желтоқсанда Италияның Сан-Ремо қаласында дүние салды.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Нобель сыйлығы не үшін беріледі?
2. Нобель сыйлығы қандай салалар бойынша беріледі?
3. Альфред Нобель кім? Ол қай елдің ғалымы?
4. А. Нобельдің ашқан жаңалықтары туралы не білесіз?
5. Сөз қолданысындағы грамматикалық тәсілдерге мысал келтіріңіз.

## **6.2 Нобель сыйлығының лауреаттары**

Лауреаттардың ең жасы бейбітшілік үшін сыйлығына ие болған, қазіргі АҚШ президенті Барак Обама және оның отандасы, медицина бойынша сыйлық алған Кэрол Грейдер. Олардың екеуі де 1961 жылы дүниеге келген.

Норвегиялық Нобель комитетінің АҚШ президенті Барак Обамаға Нобель сыйлығын беру туралы шешімі әлем үшін күтпеген және сенсациялық жаңалық болды. Мұндай тосын жаңалықты Скандинавиялық саясаткердер: «Көп жылдардан бері бейбітшілік сыйлығын бейбітшілік үшін күрескен ешбір саясаткер алмағандықтан, биылғы жылы Обамаға берілді», - деп түсіндірді.

Лауреаттардың ең жасы үлкені физика саласы бойынша сыйлық алған, Канадада дүниеге келіп, ұзақ жылдар бойы АҚШ-та жұмыс істеген 85 жасар Уилларда Бойла.

Нобель сыйлығын жариялау аптасы 5-12 қазан аралығында, ал марапаттау рәсімі Стокгольм және Осло қалаларында 10 желтоқсанда өтеді. Әрбір Нобель сыйлығының шамасы 10 млн (шамамен 1,05 млн. евро немесе 1,5 млн. \$) швед кронын құрайды.

129-тапсырма. «Нобель сыйлығының лауреаттары» мәтінін және ақпарат көздерін пайдалана отырып, физика саласы бойынша Нобель сыйлығының иегерлері атанған ғалымдар туралы хабарлама дайындаңыз.

130-тапсырма. Сөйлемдердің мағынасын өзгертпей, тек грамматикалық құрылымын өзгертіп жазыңыз.

*Үлгі:*

Гендрик Антон Лоренц – Голландиядағы Арнхем қаласында дүниеге келген атақты физик.

1. Атақты физик Гендрик Антон Лоренц Голландиядағы Арнхем қаласында дүниеге келген.

2. 1899 жылы оның «Қозғалыстағы денелердегі оптикалық және электрлік құбылыстарының қарапайым теориясы» атты еңбегі жарық көрген.

3. Ғалым Лоренц оң немесе теріс зарядталған материяның бөлшектерін ион деп атаған.

4. Ұлы ғалым Лоренц 1904 жылы «Жарық жылдамдығынан төмен жылдамдықпен қозғалатын жүйедегі электромагниттік құбылыстар» атты еңбегімен танылған.

5. 1902 жылы физик Гендрик Антон Лоренц Нобель сыйлығының лауреаты атанған.

131-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

### **Рентген Вильгельм Конрад**

Рентген Вильгельм Конрад – крупнейший немецкий физик-экспериментатор, первый лауреат Нобелевской премии по физике.

Родился 27 марта 1845 г. в Леннепе близ Дюссельдорфа. В 1865-1868 гг. учился в Высшей технической школе в Цюрихе, в 1868 г. защитил докторскую диссертацию в Цюрихском университете. В 1871-1873 гг. работал в Вюрцбургском, в 1874-1875 гг. – в Страсбургском университете. В 1875 г. стал профессором математики и физики Высшей сельскохозяйственной школы. С 1876 г. – профессор Страсбургского университета, в 1879 г. по рекомендации Г. Гельмгольца получил место профессора Гессенского университета. В 1888-1900 гг. – профессор Вюрцбургского (в 1894 г. избран ректором), а в 1900-1920 гг. – Мюнхенского университета. В 1895 г. Рентген открыл излучение с меньшей, чем у УФ-лучей, длиной волны (X-лучи), названное впоследствии рентгеновским, и исследовал его свойства: способность отражаться, поглощаться, ионизировать воздух. Первым сделал фотоснимки в рентгеновских лучах. Рентгеновское излучение широко применяется в изучении строения атома, структуры кристаллических веществ (в том числе одномерных кристаллов, какими являются некоторые биологические макромолекулы); благодаря высокой проникающей способности используется в медицине. В 1901 г. за открытие X-лучей Рентгену была присуждена Нобелевская премия.

Рентген умер в Мюнхене 10 февраля 1923 г.

132-тапсырма. Мәтін бойынша жоспар құрап, мазмұнын баяндауға дайындалыңыз.

### **Әбілхан Үмбетов**

Әбілхан Үмбетов – Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы, профессор, физика-математика ғылымдарының кандидаты.

Ә. Үмбетов кандидаттық диссертациясын 1984 жылы Ленинград қаласындағы В. Ульянов атындағы Ленинградтық электромеханикалық институтында қорғаған. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында бірнеше жауапты қызметтер атқарған. Атап айтқанда, 1992 жылға дейін физика және физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі, 2000 жылға дейін



физика-математика факультетінің деканы, 2004 жылға дейін сырттай оқу бөлімінің деканы және т.б. жауапкершілігі мол лауазымдарда еңбек еткен. 2004 жылы Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, 2008 жылы физика-математика ғылымдары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алған (Йорк университетінің ғылыми кеңесі бекіткен, Алабама штаты, АҚШ). Өмірін ғылым мен жастарға тәлім-тәрбие беруге арнаған ұстаз 2012 жылы Қазақстандағы ЖОО-лардың үздік 200 оқытушысының қатарына енген.

2013 жылдың басында «Ғылым» аталымында облыстық меценаттар клубы сыйлығының иегері атанды. Енді қазақстандықтың ғылымға қосқан үлесін халықаралық деңгейде аңғарды. Ғалым Ә. Үмбетов Ресей жаратылыстану академиясының сыйлығы физика саласындағы өнертапқыштықты дамытуда қосқан үлесі үшін Нобельдің алтын медаліне қол жеткізді. «Лазерлік өлшем құрылысы» атты ғылыми-зерттеу жұмысы да бұл сыйлықты алуға себеп болды.

133-тапсырма. Достай Раманқұлов туралы «Мен білетін ұлы ғалым» тақырыбына эссе жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Нобель сыйлығының иегерлерінен кімдерді білесіз?
2. Физика саласы бойынша кімдер Нобель сыйлығын иеленді?
3. Нобель сыйлығының иегері атанған қазақстандық ғалымдардан кімдердің есімін атап едіңіз?
4. Достай Раманқұлов туралы не білесіз?
5. Нобель сыйлығын алуға Ә. Үмбетовтің қандай ғылыми-зерттеу жұмысы себеп болды?

## **7. Қоғам және жастар**

### **7.1 Қоғамның басты байлығы – дарынды жастарда**

Қоғам адамзат өркениетінің біліміне, адамгершілік-этикалық нормаларына тікелей қатысты дамиды. Біздің бүгінгі тәуелсіз қоғамымыз бен егемен еліміздің негізгі үміті – жастар. Жастарға сенім арту – барлық қоғамға тән құбылыс. Бүгінгі жастар – келешек ұрпақ. Жастар – ғылыми-техникалық және экономикалық прогрестің негізгі қозғаушы күші, қоғамның жемісті дамуының кепілі.

Мемлекеттің тағдыры мен жастардың тағдырын бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды. Әр елдің бүгінгі мен болашағы жастарға байланысты. Халықтың басым бөлігі де, негізгі күші де – жастар. Жастар – еңбекке қабілетті, физикалық және зияткерлік әлеуеті жоғары, қоғамды алға жетелеуші күш. Қай қоғамда болмасын мемлекет нақты, жүйелі жастар саясатын жүргізіп отырған. Өзінің ұрпағына озық білім мен тәрбие беріп, сауатын ашуға, жақсы жағдай

жасауға тырысқан. Осыған байланысты қазіргі қоғамда саналы, ұлтжанды, рухани бай, ой-өрісі биік, дүниежүзілік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу мақсатында арнайы мемлекеттік саясат жүргізіледі. Қазақстан Республикасында Жастар саясаты туралы заң 2004 жылы қабылданды.

Қазақстанның болашағы Қазақстан жастарының даму деңгейімен, олардың қоғамға ықпал етуімен байланысты, сондықтан да қоғамның басты байлығы – дарынды жастардың қолында.

134-тапсырма. «Қоғамның басты байлығы – дарынды жастарда» мәтіні бойынша бір-бірлеріңізге сұрақ қойып, диалог құрастырыңыз.

### Модальдық мағынаның берілуі

*Модаль сөздер* деп сөйлеу барысында айтылатын ойға сөйлеушінің жеке көзқарасын білдіру үшін жұмсалатын сөздерді айтамыз.

Модальдық сөздердің семантикалық сипаты төмендегідей болып бөлінеді:

1) болжал мәнді модальдық мағынаны білдіретін сөздер: *сияқты, сыңайлы, сынды, секілді, сықылды, тәрізді, мүмкін, шамасы, бәлкім, болар, шығар* т.б.;

2) міндеттілік модальдық мағына беретін сөздер: *керек, қажет, тиіс* т.б.;

3) айтылған хабардың ақиқаттығына әбден көзі жеткендігі модальдық мағынаның тағы бір түрі болып табылады: *көрінеді, екен* т.б.;

4) біреудің сөзі не бір дерек негізінде айтылатын модальдық мағына беретін сөздер: *де (деседі, деген сөз бар), дейді, деп* т.б.;

5) қостау (растау) мағынасында қолданылатын модальдық мағына беретін сөздер: *рас, расында, шынында, анығында* т.б.;

б) айтылған ой жөніндегі нық сенімді білдіретін сөздер: *әрине, әлбетте* т.б.;

7) тілек, қалау мәнді модальдық мағынаны білдіретін сөздер: *-са/-се екен, -са/-се деймін* т.б.;

8) күмән (күдік) ұғымын білдіретін модальдық мағына беретін сөздер: *-ар ма екен, кім біледі, -са неғылсын* т.б.

135-тапсырма. Модаль сөздерді пайдалана отырып, бірнеше сөйлем құрастырыңыз.

Дайындалу қажет, сақтауға міндетті, хабарласуым керек, білуі тиіс, баратын секілді, келсе деймін, айтар ма екен, білетін көрінеді, барып келуі мүмкін, жеңіп шығатын сияқты.

136-тапсырма. Сөйлемдерден модаль сөздерді тауып, негізгі сөздермен тіркесін көрсетіңіз.

Үлгі: *сияқты – келісіп қойған сияқты.*

1. Бұл шаруаны мекеме басшысымен келісіп қойған сияқты. 2. Билік жастарға ертеңгі күні елдің тұтқасын ұстайтын буын деп қарау керек.

3. Мемлекет нақты, жүйелі жастар саясатын жүргізіп отырса деймін. 4. Жастар саясаты жұмысын бір жүйеге келтіру қажет. 5. Қазіргі заман мамандары өз кәсібінде де, ғылымда да тек қана жаңашыл емес, сондай-ақ көшбасшы да бола білулері керек. 6. Олар соңғы техника жетістіктерін меңгеріп шығатын тәрізді. 7. Жастар елдің жаңа бет-бейнесін жасап, жаңа идеяларды ұсынуға және Қазақстанды жаңартудың негізгі қозғаушы күші болуға тиіс. 8. Әрбір азамат ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіретін тәрбие жұмысын жүргізуге міндетті. 9. Жұмыс беруші жеке басыңыз бен біліктілігіңізден басқа да сұрақтар қоюы мүмкін.

137-тапсырма. Мәтіннің мазмұнына өз ой-пікіріңізді әрекеттің болжал мәнді, міндеттілік, тілек (қалау) мәнді модальдық мағынаны білдіретін сөйлемдермен толықтырыңыз.

### Қоғам мен жастар

Қазақстан Республикасында жастардың қоғамға, экономикалық өмірге араласу жағдайын жақсарту, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, жастарға көмек және әлеуметтік қызметтер көрсету жөнінде жастар саясаты іске асуда...

138-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

<i>Қазіргі қоғамдағы жастардың негізгі проблемалары</i>	<i>Себебі неде деп ойлайсыз?</i>

139-тапсырма. Берілген сөздерге глоссарий құрастырыңыз.

*Қоғам –*

*Жастар –*

*Мемлекеттік жастар саясаты –*

*Жастар ұйымы –*

*Жастарға көмек және әлеуметтік қызмет көрсету –*

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Жастар саясаты туралы заң қашан қабылданды?
2. Жастар саясатын қандай бағдарламалар іске асыруда?
3. Қазіргі қоғамда жастар қандай болуы керек деп ойлайсыз?
4. «Әр елдің бүгінгі мен болашағы жастарға байланысты» деген пікірмен келісесіз бе? Ойыңызды дәлелденіз.
5. Сіз білім алып жатқан жоғары оқу орнында Жастар ісі жөніндегі комитет бар ма? Ол қандай іс-шараларды ұйымдастырады?

## 7.2 Жастар және қоғамдық ұйымдар

Жастар – мемлекеттің қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысушылардың бірі және қоғамның маңызды құрамдас бөлігі.

Жастар ұйымдарының басым көпшілігін құқықтық мәдениетті қалыптастыру, жастардың құқықтары, бостандықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету мәселелері бойынша оларға ақпараттық-кеңес берушілік, әлеуметтік көмек көрсету бойынша қызмет ететін бірлестіктер құрайды. Барлық қоғамдық бірлестіктердің жұмыс атқару формалары мәдени-көпшілік және патриоттық акциялар, қайырымдылық іс-шаралары, интеллектуалдық ойындар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқалары болып табылады.

Жастар саясатын іске асыру мақсатында елімізде түрлі жастар қоғамдары мен ұйымдары жұмыс істейді. Республикалық түрлі бағдарламалар қабылданды. Мысалы, «Қазақстанның болашағы үшін» атты республикалық жастар қозғалысы, «Қазақстан жастары» атты жалпы республикалық бағдарлама т.б.

Республикамызда «Жас Отан» жастар партиясы жұмыс істейді. Еліміздегі республикалық іс-шаралар, сайыстар, жарыстар негізінен осы жастар қоғамдары мен ұйымдарының арқасында іске асады.

Университеттердің Жастар ісі жөніндегі комитеті дәстүрлі және басқа да мерекелік іс-шараларды ұйымдастырады.

140-тапсырма. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап беріп, пікір алысыңыз.

1. Еліміздегі қандай жастар ұйымы (қоғамы) туралы білесіз?
2. Сіз жастар ұйымын құрсаңыз, ол қандай болар еді?
3. Өзіңіз құрған жастар ұйымында қандай мәселелерді көтерер едіңіз?

141-тапсырма. Мәтіннен модаль сөздер қатысқан сөз тіркестерін теріп жазыңыз.

Қай мемлекеттің болсын ертеңі – білімді жастардың қолында. Білімді де білікті жастар – еліміздің ертеңгі тірегі. Сондықтан да ата-бабамыз «Бұлақ көрсең көзін аш» деп тегін айтпаса керек.

Қазіргі таңда тәуелсіз мемлекетімізде жастарға білім мен тәрбие беру, оларды барынша әлеуметтік тұрғыда қолдау, ел келешегіне өз үлесін қосатын азамат болып қалыптасуына барлық жағдай жасалған сияқты. Сондықтан жастарымыз «Тек қана алға!» деген ұранды ту етіп, алға ғана ұмтылуы тиіс.

Еліміздің барлық аймағында жастар тәрбиесімен кешенді жұмыс жүргізілуде. Осы мақсатта 2004 жылы республика бойынша «Жас Отан» Жастар қанаты құрылды. Оны құрудың мақсаты – жастардың қоғамдағы маңызды рөлін, белсенділігін арттыру.

142-тапсырма. Мәтінді бірнеше бөліктерге бөліңіз. Әр бөліктің негізгі ойын білдіретін сөйлемдерді табыңыз. Әр бөлікке атау беріңіз.

Жастар саясатын жүзеге асыруда қазіргі таңда мемлекеттік мекемелермен қатар үкіметтік емес ұйымдар да жұмыс жасап келеді. Бұл ұйымдар жұмысының басты бағыты – қоғамдағы жастар мәселесі. Атап айтсақ, жастарды отансүйгіштікке баулу, адам құндылықтары мен мәдениаралық келісімге үйрету, студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау т.б. көптеген бағыттарда жұмыс істейді. Сонымен қатар, мұндай ұйымдардың жұмысы Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясаты тұжырымдамасында көрсетілгендей, жас адамның саяси, әлеуметтік-экономикалық жеке құқықтары мен бостандықтарын толық тануға негізделеді. Жастар түйткілін көтеріп, өзекті мәселелерді шешуде белсенділік танытып жүрген кейбір ұйымдардың жұмысын ерекше айтуға болады. Олар: республикалық жастар ұйымдарының облыстық филиалдары «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл ел» және студенттік құрылыс отрядтарының облыстық штабы, «Шымкент студенттер Альянсы» корпоративтік қоры, «Ауыл жастары одағы» қоғамдық ұйымдары мен облыстық «ОҚО жастар мәслихаты» жастар ұйымы, «Тұран» және «Ұшқын» жастар ұйымдары т.б. Сондықтан да қоғамның белсенді бір бөлігін құрайтын жастар проблемасын шешу әрдайым басты назарда болмақ.

143-тапсырма. Өлеңді жаттап алыңыз.

### **Мен жастарға сенемін**

*М. Жұмабаев*

Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты –  
Қырандай күшті қанатты.  
Мен жастарға сенемін!  
Көздерінде от ойнар,  
Сөздерінде жалын бар,  
Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін!..  
Тау суындай гүрілдер,  
Айбынды алаш елім дер,  
Алтын Арқа жерім дер,  
Мен жастарға сенемін!  
Қажу бар ма тұлпарға,  
Талу бар ма сұңқарға,  
Иман күшті оларда,  
Мен жастарға сенемін!..  
Мен сенемін жастарға.  
Алаш атын аспанға  
Шығарар олар бір таңда,  
Мен жастарға сенемін!

мен жастарға сенемін – я верю молодым  
айбатты – грозный

қайратты – энергичный  
көздерінде от ойнар – в глазах пылающий огонь  
жаннан қымбат оларға ар – честь для них дороже жизни

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырда адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші... Бүгінгі күн – талантты, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері бар адамдардың уақыты.

*Н. Назарбаев*

144-тапсырма. Сұрақтар төңірегінде жауап беріңіз.

<i>Сұрақтар</i>	<i>Сіздің ойыңызша</i>
Ақын жастарға неліктен сенеді?	
Ақынның сенген жастары қандай?	
Қазіргі жастар қандай болуы керек?	

145-тапсырма. Өз ойыңызды қосып, мақал-мәтелдердің мағынасын кеңейтіңіз.

1. Жас келсе – іске.
2. Бұлақ көрсең, көзін аш.
3. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.

146-тапсырма. «Білікті маман – қоғам сұранысы» тақырыбына эссе жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Жастар ұйымы не үшін құрылады?
2. Жастар ұйымы қандай қызмет атқаруы тиіс?
3. Жастар ұйымын құрудың пайдасы бар ма?
4. «Жас Отан» Жастар қанатын құрудың мақсаты қандай?
5. Мемлекеттік жастар саясаты қандай бағыттарда жүргізілуі тиіс деп ойлайсыз?
6. Модаль сөздердің қолданылу ерекшелігі неде деп ойлайсыз?

## **8 Жарнама және бәсеке**

### **8.1 Жарнама – ақпараттың бір түрі**

Жарнама (франц. *reclame*, лат. *reclamo* – жар саламын) – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар,

ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармашылығы туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.

Жарнама көпшілік ақпарат құралдары арқылы жүзеге асырылатын адамдар арасындағы қатынастың бір түрі болып табылады. Жарнаманың мақсаты – ақпарат беру, сұранысты жоғарылату, фирманың имиджін көтеру.

Жарнаманың түрлері көп. Олар: *сату орнындағы жарнама, институционалдық (жақсы пікір қалыптастыру мақсатында) жарнама, хабарламалық жарнама, сауда және көлік жүйесіндегі жарнама, көше жарнамасы (плакат, афиша), ауызша жарнама, баспалық жарнама т.б.*

Жарнамалар мәтіні қысқа, түсінікті, мағыналы әрі тартымды болу керек. Сонда жарнаманың сапасы жоғары болады.

«Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы №508-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған. Ол Заң Қазақстан Республикасының аумағында жарнама жасау, тарату, орналастыру және пайдалану процесінде туындайтын қатынастарды реттейді.

147-тапсырма. Мәтіндегі түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, сөздік құрастырыңыз.

148-тапсырма. «Жарнама – ақпараттың бір түрі» мәтініне диалог дайындаңыз.

149-тапсырма. Сұраққа жауап бере отырып, кестені толықтырыңыз.



150-тапсырма. Сөйлемдерді тиісті сөздермен толықтырыңыз.

*Қажетті сөздер:* көлемін, жарнамалауға, қызметіне, орталықтары, кәсіпорындарда, орындарында, елдері.

ТМД ... ішінде Ресей мен Украина, Балтық бойы мемлекеттерінің жоғары оқу ... жарнама, көпшілікпен жұмыс істеу мамандықтары бойынша білім беріледі, ірі ..., әсіресе біріккен фирмаларда жарнама ... құрылған.

Жекелеген отандық компаниялардың, қаржы-несие мекемелерінің жарнама ... белсене араласа бастауы бұл саланың елімізде өріс алатынын

байқатса керек. Негізінен алғанда тауар түрлерін ... бағытталған баспасөз хабарламаларының, теледидар роликтерінің діттейтін мақсаты өнім өткізу ... ұлғайтуға жәрдемдесу болып табылады.

151-тапсырма. Аударыңыз.

Реклама – это одна из форм массовой коммуникации. Она передает различные типы маркетинговой информации, направленной на достижение понимания между продавцами и покупателями на рынке. Реклама не только информирует о продукции, но и одновременно трансформирует ее в некий образ, который становится в сознании покупателя неотделимым от фактических сведений о качествах рекламируемого товара.

Реклама также выполняет социальную роль, и не одну. Она информирует нас о новой и улучшенной продукции и учит, как пользоваться этими новинками.

### Әдеби тіл және оның нормалары

*Әдеби тіл* – жазу арқылы белгілі жүйеге түскен, өңделген, сұрыпталған жазу дәстүрі мен әртүрлі жазба әдебиетінің негізінде қалыптасқан, орныққан, тұрақты нормалары, стильдік жанрлық тармақтары бар, жалпыға бірдей түсінікті, ортақ, қоғамдық қызметі әр алуан жалпы халықтық тілдің екшеленген, сұрыпталған түрі. Қазақ әдеби тілінің жазба түріне байланысты қалыптасқан нормалары бар:

1) *лексикалық норма* дегеніміз – әдеби тілдің жалпыға ортақ сөз байлығының қалыптасқан тұлғада, жалпыға ортақ мағынада жұмсалуды (3 кесте). Лексикада бірізділікті көбінде термин сөздер танытады. Әдеби тілдің лексикалық нормасына жатпайтын сөздер бар: а) *диалект сөздер*; ә) *кәсіби сөздер*; б) *дәрекі, былапыт, жаргон сөздер*. Бұлар – әдеби тілдің, тіл мәдениетінің ата жауы.

3 кесте – Лексикалық норманың берілуі

<i>Лексикалық нормаға жатпайтын сөздер</i>	<i>Лексикалық норма</i>
әңгелек	қауын
атыз	арық
ағаш үй	киіз үй
шаттауық	жаңғақ
қуып кету (жаргон)	орынсыз сөйлеу

Сөз арасында *нетіп, жаңағы, яғни, сөйтіп* т.б. сөздерді бірнеше қайталап қолдану да лексикалық нормаға үйлеспейді;

2) *орфографиялық норма* (гректің «дұрыс жазамын») – жазу дәстүрінде қолданылатын тарихи қалыптасқан жазу жүйесін қамтитын тіл нормаларының жиынтығы. Қазақ тілі морфологиялық қағиданы ұстанады, яғни сөз түбірін сақтап жазу;



3) *орфоэпиялық норма* (гректің «дұрыс айтамын») – бір қалыпты дыбысталуды қамтитын тіл нормаларының жиынтығы. Қазақ орфоэпиясының негізі – үндестік заңында (4 кесте);

4 кесте – Орфографиялық, орфоэпиялық нормалардың берілуі

<i>Орфографиялық норма</i>	<i>Орфоэпиялық норма</i>
әдеби	әдебій
ауызша	ауұшша
өлең	өлөң
қиын	қыйын
түсініктеме	түсүнүктеме

4) *грамматикалық норма* деп – грамматикалық амал-тәсілдердің тұлғаларының құралу тәртібі арқылы белгілі қалыпқа түсіп, жұртқа әбден дағдылы болған сөздер. Мысалы, қазақ тілінде көптік жалғауы арқылы топтық мән білдіріледі: *Алыстан ақжаулықтылар көрінді* (бұл мысалдан а) алыстан келе жатқан әйел адамдар; ә) жасы егде тартқан адамдар; б) аналар; в) бірнешеу екендігін түсінеміз).

152-тапсырма. Төмендегі сұрақтар негізінде пікір алысыңыз.

1. Қазақ тіліндегі барлық сөздер лексикалық нормаға жата ма?
2. Қандай диалект сөздерді мысалға келтірер едіңіз. Оның әдеби тілдегі лексикалық нормасын атап бере аласыз ба?
3. Топтастарыңыз (замандастарыңыз) қолданатын жаргон сөздерге мысал келтіріп, олардың әдеби тілдегі баламасын атаңыз.

153-тапсырма. Кестедегі сөздерді орфографиялық норма бойынша жазыңыз.

<i>Орфоэпиялық норма</i>	<i>Орфографиялық норма</i>
ылайық	
көнө	
бүкүл	
көшпашшы	
жұмұшшұ	
ағалінілі	
ғылымій	
сұутегі	
түйуу	
түсүү	

*Сіз білесіз бе?*

Жарнама тарихы туралы мәтінді орфоэпиялық нормаға сай мәнерлеп оқыңыз. Сөздер мен сөз тіркестерінің айтылуы мен жазылуы арасындағы айырмашылықтарды түсіндіріңіз.

Жарнаманың қарапайым түрлері б.з.б. пайда болды. Ежелгі Грекия мен Ежелгі Римде жарнама хабарландыруларын ағаш тақтайларға жазып, халық көп жиналатын алаңдарда айғайлап, жар салатын болған. Баспаға басылған жарнамалар Англия мен Францияда XVII ғасырда пайда болған.

Жарнама қазақ халқына да ежелден белгілі. Оның ауызша үлгілері фольклорлық әдебиетте «жарлық шашу», «жар салу» ұғымдарымен берілген. Жарнама үлгілері «Қобыланды батыр», «Оғызнама» жырларында берілген. XIX ғасыр аяғында «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты» газеттерінде саяси-экономикалық мәселелерге байланысты, оқу-ағарту, әдебиет және өнер-білім бойынша жарнамалар берілген.

XX ғасырда жарнаманың мақсаты мен мазмұны кеңейді, ішкі құрылымы сараланды. Нарықтық экономиканың қанат жаюына орай Қазақстанда жарнамалық қызмет түрлері сан алуан болып дамуда.

154-тапсырма. Өз ойыңызды қосып, мәтінді кеңейтіңіз.

Бүгінгі әлеуметтік, экономикалық тыныс-тіршілігімізді жарнамасыз көзге елестету мүмкін емес. Жарнама күнделікті өмірдің құрамдас бөлігіне, өзіндік заңдылықтары бар қоғамдық құбылысқа айналды.

Жарнама сауданы жүргізетін тетік қана емес, сондай-ақ тұтыну мәдениетін жаңа биіктерге көтеретін өркениет үдеткіші де болып отыр...

155-тапсырма. Аударыңыз.

Компания «N» постоянно работает над расширением спектра услуг, предоставляемых в международном роуминге. На сегодняшний день компания имеет договоренности в области автоматического роуминга с 225 операторами в 101 стране мира и области GPRS роуминга – с 7 операторами в 5 странах. Помимо этого, компания имеет роуминговое соглашение с операторами спутниковой связи N и NN.

Обеспечивая масштабное покрытие, компания внедряет новейшие технологии с целью предоставления услуг мобильной связи лучшего качества. В настоящее время сеть компании на всей территории Казахстана предоставляет абонентом возможность использования таких новейших разработок, как GPRS, WAP, Mobile Video, MMS и др.

WAP – Интернеттің ұялы WAP-қорларына ұялы қондырғылардан қосымша құрал-жабдық (компьютер, ноутбук және т.б.) пайдаланбай-ақ, тікелей қол жеткізу қызметі. WAP қызметін пайдаланушылар ақпараттық-ойын-сауық қорларының ауқымды түріне қол жеткізе алады.

WAP қызметі GPRS технологиясының барлық артықшылықтарын пайдалануға мүмкіндік береді және барлық санаттағы абоненттердің байланысуына мүмкіндік бар.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Жарнама тарихы туралы не білесіз?
2. Жарнаманың қандай түрлері бар?

3. Жарнама не үшін қажет?
4. Жарнаманы қалай тарату тиімді деп ойлайсыз?
5. Жарнаманың қоғамдағы қызметі қандай?
6. Қазақша жарнаманың қазіргі сипаты туралы не айтасыз?
7. Жарнамаға деген көзқарасыңыз қандай?

## 8.2 Жарнама сауаттылығы

Қазір жарнаманың мақсаты мен мазмұны кеңейіп, икемділігі артты. Жарнама тілінің ішкі құрылымы сараланды. Нарықтық экономиканың қанат жаюына орай Қазақстанда жарнамалық қызмет түрлері сан алуан болып дамуда. Жарнаманың стратегиясымен айналысатын жарнамалық компаниялар пайда болды. Жарнамалық қызмет жанданған сайын бәсеке де қыза түседі.

Жарнама агенттігі жаңа тауарды жарнамалаумен айналысады, тауар туралы ақпарат береді. Жарнама тауардың өтімділігін арттырады әрі тұтынушыларды өзіне тартады.

Жарнама:

- өндіріс пен сауда саласын тұтынушыға қажетті пайдалы ақпаратпен қамтамасыз етеді;
- тауар маркасының өміршеңдігі мен танымалдығын қолдап отырады;
- бұқаралық ақпарат құралдары тіршілігінің ең маңызды көздерінің бірі болып табылады;
- жұмыс орындарын аша отырып, халықтың еңбекпен қамтылуына жағдай жасайды;
- жаңа өнімдер мен соны білімнің өмірге енгізілуіне себепкер болады.

156-тапсырма. «Жарнама сауаттылығы» мәтінді оқып, аударыңыз.

157-тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, «Жарнаманың адам өміріне тигізер пайдасы қандай?» тақырыбына әңгімелесіңіз.

*Келіңіз, сөйлесейік!*

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз! Не іздеп едіңіз? Қандай көмегім қажет?
- Біз «Қазақстан» ұлттық телеарнасынан келіп едік. Бізге ноутбук және түсірілімге ыңғайлы техникалық құрал-жабдықтар керек.
- Бізде SONY, PANASONIC компанияларының өнімдері бар. Ең соңғы үлгілері де бар. Бірақ олар өте қымбат.
- Біз оны компаниямен шарт жасау арқылы алғымыз келеді. Сондықтан ...
- ... ..?
- ... .. .
- ... .. ?
- ... .. .

158-тапсырма. Жағдаяттар бойынша жарнама құрастырыңыз.

1. Өзіңіз оқитын жоғары оқу орнын мектеп бітіруші түлектерге қалай жарнамалар едіңіз.

2. Самсунг компаниясының маманы ретінде соңғы үлгідегі ұялы телефондарды қалай жарнамалар едіңіз.

3. Жаңадан шыққан техникалық тауардың презентациясын өткізіңіз. Өнімнің артықшылық жақтарын жарнамалаңыз.

159-тапсырма. Екі топқа бөлініп, «Жарнаманың адам санасына әсері» тақырыбына пікірсайыс өткізіңіз.

<i>I топ</i>	<i>II топ</i>
Жарнама адам санасына оң әсер етеді...	Жарнама адам санасына кері әсер етеді...

160-тапсырма. Мәтінді аударыңыз.

### **Бәсекеге қабілетті Қазақстан**

Өмірдің өзі – мәңгілік күрес, ол ешқашан тоқтамақ емес. Әрбір адам жеке басының бақыты үшін еңбек етіп, елінің гүлденуіне үлес қосуға тиіс. Осы талап үдесінен шыға отырып, өз бойымызға бәсекеге қабілеттілік қасиетін орнықтыру қажет. Бәсекеге қабілеттілік – ендігі өміріміздің бағдары. Оның негізгі кілті – білім. Адамзаттың жинақтаған тәжірибесін меңгергенде ғана білімді боламыз және бәсекеге қабілетті деңгейге көтерілеміз.

XXI ғасыр барлық қоғамның алдына осы міндетті жүктейді. Әркім бәсекелестік алаңында өзінің қарымына, қабілетіне қарай орын табады. Осылайша, жаһандану заманында өзінің өмір сүру мүмкіндігін анықтайды.

Елбасы алдымызға бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына ену стратегиясын қойып отыр.

Бұл меже – қол жететін ақиқат. Сондықтан халқымыз ол стратегияны қолдап, еңбек етуде. Әлемдік өркениет көші – алдымызда, біз сол көштен қалмауымыз керек.

бәсеке – конкуренция  
қабілетті – способный  
бағдар – ориентир, ориентация  
жинақтаған – накопленный  
жаһандану – глобализация  
үлес – вклад

ену – вхождение  
өркениет – цивилизация  
адамзат – человечество  
тәжірибе – опыт  
ақиқат – реальность  
меже – черта

161-тапсырма. Мәтінді кеңейтіңіз.

### **Қазақстан және әлем**

Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан дербес даму жолына түсті. Жылдан-жылға әлемдік кеңістіктегі өз орны қалыптасып, зор құрмет пен

беделге ие болып отыр. Бүгін де Қазақстан экономикасы дамыған, әлеуметтік жағдайы жақсарған елдер қатарында. Еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына 2010 жылы төраға болуы – соның дәлелі.

Қазіргі кезеңде Қазақстандағы білім беру жүйесі мен ғылым саласы да әлемдік стандарттарға сай дамып келе жатыр...

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Бәсеке* (лат. *concurred* – *қақтығысу*) – бұл нарықтық экономика қатысушыларының арасындағы тауарларды сатып алу және сату барысында, өндірістегі ең жақсы жағдайлары үшін бақталастық. Нарықтың мәнді белгілерінің бірі бәсеке болып табылады. Бәсеке нарықтық қатынас субъектілері арасындағы күрестің немесе бақталастықтың қоғамдық түрі.

Бәсеке мақсаты – өндіріс факторлары мен тауарларды таратуға апаратын жақсы жағдайларды ұйымдастыру арқылы қосымша таза табыс табу.

162-тапсырма. *Бәсеке, бәсекелес, бәсекелестік* сөздерінен сөйлем құраңыз.

163-тапсырма. Өлеңді оқып, мазмұнын бір-екі сөйлеммен беріңіз.

*Е. Нусінбеков*

### **Бәсеке**

...Бәсеке – бой әзірлеу күрестерге,  
Бәсеке – ой әзірлеу үміттерге...  
Бәсеке – зор ұмытылмас жырақтарға,  
Бәсеке күш әзірлеу мұраттарға.  
Бәсеке – қуаттану, шуақтану  
Ғылымда ие болу ұлы аттарға...  
Кім дайын бәсекеге – жарыстарға?  
Кім самғап армандайды алыстарға!  
Кім қайсар қарсы жүзер ағыстарға?  
Кім озып қара үзеді шабыстарда?

164-тапсырма. Мәтінді орфоэпиялық нормаға сай мәнерлеп оқып, оқылымда өзгеріске ұшыраған сөздер мен сөз тіркестерін көшіріп жазыңыз.

### **Бәсеке**

Бәсеке – нарықтық экономика үшін де, адам өмірі үшін де керек тәрізді құбылыс. Өйткені мына өмір бәсеке болмаса, өз арнасымен жылжымайтын сияқты. Қоғамдағы әрбір адам бәсекеге қабілетті болуы қажет. Бұл, біріншіден, адамдарды ынталандыру көзі, яғни бәсекенің бір жағы. Бәсекенің екінші жағы – бірлестік. Бірлік әр типті адамдар арасында, туыстар арасында болуы мүмкін. Нарықта бәсекеге қабілетсіздер жарыққа шыға алмайтын тәрізді. Ол ұлы күреспен бара-бар. Өмірдің өзі бәсекеге құралған. Тіпті кішкентай баланың өмірінен де бәсекенің нышандарын байқауға болады. Мысалы, балабақшада

балалардың киім киісі, тәртібі, тапсырманы орындауы, мәдениеті бір-бірінен ерекшеленеді, олар мақтану үшін барынша тырысуы мүмкін.

Әрбір өркениетті қоғамда бәсеке болуы керек. Ол – әділетті бәсеке. Әділетті бәсекені мемлекетіміз қолдайтын тәрізді. Егер әділетсіз бәсеке көп болса, экономикада ешқандай прогресс болмайтын сияқты.

165-тапсырма. Қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, кестені толтырыңыз.

<i>Бәсекенің артықшылықтары</i>		<i>Бәсекенің кемшіліктері</i>	
1		1	
2		2	
3		3	
4		4	
5		5	

166-тапсырма. «Жарнама және бәсеке» тақырыбына презентация дайындаңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Қазіргі жарнамалар сауатты аударылған деп ойлайсыз ба?
2. Бәсеке деген не?
3. «Бәсекеге қабілетті студент» дегенді қалай түсінесіз?
4. Бәсекенің мақсаты неде деп ойлайсыз?
5. Е. Нүсіпбековтің «Бәсеке – қуаттану, шуақтану, ғылымда ие болу ұлы аттарға... Кім дайын бәсекеге – жарыстарға?» дегенімен келісесіз бе? Ойыңызды дәлелдеңіз.

6. Қазақ әдеби тілінің жазба түріне байланысты қалыптасқан қандай нормалары бар? Мысалмен дәлелдеңіз.

### **8.3 Техникалық сипаттама**

*Техникалық сипаттама* – құрылғының негізгі ерекшеліктерін қысқаша немесе кеңінен сипаттайтын құжат.

167-тапсырма. Аударыңыз.

Техническая характеристика ноутбука Acer Aspire серии 361x

<i>Процессор и набор основных микросхем</i>	
Модель	Intel Celeron M 370
Платформа	Centrino
Тактовая частота	1.5 ГГц
Кэш-память 2-го уровня	1024 Кб
Частота системной шины	400 МГц

<i>Оперативная память</i>	
Объем	256 Мб
2048 Мб	
DDR2	
<i>Жесткий диск</i>	
Объем	40 Гб
Скорость вращения	4200 rpm
Интерфейс	ATA/100
<i>Оптический привод</i>	
Тип	DVD/CD-RW
Подключение	фиксированный
<i>Коммуникационные возможности</i>	
Модем	56K ITU V.92
LAN	10/100 Mbps Fast Ethernet
<i>Управление вводом</i>	
Клавиатура	полноразмерная, 88 клавиш (RUS/ENG)
Манипулятор	TouchPad
<i>Аккумулятор</i>	
Тип	Li-ion
Максимальное время работы	2.1 часа
<i>Габариты и вес</i>	
Ширина x Высота x Толщина	36.3 x 27.5 x 2.4-3.29 см
Вес	2.74 кг
<i>Програмное обеспечение и комплектация</i>	
ОС	Windows XP Home Edition Русская версия
ПО	Acer eManager (eNet Management, eRecovery Management, eSettings Management, ePower Management, ePresentation Management), Acer GridVista, Acer Launch Manager, Aspire Arcade, Adobe Reader, Norton AntiVirus, CyberLink PowerDVD, NTI CD-Maker
Комплектация	батарея, адаптер, инструкция, диски с ПО

168-тапсырма. Үлгі бойынша өз ноутбүгіңіздің техникалық сипаттамасын жазыңыз.

169-тапсырма. Сұхбатты толықтырыңыз.

- Біздің фирма өзінің өндірген халық тұтынатын тауарларын сатылымға шығарып отыр.

- Сіздердің шығарған өнімдеріңізді көрсететін каталогпен және жарнама материалдарымен таныстық. Сіздерден ... .. сатып алғымыз келеді. Мынау – біздің сауда үйінің тапсырыс бергісі келетін өнім үлгілерінің тізімі.

- Өте жақсы, басқа да қоятын сұрақтарыңыз бар ма?
- Бізді тауарлардың жеткізілу мерзімі қызықтырады.
- Жеткізу мерзімі өнім ақысын төлегеннен кейін ... .. жүзеге асады.

Бұған қалай қарайсыз?

- Әрине, ... . Енді кейбір өнімдердің бағаларын нақтылап алсақ дейміз. Сонымен қатар бұл біздің бірінші сынақ тапсырысымыз болғандықтан, өнім бағасына ... .. шегерім жасауларыңызды өтінеміз.

- Сіздердің бұл ... талқылап, жауабын беруге уәде етеміз.
- Сізге көп рақмет!

*Келіңіз, сөйлесейік!*

Төмендегі тірек сызба негізінде «Отандық өнім» тақырыбына диалог құрастырыңыз.



*Оқыңыз, аударыңыз!*

### **Отандық өнімдер форумы**

Астана қаласында «Қазақмыс» корпорациясының ұйымдастыруымен «Қазақстандық өнім жасаймыз!» атты форум өтті. Форумды Индустрия және жана технологиялар министрлігі ұйымдастырды. Аталмыш жиында отандық өнім өндірушілер арасында көрме де халық назарына ұсынылды.

Форумға халықаралық және отандық өндіріс кәсіпорындары мен профильдік мемлекеттік ведомстволар және дамыту институттарының өкілдері, сондай-ақ, өндіруші ірі компаниялар қатысты. Отандық және шетелдік өнім өндірушілер арасында тығыз байланыс және қарым-қатынас қалыптасты. Жиын барысында «Қазақмыс» өзінің үздік деп таныған серіктестерін марапаттап,



«Қазақмыс» «АзияАвто» мен «АгроМашХолдинг» компанияларымен өзара меморандумға қол қойды. Бүгінде отандық өнім шығарушыларға ұзақ мерзімді қолдау көрсету көзделіп отыр. Кәсіпкерлер Елбасымыздың жобасын негізгі бағытқа ала отырып, «Отандық өнімді дамытып, экспортқа шығаруды басты мақсат», - деп отыр.

Отандық тауар – ел экономикасының қозғаушы күші. Тәуелсіз Қазақстан бүгінгі күні өзіндік өнім өндіруді алғы шепке қойып, алыс-жақын шетелдер тәжірибесі мен шикізатын пайдаға жарата отырып, үлкен жобалар жасауда.

ұйымдастыру – организовать  
өкіл – представитель  
қалыптасу – формироваться

қолдау – поддерживать  
кәсіпкер – предприниматель  
тәжірибе – опыт

170-тапсырма. Фразеологиялық сөздіктің көмегімен тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңыз. Берілген тұрақты сөз тіркестерінен сөйлем құрастырыңыз.

Су жаңа; тер төкті; қолы ұзын; қолы жетті; терезесі тең; көзі түсті (көз салды).

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Техникалық сипаттама деген не?
2. Техникалық сипаттама не үшін қажет деп ойлайсыз?
3. Әр адам кез келген техниканың немесе құрылғының сипаттамасын білуі керек пе? Керек болса, не үшін білуі керек?
4. Техника саласының маманы техникада қолданылатын агрегаттарға, машиналарға, станоктарға техникалық сипаттама беруге үйренуі керек деп ойлайсыз ба? Ойыңызды дәлелдеңіз.
5. Өзіңіздің мамандығыңыз бойынша бір құрылғыға техникалық сипаттама беріңіз.

## **9. Басшы келбеті**

### **9.1 Басшының басқару стилі**

Кез келген ұйымның, мекеменің, ұжымның басшысы болатыны белгілі. Осыған байланысты әрбір басшының дербес және жалпы басқару стилі болады.

Басшылық стилі басқару мәдениетімен тығыз байланысты. Басқару ісін жүзеге асырудың ең басты құралы – басқару тәсілі. Осы басқару тәсілдері арқылы басшы ұжымды ұйымдастырады, жүктелген міндеттерді жүзеге асырады. Қызметкерлерді басқару – басшының ең жауапты әрі ең ауыр міндеттерінің бірі. Басшы өз қарамағындағы қызметкерлерден біліктілік, білімділік, этика-эстетикалық жағынан жоғары деңгейде болуы керек және өзін қарапайым, мейірімді, сыпайы, мәдениетті ұстауы шарт. Осындай болған

жағдайда ол басшы өз ұжымына беделді болады. Ал беделді басшы кез келген уақытта қол астындағы адамдарға өз талабын бұлжытпай орындата алады.


Басшының міндеті – мекеме жұмысын үйлестіру, кадрларды іріктеу, жұмыс барысын бақылау, жұмыс тәртібін реттеу.

171-тапсырма. Мәтінді оқып, басшының басқару стилі туралы әңгімелеңіз.

172-тапсырма. Сөз тіркестерін аударып, сөйлем құраңыз.

Персональный и общий стиль управления; культура руководства; способ руководства; руководить сотрудниками; подчиненные; добиваться беспрекословного выполнения своих требований.

173-тапсырма. Төмендегі тірек сызба негізінде «Басшы келбеті» тақырыбында шағын әңгіме құрастырыңыз.



174-тапсырма. Сұрақтар бойынша өз ойыңызды білдіріп, әңгіме құраңыз.

1. Басшы келбеті қандай болу керек?
2. Сіз басшының ең бірінші қандай қасиетіне мән бересіз?
3. Беделді басшы болу үшін не істеу керек?
4. Басшыға қойылатын этика талаптарына нені жатқызасыз?
5. Сіз басшы болсаңыз бірінші орынға нені қояр едіңіз?

175-тапсырма. Ғұлама ғалым әл-Фарабидің атап көрсеткен басшыға тән 12 қасиетін есте сақтай отырып, әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, келісетініңізді немесе келіспейтініңізді дәлелдеңіз.

Ұлы ойшыл, ғұлама ғалым әл-Фараби «Қайырымды қаланың басшысы» деген трактатында басшы болатын адамның бойында 12 қасиет болуы керек дейді. Олар:

- 1) адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс;
- 2) өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін есінде жақсы сақтайтын болуы керек;

- 3) алғыр да аңғарымпаз, шешен, өнер-білімге құштар, оқып-үйренуден шаршамайтын болуы қажет;
- 4) тағамға, ішімдік ішуге, сыр-сұхбат құруға қанағатшыл болу керек;
- 5) шындық пен шыншылдықты сүйіп, өтірік пен жалғанды жек көруі қажет;
- 6) игі істерге құмар болуы керек;
- 7) ақшаға жирене қарауы тиіс;
- 8) әділеттіліктер мен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты жек көруі керек;
- 9) жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет;
- 10) әділ болуға тиіс;
- 11) әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлде рақымсыз болуы шарт;
- 12) батыл, ержүрек болуы керек.

### Сөз әдебі

Адамдардың өзара қарым-қатынасы мәдени өмірдің жиынтығын құрайтын этикет нормаларымен сабақтас.

Жалпы «этикет» сөзі – философиялық этикалық ұғым, адамдардың белгілі бір ортадағы орныққан тәртіпке сәйкес бір-бірімен қарым-қатынас жасауының ережелері деп түсіндіріледі. Ал «сөз әдебі» деген ұғым тек сыпайы сөйлеу немесе мәдениетті сөйлеу деген мағынада емес, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ұйытқы болып реттеп отырудың құралы ретінде тұрақты түрде қолданылатын сөздер, сөз тіркестері, тұрақты сөз орамдары, өзге де тілдік амал-тәсілдер деген мазмұнды аңғартады.

Сөз әдебі, жалпы алғанда, адамдар (коммуникаттар) арасындағы байланыстың үзілмеуі, реттеліп отыруы, сыпайы түрде жүзеге асуы, сондай-ақ көңіл-күйге жағымды әсер етуі үшін жұмсалады. Бұларды, бір сөзбен айтқанда, сөз әдебінің қызметі деп атауға болады. Сөз әдебінің байланыс қызметін бірнеше түрге бөлуге болады:

1) амандық сұрау сияқты байланыстың түрлері қазақ сөз әдебінде *Ассалаумағалейкум! Армысыз? Сәлеметсіз бе? Амансыз ба? Есенсіз бе? Сәлем бердік! Ат көлік аман келдің бе?* т.б. сөз қалыптары арқылы баяндалады;

2) сөз этикетіндегі сыпайылық. Қазақ сөйлеу этикетінде сыпайылықты білдіру екі ыңғайда көрініс табады: а) сөз этикетінде *Сіз, ол, кісі, біз, өзіңіз* тағы басқа есімдердің қолданылу ерекшеліктері мен осылар арқылы білдіретін арнаулы мағыналар; ә) *кешіріңіз, мүмкін болса, айып етпеңіз, қалауыңыз білсін* тағы басқа этикеттік оралымдардың орнымен қолданылуы;

3) тілдесу тонын айқындауда этикеттік қолданыстың көңіл-күйді білдіру қызметі (эмотивная функция) басты рөл атқарады. *Сізді көргеніме қуаныштымын, жақсы келдіңіз, іске сәт* секілді арнайы формулалары мен түрлі тілекті білдіретін арнаулы штамптары бар. Әсіресе кешірім сұрау, жұбату,

көңіл айту, өтініш тәрізді этикет түрлерінде көңіл-күйлерді білдіру функциясы өте айқын көрінеді.

Сонымен, *сөз әдебі* дегеніміз – адамдар арасында байланыс орнату үшін жұмсалатын, сол байланысты жалғастыра беру мақсатында қолданылатын ұлттық ерекшелігі бар болмысқа айналған сөздер мен тұрақты сөз орамдары (қарым-қатынас формулалары).

*Білгенге – маржан. Мақал-мәтелдердің мәнін түсінейік!*

*Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығару* – бір қауымдағы адамдардың қандай да іс болмасын, қандай да істі бастамасын оған бір кісідей болып, қауымдаса, қарбаласа кіріскенде ғана ол нәтижелі болмақшы деген сөз.

*Кеңесіп пішкен тон келте болмас* – қандай істе де болмасын айналаңдағы адамдармен ақылдасып, келісіп барып істесең, еңбегің еш кетпейді.

*Жұмыла көтерген жүк – жеңіл* – қандай ауыр жүк болса да, жалғыз-жарым болып көтергеннен гөрі, бірнеше адам болып, жабыла, қауымдаса көтерсе әлдеқайда жеңіл болатынын аңғартып тұр.

176-тапсырма. Мына сөздерді пайдалана отырып, төменде берілген пікірлермен келісетініңізді немесе келіспейтініңізді дәлелдеңіз.

*Иә, мен бұл пікірді қолдаймын / Бұл пікірмен келісемін.*

*Бұл пікірмен келісе алмаймын / Мүлдем келіспеймін.*

1. Басшы қоластындағы қызметкерлерден өзін жоғары қою керек.
2. Басшы қарапайым болса, оны ешкім тыңдамайды.
3. Басшының қоластындағы қызметкерлер пікірімен санасып отыруы міндетті емес.
4. Қатал адам ғана басшы бола алады.
5. Басшы мәдениетті әрі ұстамды болса, ұжымында беделді болады.

177-тапсырма. Берілген жағдаят бойынша «Іскерлік кездесу» тақырыбына өз топтасыңызбен сөйлесіңіз.

Мекеме басшысы ретінде өте маңызды іскерлік кездесу ұйымдастыруыңыз қажет. Бірақ Сіздің басқа да жедел жұмысыңыз шығып, жұмыс бабымен іссапарға жол тартпақсыз. Сол себепті бір қызметкерге іскерлік кездесудің маңызды екенін түсіндіріп, ұйымдастыруды тапсырыңыз.

178-тапсырма. Бұйрық мәтінімен танысыңыз.

### **Бұйрық**

Бұйрық – бұл қандай да бір міндеттерді шешу үшін кәсіпорын басшысымен шығарылатын нормативтік құжат.

Мазмұны жағынан бұйрық 2-ге бөлінеді:

1) *негізгі қызмет бойынша бұйрықтар* кәсіпорын жұмысын ұйымдастыру, қаржыландыру, жабдықтау, жоспарлау, өнімді өткізу сияқты өндірістік мәселелерді шешуге бағытталған;

2) *жеке қызметкерлер құрамы бойынша бұйрықтар* қызметкерлерді

жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру т.б. мәселелер бойынша шығарылады (5 кесте).

5 кесте – Бұйрық мәтіні құрылымының ұқсастығы мен ерекшелігі

<i>Негізгі қызмет бойынша</i>	<i>Жеке қызметкерлер құрамы бойынша</i>
Мәтін құрылымы екі бөліктен тұрады: Белгілеуші және жарлық.	Мәтін құрылымы екі бөліктен тұрады: Белгілеуші және жарлық.
Белгілеуші бөлігінде тиісті істердің мақсат-міндеттері, себептері, бұйрық шығаруға негіз болған құжатқа сілтеме жасалады.	Белгілеуші бөлігінде <i>жұмысқа қабылдау туралы, жұмыстан босату туралы, іссапарға жіберу туралы</i> т.б. тіркестер қолданылады.
Мәтіннің жарлық бөлігі жеке жолға жазылып, «БҰЙЫРАМЫН» деген сөзден басталады.	Мәтіннің жарлық бөлігінде <i>қабылдансын, тағайындалсын, босатылсын, іссапарға жіберілсін</i> т.б. нұсқаулық әрекеттерді білдіретін тіркестер қолданылады.

179-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

бұйрық – приказ

бұйырамын – приказываю

бұйрықпен танысу – ознакомиться с приказом

жеке құрам бойынша бұйрық – приказ по личному составу

жұмысқа қабылдау туралы бұйрық – приказ о приеме на работу

жұмыстан босату туралы бұйрық – приказ об освобождении с работы

кезекті демалыс беру туралы бұйрық – приказ об очередном отпуске

материалдық көмек туралы бұйрық – приказ о материальной помощи

ақпарат берілсін – дать информацию

алғыс жариялансын – объявит благодарность

бақылау орнатылсын – установить контроль

қайта ұйымдастырылсын – заново организовать

қалпына келтірілсін – привести в порядок

ұсыныстар даярлансын – подготовить предложения

бұрыштама – резолюция

*Назар аударыңыз!*

Айт		Тексер	
Жаз	-ыл + -сын	Өткіз	-іл + -сін
Қарастыр		Көрсет	

180-тапсырма. Сөйлемдерді тиісті нұсқамен аяқтаңыз.

*Тірек сөздер:* жіберілсін, қысқартылсын, енгізілсін, тапсырылсын, бекітілсін, жүктелсін.

Бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың орынбасары А. Асқаровқа .... . Тіркеу бөлімінде менеджер қызметі .... . Кәсіпорында іс

жүргізу бойынша Нұсқаулық ... . Қажетті құжаттар уақытында .... . Бұйрықтың мәтініне өзгерістер ... . Мамандар іссапарға .... .

181-тапсырма. Бірінші бағанда берілген сөздердің дұрыс баламасын екінші бағаннан табыңыз.

1	бекітілсін	1	ввести
2	босатылсын	2	назначить
3	енгізілсін	3	освободить
4	жүктелсін	4	обсудить
5	қабылдансын	5	утвердить
6	нақтылансын	6	поручить
7	тағайындалсын	7	возложить
8	талқылансын	8	уточнить
9	тапсырылсын	9	проверить
10	тексерілсін	10	принять

182-тапсырма. Стандарт тілдік бірліктерді аударыңыз.

Кәсіпорынның жойылуына Келсімшарт мерзімінің аяқталуына Басқа жұмысқа ауысуына Ресми сапарға кетуіне Еңбек тәртібін ұдайы бұза бергендігіне Себепсіз жұмыстан қалуына Зейнеткерлікке шығуына	байланысты
Іссапарға жіберу Жұмысқа қабылдау Жұмыстан босату Үстемақы белгілеу Оқудан шығару Материалдық көмек көрсету Комиссия құру	туралы

183-тапсырма. Бұйрықтың үлгілерімен танысыңыз.

*Негізгі қызмет бойынша бұйрықтың үлгісі:*

«Басшы» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «Басшы»

**БҰЙРЫҚ**  
08.05.2015 ж. №123-П

### **Штаттық кестеге өзгерістер енгізу туралы**

Өндірістік қажеттілікке байланысты  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тіркеу бөлімінде менеджер қызметі қысқартылсын.

2. Өндіріс бөліміне штаттық кестеге сәйкес жалақы көлемінде экономист қызметі енгізілсін.

3. Бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың орынбасары Е.Ә. Есмұратовқа жүктелсін.

«Басшы» ЖШС директоры

Н. Өміров

*Жеке қызметкерлер құрамы бойынша бұйрықтың үлгісі:*

«Қазмырыш» ашық  
акционерлік қоғамы

Открытое акционерное  
общество «Казцинк»

**БҰЙРЫҚ**

08.05.2015 ж. №21-П

Өскемен қаласы

### **Кезекті демалыс беру туралы**

Қорғасын мен мырыш балқыту цехының инженері Рыскелді Қорған Тіленшіұлына 15.05.2015 жылдан бастап 28 күнтізбелік күнге кезекті демалыс берілсін.

Негіздеме: Қ. Рыскелдінің өтініші.

«Қазмырыш» ААҚ директоры

(қолы)

А. Әділов

184-тапсырма. Аударыңыз.

Приказ подписан ректором. Приказы по личному составу обязательно регистрируются. Все документы поступают в канцелярию. Приказ обязателен для всех работников данного предприятия. Приказы по основной деятельности оформляются на бланке предприятия для внутренних документов.

185-тапсырма. Бұйрықтың мәтінін жақша ішіндегі аудармалармен толықтырып жазыңыз.

Заң бөлімінің бас маманы Д.Ж. Тұрлыханов (в связи с производственной необходимостью) «Заңгер» оқу орталығына (с 23 марта 2015 года на 10 дней) іссапарға жіберілсін.

Негіздеме: Заң бөлімінің бас маманы А.Қ. Өміртаевтың (заявление), заң бөлімінің басшысы Қ.Т. Телжановтың (согласие).

186-тапсырма. Берілген жағдаяттар бойынша бұйрық шығарыңыз.

1. Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жоғары оқу орындарының студенттері арасында өтетін республикалық конференцияға байланысты іссапарға жіберу туралы АЭЖБУ ректоры атынан бұйрық шығарыңыз.

2. Аға инженер Бердімұратов Әділ Берікұлына кезекті демалыс беру туралы Қапшағай су электр стансасының директоры атынан бұйрық шығарыңыз.

3. Олжабаев Нұржан Бақытұлын энергетик қызметіне қабылдау туралы «Алатау» жарық компаниясының директоры атынан бұйрық шығарыңыз.

187-тапсырма. Анықтама мәтінімен танысыңыз.

### **Анықтама**

*Анықтама* – мазмұны белгілі бір деректі растайтын, дәлелдейтін құжат. Анықтама көп жағдайда жеке адамға байланысты нақты ақпаратты растау үшін беріледі. Мысалы: тегі, аты-жөні, туған күні, туған жері, қызмет орны, жалақысы, еңбек өтілі, отбасы жағдайы, оқу орны және т.б. мәліметтер. Берілетін анықтамалар нөмірленеді, егер бірнеше дана берілсе, ол да көрсетіледі.

Анықтама мазмұны қысқа болады. Ең алдымен, жолдың ортасынан құжат атауы, азат жолдан анықтама мәтіні жазылады. Мәтінде анықтама кімге, не үшін берілгені және қай мекемеге берілгені көрсетіледі. Соңында анықтаманы беруші мекеме басшыларының қолы қойылып, мекеме мөрі басылады және жарамдылық мерзімі жазылады.

188-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

анықтама – справка

анықтама алу – взять справку

анықтама беру – дать справку

осы анықтама – настоящая справка

берілді – дана (выдана)

... дейін жарамды – действительна до ...

берілген күннен бастап – со дня выдачи

растайды, дәлелдейді – подтверждает

жұмыс істейді – работает

көрсету үшін – для предъявления

талап етілген орынға – по месту требования

элеуметтік қамсыздандыру бөлімі – отдел социального обеспечения

салық инспекциясы – налоговая инспекция

кадрлар бөлімі – отдел кадров

кадрлар жинақтау секторының меңгерушісі – зав.сектором комплектования кадров

189-тапсырма. Анықтаманың үлгісімен танысыңыз.

*Үлгі:*

### **Анықтама**

Осы анықтама Байжанова Ақиет Ақанқызының Алматы энергетика және байланыс университетінде бас бухгалтер болып 2010 жылдың 20 сәуірінен



2014 жылдың 15 шілдесіне дейін жұмыс істегендігін растайды.

Негіздеме: 20.04.2014 ж. №8-ІІ бұйрық.

Анықтама аудандық әлеуметтік қамсыздандыру бөліміне көрсету үшін берілді.

Кадрлар жинақтау  
секторының меңгерушісі (қолы) Р. Мусирова

190-тапсырма. Төменде берілген анықтаманың үлгісін аударыңыз.

#### Справка

Дана Кемелбаевой И.С. в том, что она действительно работает в Казахстанско-Американском университете в должности доцента кафедры иностранных языков.

Справка дана для предъявления в Народный банк.

Справка действительна в течение 10 дней со дня выдачи.

Начальник ОК (подпись) Ш. Муздыбаева

191-тапсырма. Берілген жағдаяттар бойынша анықтама жазыңыз.

1. Анықтама ұлттық кітапханаға Маратұлы Қайраттың Алматы энергетика және байланыс университеті радиотехника және байланыс факультеті 5B071900 – радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандығының I курсына оқитынын растау үшін керек.

2. Оспанов Мерей Асқарұлы – Энергетика және коммуналдық шаруашылық департаментінің инженері. Жалақысы – 60000 теңге. Анықтама несие алуына байланысты Еуразиялық банкке көрсету үшін керек.

3. Әскери комиссариатқа Құрманбаев Дастан Қанағатұлының Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жаратылыстану және география институты 5B060400 – физика мамандығының I курсына оқитынын растау үшін керек.

192-тапсырма. Фразеологизмдерді қатыстыра отырып, сөйлем құраңыз.

*Еңбегі жанды* – қадамы өрге басты; жолы болды, ісі алға басты; еңбегі ақталды.

*Еңбегі сіңді* – көп қызмет қылды, бейнеттенді.

193-тапсырма. Хаттаманың мәтінімен танысыңыз.

#### Хаттама

*Хаттама* – жиналыстарда, мәжілістерде, кеңестерде, конференцияларда мәселелерді талқылау және шешім шығару мен қаулы қабылдаудың барысы туралы мәлімет беретін құжат.

*Қысқа хаттамаларда* (оның мәтінінде) күн тәртібі, сөйлеушілердің аты-жөні, сөйлеген сөздерінің тақырыбы және қабылданған шешімдер көрсетіледі. Сөйлеген сөздерінің толық мәтіні көрсетілмейді.

*Толық хаттамаларда* сөйлеген сөздердің мәтіні толық көрсетіледі. Хаттаманың толық дәрежесін жиналыстың өзі айқындайды.

Мәтіннің кіріспе бөлігінде қатысушылардың құрамы, күн тәртібі; негізгі бөлігінде тыңдалған мәселе, сөйлеген сөздер және қабылданған қаулы көрсетіледі. Құжаттың соңында төраға мен хатшының қолы қойылады. Хаттаманың дұрыс жазылуына хатшы жауап береді.

194-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

хаттама – протокол

мәжіліс – заседание

төраға – председатель

хатшы – секретарь

қатысқандар – присутствовали

қатыспағандар – отсутствовали

тізім – список

күн тәртібі – повестка дня

мәселе, сұрақ – вопрос

тыңдалды – слушали

қаулы – постановление

шешім қабылдау – принять решение

дәлелді себеппен – по уважительной причине

дәлелсіз себеппен – по неуважительной причине

жарыссөз – прения

195-тапсырма. Хаттаманың үлгісімен танысыңыз.

*Үлгі:*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Алматы энергетика және байланыс университеті

Эк-14-3 топ жиналысының

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Алматы қаласы

26.01.2015 ж.

Төраға: Мұратбаев М.О.

Хатшы: Мұрзашева А.Қ.

Қатысқандар: 20 (тізімі хаттамаға қоса берілді)

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Сессия қортындысын талқылау.

2. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Эк-14-3 тобының старостасы Досанов Самат 2014-2015 оқу жылының бірінші семестр бойынша әрбір студенттің үлгеріміне тоқталып, сессия қорытындысымен таныстырды.

Топта барлығы 20 студент оқиды. Солардың ішінен 18 студент сессияны 100%-ға тапсырды. Сәрсенбаева Дана денсаулығына байланысты академиялық демалысқа кетті. Отбасы жағдайына байланысты Ықыласов Серік қолданбалы механика, әлеуметтану пәндерінен емтихан тапсырған жоқ.

Сөйлегендер:

Садуақасов Дулат пен Сартқожина Айжан қысқы сессия бойынша өз пікірлерін айтты.

Қабылданған қаулы:

1. Эк-14-3 тобының оқу үлгерімі қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Ықыласов Серік белгіленген кестеге сәйкес сессия қорытындысы бойынша тапсырмаған пәндерін тапсырсын.

Төраға

М. Мұратбаев

Хатшы

А. Мұрзашева

196-тапсырма. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

*Керекті сөздер:* тыңдалды, жіберіледі, қабылданды, болған жоқ, жатады, мақұлдады, жасады, сақталады, шықты, қойылды.

1. Хаттамалар мекеменің маңызды құжаттарының біріне ... .
2. Сондықтан хаттамалар мекемеде 10 жыл көлемінде ... .
3. Он жылдан кейін сақтауға мұрағатқа ... .
4. Мәжілістің күн тәртібіне үш мәселе ... .
5. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Е. Әбішовтің баяндамасы ... .
6. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 2 адам жарыссөзге ... .
7. Е. Әбішовтің пікірін көпшілік бірауыздан ... .
8. Бірінші мәселе бойынша қаулы ... .
9. Дауысқа салған кезде қалыс қалғандар ... .
10. Екінші мәселе бойынша директордың орынбасары Н. Жангелді хабарлама ... .

197-тапсырма. Аударыңыз.

Баяндама бойынша кафедра оқытушылары тарапынан пікірлер айтылып, баяндамашыға сұрақтар қойылды.

Сөйлегендер:

Ғ.Ж. Оралбеков: Бүгінгі баяндамалар тақырыбы жағынан өзекті мәселелерді қамтыды. Әдістемелік тұрғыдан көптеген мағлұматтар алып, хабардар болдық. Баяндама жасаған оқытушылар тақырыптарын жан-жақты ашып, нақты мысалдармен дәлелдей білді. Баяндамалар қызықты болды, түрлі көрнекіліктер қолданылды.

Қабылданған қаулы:

1. Оқылған баяндамалар қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Баяндама тезистері ғылыми семинардың құжаттарына тіркелсін.

198-тапсырма. Мағыналық жағынан тіркесетін сөздерді табыңыз, аударыңыз.

1	кеңейтілген	1	қаулы
2	шешім	2	көшірме (үзінді)
3	күн	3	етті
4	қабылданған	4	тәртібі
5	хаттамадан	5	сөйлеу
6	қаулы	6	мәжіліс
7	сөз	7	жауап беру
8	сұраққа	8	қабылдау
9	калыс	9	беру
10	дауыс	10	қалғандар

199-тапсырма. Берілген жағдаят бойынша хаттама жазыңыз.

Мекеме басшысы ретінде төраға және хатшы сайлап алып, күн тәртібі бойынша мекеме ішінде өтетін жиналысты ұйымдастырыңыз.

### **Іскерлік қарым-қатынас мәдениеті**

Іскерлік қарым-қатынас арқылы небір қиын мәселелерді шешуге болады.

Белсенділік, қиыннан жол таба білетін іскерлік адамды көздеген мақсатына жеткізеді. Бұл орайда, адамның өз қабілет деңгейін жан-жақты көрсете алуының бір негізі – оның білімділігімен қатар, ортамен іскерлік қарым-қатынас жасау сырын, ондағы өзін ұстай білу, сөйлеу әдебін меңгеруіне де байланысты. Сөз адамның ойын, көзқарасын білдіреді, оның қоғамдағы өзіндік орнын табуына ықпал етеді.

«Сөзіне қарай кісіні ал, кісіге қарап сөз алма», - деп ұлы Абай айтқандай, адам сөз арқылы өзін танытады. Ой-пікірін де мәнді сөзімен қорғай алады. Тақырыпқа сай нақты, жүйелі фактілерді мол келтіре отырып, мәселенің екі жаққа да пайдалы екенін дәлелдей отырып сөйлеу – іскерлік әдебінің басты шарты.

*Есте сақтаңыз!*

Іскерлік қарым-қатынаста тіл табысуға кері әсерін тигізетіндер: пікір алысқалы отырған мәселені жетік білмеу, сөз мағынасын түсінбеу, әңгімені жалғастырып әкете алмау, мәнсіз көпсөзділік, өз айтқанынан қайтпау, жігерсіздік, ұялшақтық.

200-тапсырма. Рөлге бөліп оқыңыз.

### **Басшының қабылдауында**

- Мирас Мұратханұлы, сәлеметсіз бе?
- Сәлеметсіз! Кіріңіз, отырыңыз.
- Рақмет.
- Аты-жөніңіз кім?
- Омаров Алдияр Әсетұлы.

- Түйіндемеңізбен танысып шықтым. Сізді қандай қызмет орны қызықтырады?
- Менің мамандығым – энергетик. Сондықтан мен энергетиктің бос қызмет орнына орналасқым келеді.
- Мамандығыңыз бойынша жұмыс өтіліңіз қанша?
- Мен «Алатау» жарық компаниясында 5 жыл энергетик болып істедім.
- «Алатау» жарық компаниясынан неліктен шығып кеттіңіз?
- Мекенжайымның өзгеруіне байланысты.
- Түсінікті. Жұмыс орныңыздан ұсыныс хат бар ма?
- Иә, міне... Танысуыңызға болады.
- Ұсыныс хатыңыз өте жақсы екен. Біздің үміткерлерге қоятын талаптарымызға толық сай келесіз. Сондықтан біз Сізді жұмысқа қабылдаймыз.
- Мен өте қуаныштымын. Онда маған өтініш жазу керек шығар?
- Иә, қазір мекеме директорының атына өтініш жазыңыз. Сосын құжаттарыңызды кадрлар бөліміне өткізіңіз. Ал ертеңнен бастап жұмысқа кірісуіңізге болады.
- Рақмет. Сау болыңыз!
- Сау болыңыз! Сізге сәттілік тілеймін.

201-тапсырма. Ұсыныс хаттың мәтінімен танысыңыз.

*Ұсыныс хат* – белгілі бір ұйым басшысының жоғары тұрған басшылыққа қызметкерді белгілі бір орынға, қызметке ұсыну т.б. туралы немесе еңбек нәтижесінің тиімділігін арттыру мақсатындағы жеке қызметкердің ұсынысы жазылған хат түрі.

Ұсыныс хатты жазудағы басты мақсат – қызметкердің белгілі бір орынға, қызметке лайық екендігіне кепілдеме беру. Хат ресми, өзіне тән құрылымы сақталып жазылады. Бұл хатқа ұсыныс жасаған тұлға ғана қол қояды.

*Үлгі:*

Алматы энергетика және байланыс  
университетінің ректоры  
Қ.А. Бәкеновке

### **Ұсыныс хат**

Жұмағұлов Еркебұлан Мұратханұлы 1979 жылы туылған.

2000 жылы Алматы энергетика және байланыс университеті электр энергетикасы факультетінің 071800 – электр энергетикасы мамандығын үздік дипломмен бітірген. 2001 жылы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің 071800 – электр энергетикасы мамандығы бойынша магистратураға түсіп, 2003 жылы «Тұрақты және синусоидалы токтардың электр тізбектері» тақырыбында магистрлік диссертацияны «өте жақсы» деген бағаға қорғаған.

Еңбек жолын 2000 жылы Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау кафедрасына оқытушы-стажер қызметінен бастаған. Атаулы университеттің

өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау кафедрасында ассистент, оқытушы, аға оқытушы ретінде жұмысын жалғастырған. 2012 жылдың қыркүйек айынан бастап Алматы энергетика және байланыс университеті өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау кафедрасында оқытушы болып істейді.

Жұмағұлов Еркебұлан Мұратханұлы 20-дан аса ғылыми мақала, 1 оқу құралы, 5 әдістемелік нұсқау жариялаған.

Е.М. Жұмағұлов өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау кафедрасына аға оқытушы қызметіне ұсынылады.

Өнеркәсіптік кәсіпорындарды электрмен жабдықтау кафедрасының меңгерушісі

М. Башкиров

22.01.2015 ж.

202-тапсырма. Үлгі бойынша төменде берілген жағдаяттар негізінде ұсыныс хат жазыңыз.

1. Эк-12-15 тобының эдвайзері ретінде электр энергетикасы факультеті деканының атына осы топтың үздік оқитын студенті, физика пәнінен өткен ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің республикалық пәндік олимпиадасының жүлдегері Сәрсен Серікболсынға Президенттік шәкіртақыны тағайындауды ұсынып, хат жазыңыз.

2. Мекеме басшысы атына бір қызметкерді «Үздік қызметкер» байқауына қатысуға ұсынып, бөлім бастығы атынан ұсыныс хат үлгісін жазыңыз.

203-тапсырма. Бірінші бағанда берілген фразеологизмдердің мағынасын екінші бағаннан табыңыз.

1	Айтқанын екі етпеу	1	Грамотный, мыслящий
2	Ала жібін аттамау	2	Быть вознаграждённым за труды
3	Аты жер жару	3	Многогранный талант; одарённый
4	Бас қосу	4	Лучший, первый (человек)
5	Бас тарту	5	Знать очень хорошо, основательно
6	Бес саусақтай білу	6	Наотрез отказаться, уклониться
7	Бетке ұстар	7	Совещаться, совместно обсуждать что-л.
8	Сегіз қырлы, бір сырлы	8	Получить известность, стать очень известным, знаменитым
9	Еңбегі жану	9	Быть очень честным и скромным
10	Көзі ашық	10	Всё выполнять беспрекословно

204-тапсырма. Сұраныс хаттың мәтінімен танысыңыз.

*Сұраныс хат* – белгілі бір мекемеден керекті ақпаратты немесе құжатты жіберуді сұрау мақсатында жазылатын хат.

Сұраныс хатты жазудағы басты мақсат – мекемеден керекті ақпаратты немесе белгілі бір құжатты жіберуін сұрау. Сұраныс хатқа мекеменің жауапты қызметкері қол қояды.

Үлгі:

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің ректоры, профессор  
Е. Сыдықовқа

### Сұраныс хат

Алматы энергетика және байланыс университетінің ректораты Сізден электр энергетикасы факультетінің ІІ курс студенті Мырзахметова Айшолпан Әділбекқызының Алматы энергетика және байланыс университетіне ауысуына байланысты жеке құжаттарын жіберуіңізді сұрайды.

Оқу бөлімінің басшысы (қолы) Р. Медетұлы

205-тапсырма. Үлгі бойынша төменде берілген жағдаяттар негізінде сұраныс хат жазыңыз.

1. Қалалық мұрағат меңгерушісінің атына 1988-1995 жылдары тұрмыстық химия зауытында технолог болып жұмыс істеген ағаңыздың еңбек өтілі туралы анықтама беруін сұрап, сұраныс хат үлгісін жазыңыз.

2. Университет кітапханасы директорының атына кітапхана қорына келіп түскен физика пәнінен оқу-әдістемелік әдебиеттер тізімін сұрап, физика кафедрасының меңгерушісі атынан сұраныс хат жазыңыз.

206-тапсырма. Өтініш хаттың мәтінімен танысыңыз.

*Өтініш хат* – белгілі бір мекемеден атқаратын қызметіне лайық мәселелерді шешуге тілек-өтініш білдіретін хат.

Үлгі:

Көшірме орталығының  
директоры Т. Серікбаевқа

### Өтініш хат

Алматы облыстық өртке қарсы қызмет басқармасының қызметкерлеріне визит карточкаларын жасатып беруіңізді өтінеді.

Алматы облыстық өртке қарсы  
қызмет басқармасының директоры А. Аманжолов

207-тапсырма. Үлгі бойынша төменде берілген жағдаяттар негізінде өтініш хат жазыңыз.

1. «Гамма» көркемсурет фирмасының басшысы атынан «Жанна» жиһаз жасау кәсіпорнының президентіне қажетті жиһазды жасатуға өтініш хат жазыңыз.

2. «Полиглот» жекеменшік кәсіпорны басшысы атынан жергілікті телеарнаның жарнама бөлімінің редакторына жарнамалық сюжет дайындауды өтініп, хат жазыңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Басшы қандай болу керек?
2. Хаттама мәтіні қандай бөліктерден тұрады?
3. Ұсыныс хатқа кім қол қоюға құқылы?
4. Өтініш хат қандай хаттың түріне жатады?
5. Сұраныс хатты жазудағы басты мақсат қандай?

## **9.2 Дипломат келбеті**

Талейранның пікірінше, дипломатия саласында жемісті жұмыс істеуге қажетті «Жан мен рухтың» сапасы екі санатқа бөлінеді.

Бірінші санатқа байқампаздық, қанағатшылдық, пайдакүнемдіктен мүлде аулақ болу, сондай-ақ сыртта жүргенде ұлт атынан сөйлеу аса жауапты міндет екендігін сезінуге және ел ішінде оның саяси құқықтарының сақталуын қадағалауға мәжбүр ететін әйгілі сезім асқақтығы жатады.

Екінші санатқа саяси қатынастарды оқып-үйренуге жан-дүниесінің бейімділігі, мәселелердің түп-төркінін дұрыс және тез арада андай қою қабілеті, ой-өрісінің кеңдігі жатады.

Бәрін бірге алғанда және практика жүзінде өрістетіп көргенде аталмыш қасиеттердің барлығы да дипломатиялық мансаптың рухы мен абыройын құрайды, – деді Талейран 1800 жылы наурызда үкіметке ұсынған дипломатиялық мансап туралы өзінің баяндамасында.

208-тапсырма. «Дипломат келбеті» мәтінін оқып, аударыңыз.

209-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ қойып, мәтінді толық түсінуге тырысыңыз.

### **Қазақстан дипломаттары**

Отандық дипломатияның бастауы ғасырлар қойнауына кетеді. Қазақ мемлекетінің қалыптасуының және орнығуының тарихымен тығыз байланысты. XV ғасырдың ортасында пайда болған Қазақ хандығының әскери-саяси және сауда-экономикалық мүдделерін қорғау, оның орасан зор аумағын сыртқы қол сұғушылықтан сақтау – осы міндеттерді дипломатиялық майданда ұстамды және ойластырылған іс-қимылды талап етті. Сондықтан да сол дәуірдегі Қасым хан, Тәуке хан, Абылай хан, Әбілқайыр хан сияқты көрнекті ұлттық көшбасшылар еңбегі көшпелі руларды біртұтас мемлекетке біріктіруде, тәуелсіздікті нығайтуда ғана көрінбейді. Сонымен бірге, осы ерекше маңызды мақсатқа қол жеткізу үшін қолайлы сыртқы жағдайлар туғызудан да байқалады.

Тарихтың жаңа сатысында қазақ халқының әйгілі көсемдері бастаған игілікті істі тәуелсіз Қазақстанның Президенті Н.Ә. Назарбаев жемісті түрде жалғастыруда. Президентіміздің табанды күш-жігерінің арқасында Қазақстанды мүлде жаңа тарихи жағдайларда әлемдік қауымдастық таныды,



тәуелсіз мемлекет ретінде оның халықаралық позициясы нығайды, Қазақстан өзінің шартты міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарайды және дәйекті түрде ғаламдық, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздікті нығайтуды жақтайды.

Қазақстандық дипломатияның тарихы туралы айтқанда әйгілі отандасымыз *Нәзір Төреқұлов* тұлғасын назардан тыс қалдыра алмаймыз. Нәзір Төреқұлов кеңестік кезеңнің мемлекет қайраткері, көрнекті шығыстанушы, журналист, КСРО-дағы тұңғыш елші-қазақ.

Қазақстандық дипломаттарға тиісті құрмет көрсете отырып, *Мәлік Фазыловты* атап өту керек. Ол 1940 жылдарың аяғында Мәскеу мемлекеттік халықаралық институтын бітірді. 1970 жылдан бастап Кеңестер Одағының Малидегі елшісі болып тағайындалды. Нәзір Төреқұловтан кейінгі жоғары дипломатиялық қызметпен айналысу құрметіне ие болған бірінші (және соңғы) біздің отандасымыз болды. Өзінің елшілік мансабын Мароккода аяқтады. Кейін бірнеше жыл Қазақстанның Сыртқы істер министрінің кеңесшісі қызметін атқарды.

Мемлекеттік институттар жүйесінде сыртқы саяси ведомствоның позициясы мен беделін нығайтуда *Михаил Есенәлиев* үлкен үлес қосты. Ол болашағы бар мамандарды іріктеумен белсенді түрде айналысты, кейін жария саясатта және дипломатияда көзге түсті.

Ірі ғалым-әдебиетші *Мүсілім Базарбаев* республиканың ведомствосының қызметінде елеулі із қалдырды. Оның КСРО Сыртқы істер министрі басшыларының арасында үлкен беделі болатын. Олар М. Базарбаевтың саяси көзқарасы мен жеке басының қасиеттерін жоғары бағалады.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі болудың жоғары құрметін *Төлеутай Сүлейменов* иемденді. Осы қызметке тағайындалғанға дейін үлкен өмір жолынан өтті. Ол КСРО-ның Дипломатиялық академиясын бітірген соң Ирандағы Кеңес елшілігінде кеңесші, Мазари-Шарифте (Ауғанстан) консул сипатында еңбек етті.

Көптеген белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері Төтенше және Өкілетті елшілер болды: *Мырзатай Жолдасбеков* (Иран), *Ерік Асанбаев* (ГФР), *Мұхтар Шаханов* (Қырғызстан), *Олжас Сүлейменов* (Италия, Грекия, Мальта), *Тамас Айтмұхаметов* (Пакистан), *Төлеген Жүкеев* (Корея Республикасы), *Бірғаным Әйтимова* (Израиль), *Нұртай Әбіқаев* (Ұлыбритания, Ирландия) т.б.

Қазіргі жұмыс істеп жүрген дипломаттарды алмастыруға келетін жастардан жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлік талап етіледі. Келесі ұрпақтың дипломаттары күрмеуі мол әлемдік саясатты, әлемдік нарықтың тыныс-тіршілігін айрықша жақсы білуге міндетті. Әлемдік және отандық тарихты, әдебиетті және өнерді игеруге тиіс. Халықаралық қоғамдастықта біздің еліміздің мүдделерін жемісті түрде алға жылжытуға және қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жан-жақты білім жиынтығына қол жеткізуі керек.

210-тапсырма. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, Нәзір Төреқұлов туралы әңгімеленіз.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

*Дипломат* – мемлекеттің басқа шетел мемлекеттерімен ресми қарым-қатынасын жүзеге асыру жұмыстарын жүргізетін және оған тиісті арнайы дайындығы бар қызмет тұлғасы.

211-тапсырма. Берілген нақыл сөздердің мағынасын түсіндіріңіз.

Елші арқылы көптеген іс бітеді. Елші арқылы барлық игілікті тірліктер атқарылады.

*Жүсіп Баласағұни*

Қағаны – батыр, ақылгөйі – кемеңгер елдің бағы жанады.

*Тоныкөк*

*Жағдаят*

Сізге Испанияға елші болып баруға ұсыныс түсті. Балаларыңыздың болашағы үшін бұл жұмыстың пайдасы зор. Әйеліңіз бен балаларыңыз барғысы келгенмен, ата-анаңыз қарсы. Сіздің әрекетіңіз?

212-тапсырма. Бұрынғы елшілер мен қазіргі елшілердің айырмашылықтары қандай?

<i>Бұрынғы елшілер</i>	<i>Қазіргі елшілер</i>

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Елші деген кім?
2. Елшілік туралы не білесіз?
3. Қазақстан елшілерінен кімдерді атай аласыз?
4. Жақсы елші болып шығу үшін тіл білу, мәдениетаралық қатысымда еркін сұхбаттаса алудан басқа тағы қандай қасиеттер болуы керек деп ойлайсыз ба?
5. Ғ. Мүсіреповтің «Адам ата даңқымен емес, өз даңқымен атақты болады» деген сөзін қалай түсінесіз?

## **10 Ғылым және техника**

### **10.1 Ғылым – инновациялық экономиканың негізі**

Ғылым саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері ішінде: «Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті, кәсіпкерлік пен ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы нарықтық инфрақұрылымның басқа да нысандарын дамыту үшін қажетті экономикалық жағдайлар жасау», - деп Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңында

айтылған. Бұл Заң ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, ғылыми және ғылыми-техникалық сала субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін айқындайды. Осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми орталықтар, дербес зертханалар, технопарктер, технополистер және мемлекеттік меншікке негізделген өзге де ұйымдар мемлекеттік ғылыми ұйымдары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы қызметінің негізгі бағыттары ғылыми-зерттеу қызметі, ғылымның жай-күйін талдау және оның дамуын болжау, ғылымды дамытудың және ғылыми кадрлар даярлаудың басым бағыттарын белгілеу, ғылыми-сараптамалық қамтамасыз ету, ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру және олардың орындалуын үйлестіру, өз құзыреті шегінде халықаралық ғылыми ынтымақтастықты, инновациялық және инвестициялық қызметті дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

213-тапсырма. Мәтінді пайдалана отырып, сұрақтар төңірегінде пікір алмасыңыз.

1. Ғылым мен техниканың байланысы неде деп ойлайсыз?
2. Бүгінгі күнгі ғылымның жетістігіне қандай мысал келтіре аласыз?
3. Соңғы естіген (оқыған, көрген) ғылыми жаңалықтар туралы ой бөлісіңіз.
4. «Өркениетке жетудің бір жолы – ғылым мен өндірісті ұштастыру» дегенді қалай түсінесіз?
5. Сіз болашақта ғылыммен айналысқыңыз келе ме?

*Есте сақтаңыз!*

Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралып қысқарған сөздер бас әріптермен жазылады, ол әріптердің арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы: *ҚР ҰҒА* – Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы), *АЭЖБУ* – Алматы энергетика және байланыс университеті, *АҚ* – акционерлік қоғам, *КЕАҚ* – коммерциялық емес акционерлік қоғам, *ЖШС* – жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

214-тапсырма. Абай Құнанбаевтың «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» деген сөзінің мағынасын кеңейтіңіз.

215-тапсырма. Ақпарат көздерін пайдалана отырып, бүгінгі күнгі ғылыми жаңалықтар туралы хабарлама жасаңыз.

### **Ғылыми стильдің ерекшелігі**

Жазуда, сөйлеуде адам ойына керекті сөз таңдағанда, олардың стильдік ерекшеліктерін ескеру керек. Мысалы, публицистикалық стиль мен ғылыми стильдің сөздік құрамы бірдей емес: публицистикалық стильде жазылған газет-

журнал тілі жалпы халыққа арналатындықтан, оның сөздері де жалпыға бірдей түсінікті болуға тиіс, ал ғылыми стиль жалпыға бірдей түсінікті ортақ сөздермен қатар, жеке мамандыққа тиісті сөздер де қолданылады, солардың ішінде әсіресе жеке ұғымды білдіретін атаулар, термин сөздер көп болады.

Ғылыми стиль жазу арқылы танылады. Ғылыми стиль айтылатын ойдың анықтылығын, дәлдігін, дұрыстығын және кез келген ғалым түсінерліктей дәйектілігін қалыптастыруы тиіс. Ғылыми стильдегі сөздер негізінен өзінің бастапқы мағынасында жұмсалады. Келтірінді, ауыспалы мағынадағы сөздер мұнда болмайды.

Ғылыми стильдің негізгі ерекшеліктері:

- 1) ой нақты, дәл, түсінікті, тұжырымды түрде беріледі;
- 2) терминдер, тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері қолданылады;
- 3) баяндауыш формалары көбінесе ауыспалы осы шақ формалы етістіктен немесе ырықсыз етістіктен жасалады. Мысалы: *Тұйықталған электр тізбегінде үздіксіз зарядтар қозғалысы пайда болады; Жылу мөлшері Ленц-Джоуль формуласымен анықталады.*

216-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, ғылыми стильде қолданылатын етістік формаларымен мамандығыңызға сәйкес бірнеше сөйлем құраңыз.

Ғылыми жаңалық, өзара бәсекелестік, ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылымның жетістіктері, ғылымның жаңа бағыттары, ғылым мен техника, ғылыми-зерттеу нәтижелері.

217-тапсырма. Мәтінді толықтырыңыз.

Қажетті сөздер: *басқару, түрлерін, саласында, мәселелерді, ұғымдар, өндірістің, түрлі.*

Қазіргі заманда ғылым ... көптеген өзгерістер болып жатыр. Ғылым саласында ғылыми-техникалық қызмет және инновациялық қызмет деген ... пайда болды. Ғылыми-техникалық қызмет – технологиялық, инженерлік, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және өзге ... шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға, ғылымның, техниканың және ... біртұтас жүйе ретінде жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған қызмет, ал инновациялық қызмет – нәтижесі экономикалық өсу мен бәсекелестік қабілеттілігі үшін пайдаланылатын жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологияларды және өнім ... өндірістің ... салаларына және қоғамды ... салаларына енгізуге бағытталған қызмет.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

### **Аңдатпа**

*Аңдатпа* – еңбектің қысқаша сипаттамасы. Еңбектің мақсаты, мазмұны мен сипаты, кімге арналғандығы, формасы мен басқа ерекшеліктері қамтылып сипатталады.

Аңдатпа оқырманға оған белгісіз еңбек туралы алдын ала түсінік, хабар беріп, қажетті ақпаратты, еңбекті іздеп табуға көмектеседі.

Кез келген аңдатпа екі бөлімнен тұрады:

1) *библиографиялық сипаттау* еңбек туралы алғашқы хабарды береді және мемлекеттік талапқа сәйкес құрастырылады;

2) *аңдатпа мәтіні* библиографиялық сипаттауда берілген хабарды толықтырады және еңбектің мазмұны, оның авторы, еңбектің жетістіктері туралы баяндайды.

*Үлгі:*

В. Китаевтың «Электротехника және өнеркәсіптік электроника негіздері» оқулығына берілген аңдатпа:

Кітапта электротехниканың негізгі заңдары баяндалған. Электрлік өлшеу приборларының, трансформаторлардың, электр машиналарының, тұрақты және уақытша токпен жұмыс істейтін электр машиналарының, электроника приборлары мен құрылғыларының құрылымдары сөз болады.

Екінші басылымға қозғалтқыштар, өрістік транзисторлар, түрлендіргіш транзисторлар мен тристорлар жөнінде жаңа материалдар берілген.

Кітап оқушыларға, студенттерге, электр техникасымен айналысатын оқырмандарға арналады.

218-тапсырма. Аңдатпада қолданылатын қалыпты тілдік қолданыстарды негізге ала отырып, бірнеше сөйлем құраңыз.

диплом жұмысында монографияда оқулықта оқу құралында жұмыста жинақта	теориялар, принциптер, нәтижелер т.б. ережелер, идеялар, көзқарастар т.б. жиынтығы, әсері, қолданысы т.б. заңдылықтар, ерекшеліктер, фактілер т.б. есептеулер, сипаттамалар т.б. бағыттар, мәліметтер, мәселелер т.б. зерттеулер, талдаулар т.б.	талданған баяндалған зерттелген сипатталған келтірілген қарастырылған ұсынылған
---	--	---

диплом жұмысының монографияның оқулықта (оқу құралында)	бірінші екінші үшінші аталған (атаулы) осы	тарауында бөлімінде
---	--	------------------------

219-тапсырма. Аңдатпаны аударыңыз.

В выпускной работе приводится обоснование модернизации волочильного стана. Производится замена электродвигателя постоянного тока на асинхронный двигатель с частотным регулированием. Проводится анализ и обоснование выбранного типа электропривода. Разработана система управления электроприводом волочильного стана и проведены исследования динамического режима работы в программной среде MATLAB.

В разделе «Экономическая часть» проведено технико-экономическое обоснование выпускной работы.

В разделе «Безопасность жизнедеятельности» производится расчет зануления электроустановки, рассматриваются основные меры защиты от поражения электрическим током и разработка устройств, обеспечивающих локализацию, удаление и очистку воздуха, содержащего вредные газы, пары и пыль.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

### Мақаланың жазылуы

Мақала – белгілі бір тақырып аясында автордың салыстырып-талдап, түйінді ой, пікіріне негізделетін жазу жұмысы.

Мақала	
<i>жазылу мақсаты, мазмұны, тілдік, стильдік сипатына қарай бөлінетін түрлері</i>	
Әр ғылым саласына қатысты өзекті мәселелерді талқылаған, ой тұжырымдаған <i>ғылыми мақала</i> .	Қоғамдық-әлеуметтік т.б. тақырып аясында мерзімді баспасөзге даярланған <i>публицистикалық мақала</i> .
Ғылыми мақала	Публицистикалық мақала
<i>ерекшеліктері</i>	
Ғылыми мақалалар жазылғанда, ғылымның әр саласының өз терминдері, ұғымдары сақталып отыру қажет. Мақаланы қай тақырыпқа жазғанда да сөз тіркестерін, сөйлемдерді оп-оңай қоя салудан аулақ болу керек. Сонымен қатар ол мақала жалпы жұртшылыққа түсінікті болу керек. Қорытындыны автордың өзі жасайды.	Мақала жазу үшін жазатын нәрсені, оқиганы, істі автор өз көзімен көріп, жете білуі керек. Мақаланы ойдан құрап, шамамен жазуға болмайды. Мақала жазу үшін тақырып және ол тақырыпқа жазылатын мазмұн керек. Қорытындысын оқитын жұртшылықтың өзі шығаратындай етіп жазу керек.

*Келіңіз, сөйлесейік!*

### Студенттердің ғылыми конференциясында

- Жаннұр, сәлем!
- Перизат, сәлем!
- Жаннұр, ертең университетте өтетін V республикалық студенттік ғылыми-практикалық конференцияның секция отырысы басталады. Сен оған қатысасың ба?
- Иә, қатысамын. Мен қазақ тілінен баяндама жасаймын.
- Баяндаманды тыңдауға бола ма? Тақырыбы қандай?
- Әрине, кел. Баяндаманың тақырыбы: «Энергетика терминдерінің жасалу жолдары».

- Жақсы, жарайсың.
- Секция отырысы қай жерде өтеді?
- А ғимаратының үшінші қабатында, 318-дәрісханада өтеді.
- Ал, бүгін пленарлық отырысқа қатыстың ба?
- Иә, пленарлық отырыс өте қызықты болды. Баяндамашылар бүгінгі күннің өзекті мәселелерін талқылады.
- ... .. ?
- ... .. .

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

### **Пікір**

Пікір – біреудің оқулығы (оқу құралы), ғылыми мақаласы, дипломдық жобасы (диплом жұмысы) т.б. еңбектері туралы жазылған екінші адамның ойы мен бағасы. Пікір сол еңбектер жөніндегі пікір айтушының көзқарасын білдіреді, оның жетістігі мен кемшілігін айтып, баға береді, ұсыныстар жасайды.

*Үлгі:*

5B071800 – Электр энергетикасы мамандығының 4-курс студенті  
 Болат Оразбектің «Астық ұсақтағыштағы электржетектің  
 жүктемесін реттейтін микропроцессорлық жүйені құрастыру»  
 тақырыбындағы дипломдық жобасына

### **ПІКІР**

Дипломдық жоба «Астық ұсақтағыштағы электржетектің жүктемесін реттейтін микропроцессорлық жүйені құрастыру» тақырыбына арналған. Жобада астық ұсақтағыштың электржетегінің жүктелу режимін тұрақтандыру қарастырылған.

Статор тогы негізінде дәнжарғыштың электржетек жүктемесінің моментін тұрақтандырған, соның негізінде астық материалдарының жұмысшы органға түсуін номинал режимге келтірген. Өнімділікті реттеуші құрылғының конструкциясы таңдалған. Таңдауда эксперттік бағалау әдісі қолданылған. Таңдалған құрылғының жұмысын Matlab бағдарламасында жүктелу моментін тұрақтандырып, уақытқа байланысты өзгерісінің сипаттамалары алынған.

Жобаның өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімінде дәнжарғыш цехындағы еңбек ету жағдайына талдау жасау, жұмыс жасағанда электр қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жерге қосу құрылғысына есеп жүргізу, цехта пайда болатын шу және дірілді азайту бойынша шаралар қарастырылған.

Дипломдық жобаның экономикалық бөлімінде жиілік түрлендіргіш базасында жаңа электржетек жүйесінің экономикалық тиімділігі есептелген.

Дипломдық жобаға төмендегідей ескертулер бар: әдебиетке шолу бөлімінде нақты негізгі мәселелерді көрсету керек еді; өлшем бірліктері кейбір жерлерінде қойылмай кеткен; эксперименттік нәтижелерді толығырақ көрсету

керек еді. Дегенмен, бұл ескертулер дипломдық жобаның мазмұны мен ғылыми құндылығына нұқсан келтірмейді.

Қорыта айтқанда, дипломдық жоба «өте жақсы» (90 %) деген бағаға лайық, ал Болат Оразбек бакалавр академиялық дәрежесін алуға лайықты деп есептейміз.

Пікір беруші:

Қ. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ

ЭжТКА кафедрасының доценті,

техника ғылымдарының кандидаты

Т. Мунсызбай

Үлгі:

Алматы энергетика және байланыс университеті  
электр энергетикасы факультетінің 2-курс студенті  
Сәрсен Серікболсын Абдуллаұлының  
«Техникалық терминдердің жасалу жолдары»  
тақырыбындағы мақаласына

### ПІКІР

Ғылым әлемінде терминологияның алатын орны ерекше. Сондықтан да бүгінгі тіл білімінің ғылыми бағыттарының бірі – техникалық терминдердің жасалу ерекшеліктерін зерделеу. Қазақ терминологиясының қазіргі жаңа дәуірінде техникалық терминдер әлемінің көрінісін толық бейнелеуге деген ұмтылыс тақырыптың өзектілігі болып табылады. Осыған сәйкес Сәрсен Серікболсынның «Техникалық терминдердің жасалу жолдары» тақырыбындағы мақаласының өзектілігі дау тудырмайды.

Мақалада терминдердің анықтамасы, оларға қойылатын талаптар, терминдердің жасалу тәсілдеріндегі ерекшеліктер қарастырылып, нақты мысалдармен дәлелденген.

Қорыта айтқанда, Сәрсен Серікболсын Абдуллаұлының «Техникалық терминдердің жасалу жолдары» тақырыбына жазылған мақаласы ғылыми, практикалық мәні бар жұмыс екендігін ескере келіп, баспаға ұсынуға лайық деген пікірдеміз.

Ғылыми жетекшісі:

Алматы энергетика және байланыс

университеті, қазақ және орыс тілдері

кафедрасының аға оқытушысы,

филология ғылымдарының кандидаты

З.С. Советова

220-тапсырма. Үлгілерді негізге ала отырып, «АЭЖБУ Хабаршысы» журналынан өз мамандығыңызға қатысты жазылған ғылыми мақалаға пікір жазыңыз.



*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. ҚР ҰҒА қызметінің негізгі бағыттарына нелер жатады?
2. Мақаланың жазылу мақсаты, мазмұны, тілдік, стильдік сипатына қарай бөлінетін қандай түрлерін білесіз?
3. Ғылыми стильдің басқа стильдерден айырмашылығы қандай?
4. Пікір деген не?
5. Аңдатпа деген не?

## **10.2 Қазақстандықтардың ғылыми жаңалықтары**

221-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз.

Жаһандану ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне аса жоғары талаптар қойып отыр. Сондықтан бүгінде еліміздің бәсекеге қабілеттілігі ғаламдық экономика мен саясаттағы ықпалды тұжырымдардың бірі болып саналады. Жаһандану заманында бәсекеге қабілетті болу үшін, ғылым мен білімді, жаңа технологияларды дамыту қажет.

Әлемдік ғылыми-технологиялық кеңістікті құру жаһанданудың маңызды элементі болып табылады. Қазіргі таңда стандарттар, сертификаттау жүйесі, зияткерлік меншік құқығын қорғау тетіктері сынды халықаралық ғылыми-инновациялық инфрақұрылымдарды біріздендіру бойынша маңызды қадамдар жасалды.

Ғалымдар мен мамандар арасында халықаралық алмасулар тез өсіп отыр. Био және нанотехнологиялар, жасанды зияткерлік жүйесі, ғаламдық ақпараттық жүйе, жоғары жылдамдықтағы көлік жүйелері, энергия жинақтаушы технологиялар жаңа технологиялық дамудың негізгі бағыттары, сонымен қатар өндірісті автоматтандыру, ғарыштық технологиялар, ядролық энергетика дамуда.

222-тапсырма. Сөздікті жаттап алыңыз.

жаһандану – глобализация

ғылыми-технологиялық кеңістік – научно-технологическое пространство

сертификаттау жүйесі – сертификационная система

ғаламдық ақпараттық жүйе – мировая информационная система

көлік жүйелері – транспортные системы

энергия жинақтаушы технологиялар – энергосберегающие технологии

223-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, мазмұндаңыз.

### **Нанотехнология**

Нанотехнология – белгілі атомдар мен молекулаларға манипуляция жасай отырып, белгіленген атомдық құрылымдық өнімдерді шығару әдістерінің жиынтығы.

Қазіргі кездегі нанотехнологияны микротехнологиялармен салыстырса, оны нанометр өлшемдерімен есептелетін технология деп ұғынуға болады. Яғни

бұл жарық толқынының ұзындығынан жүздеген есе қысқа болып келетін өте ұсақ өлшем, бірақ оны тек атомның көлемімен ғана салыстыруға болады. Сондықтан микроөлшемнен наноөлшемге көшкенде бұл сандық емес, сапалық көрсеткішке айналады да, заттан жекелеген атомдарға ауысуды білдіреді.

Нанотехнологияны дамыту үш бағытта жүргізілуде: 1) молекулалар мен атомдардың мөлшерімен ғана салыстыруға болатын белсенді элементтері бар электронды сұлбалар жасау; 2) наномашиналар, яғни мөлшері молекуладай ғана тетіктер мен роботтар жасау; 3) тікелей атомдармен және молекулалармен жұмыс істей отырып, қажет нәрселерді солардың өзінен жасау.

Мамандардың болжамы бойынша, наноэлектронды чиптердің сыйымдылығы өте сапалы, себебі оған ондаған жоғары гигабайтқа дейін жететін есте сақтау микросұлбалары қондырылған.

Нанотехнологияның негізгі қолдану аясы: ақпараттық технология, энергетика, телекоммуникация, материалтану, әскери техника, робот жасау техникасы, микроскопия, қоршаған ортаны қорғау, машина жасау және т.б.

Қазірдің өзінде өнеркәсіптің кейбір салаларында материалдар мен өнімдердің сапасына атомдық деңгейде нанотехнологиялық бақылау жасау қалыпты жайт болып отыр. DVD дискілер оның нақты дәлелі болып табылады. Нанотехнологияның арқасында бүгінгі құралдар физика-химиялық қасиетке ие болып, сапалық тұрғыдан мүлдем жаңа материалдар шығару жағынан шексіз мүмкіндіктерге қол жеткізуде.

*Біліңіз, көңіліңізге түйіңіз!*

«Нанотехнология» сөзі «кішкентай өлшемді технология» дегенді білдіреді. Бұл жерде «нано» сөзі «миллиардтың бір бөлшегі» деген мағынаны береді. Бір сөзбен айтқанда, *заттың бөлшегінен тұтас бір жаңа дүние ойлар шығару* дегенді білдіреді.

224-тапсырма. Өз ойыңызды қосып, сөйлемді кеңейтіңіз.

Нанотехнология – ХХІ ғасырдағы ғылыми-техникалық революцияның жетістігі...

225-тапсырма. Мәтінді және қосымша мәліметтерді пайдалана отырып, АЭЖБУ, оның халықаралық ынтымақтастығы туралы әңгімелесіңіз.

Соңғы жылдары Қазақстанның техника саласының дамуына ерекше көңіл бөліне бастады. Сондықтан техникалық жоғары оқу орындарына қабылданатын студенттер саны да жылдан-жылға көбейе түсуде. Жастар әсіресе, энергетика, ақпараттық технологиялар, радиотехника, электроника және телекоммуникациялар мамандықтарын таңдауда. Мемлекеттік гранттар да техникалық мамандықтарға көбірек бөлінуде. Мұның өзі еліміздің экономикасының қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді.

Энергетика, ақпараттық технологиялар, радиоэлектроника және телекоммуникация саласында тек Қазақстанда ғана емес барлық Орта Азия елдерінде мамандар даярлау бойынша жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі – Алматы энергетика және байланыс университеті.

Университет сапа менеджмент жүйесі жоғары кәсіптік білім кадрларын даярлау бойынша білім беруге қатысты ISO 9001:2008 стандартына сәйкес деп танылды. «IQ Net» Халықаралық қауымдастығының әріптесі «Русский регистр» сертификаты бойынша Қауымдастық сәйкестік сертификатын иеленді. Мұндай сертификат әлемнің 33 еліне жарамды болып табылады.

АЭЖБУ техникалық саладағы үздік маман иелерін дайындайды. Студенттер әртүрлі ғылыми үйірмелерге қатысып, білімдерін шыңдап отырады. Конференцияларға, байқауларға қатысып, жаңалықтар ашуға ат салысады. АЭЖБУ түлектері еліміздің алдыңғы қатарлы өндірістік орындарында беделді қызмет етуде.

226-тапсырма. Терминологиялық түсіндірме сөздіктерді пайдалана отырып, мамандығыңызға байланысты 15 техникалық терминге анықтама беріңіз.

227-тапсырма. Берілген жағдаят бойынша екеуара тілдесіңіз.

Кез келген елдің болашағы, даму мүмкіндігі халқының ғылыми жетістіктері мен білім деңгейіне тікелей байланысты екені белгілі. Сіз үкімет басшысы болсаңыз, мамандардың біліктілігін арттыру мен отандық ғалымдарды қолдау мақсатында не істер едіңіз? Өз ойыңызбен бөлісіңіз.

228-тапсырма. Төмендегі тақырыптардың біріне эссе жазыңыз.

1. Келешекке – кемел біліммен.
2. Озық білім, озат ғылым – келешек кепілі.
3. Ғылым таппай мақтанба.

229-тапсырма. Берілген сөздерге глоссарий құрастырыңыз.

*Нанотехнология –*  
*Ғылыми технологиялар –*  
*Ғарыштық технология –*  
*Ядролық энергетика –*

230-тапсырма. «Қазақстандықтардың ғылыми жаңалықтары» тақырыбына презентация дайындаңыз.

*Біліміңізді тексеріңіз!*

Бақылау сұрақтарына жауап беріңіз.

1. Қазақстан ғылымы туралы не білесіз?
2. Өз мамандығыңыз бойынша ғалымдардан кімдерді атар едіңіз?
3. Қазақстанда қай ғылым саласы ерекше дамуда?
4. Ғылымның қай саласын дамыту керек деп ойлайсыз?
5. Нанотехнология дегеніміз не? Бұл сөз нені білдіреді?
6. Нанотехнологияның нәтижелері қандай салаларда қолданылады?
7. Қазақстандық ғалымдардың ашқан жаңалықтары туралы не айта аласыз?

## Әдебиеттер тізімі

1. Абай қара сөздері. - Алматы: Өнер, 2010. - 124 б.
2. Әлметова Ә., Дәркенбаева Ж., Хамимұлыдинова Л., Тұңғатова Ғ. Қазақ тілі: Оқу құралы (С<sub>1</sub> – негізгі стандарттан жоғары деңгейге арналған және С<sub>2</sub> – туризм мамандығы үшін). - Алматы, 2013. - 117 б.
3. Әлметова Ә., Тұңғатова Ғ., Хамимұлыдинова Л., Дәркенбаева Ж. Қазақ тілі: Оқу құралы (В<sub>2</sub> – негізгі стандартты деңгей). - Алматы, 2013. - 102 б.
4. Дүйсенбаева Р. Іскерлік қазақ тілі: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 80 б.
5. Дүйсенбекова Л. Қазақ тілі: іс қағаздарын жүргізу. Оқу құралы (Екінші басылым). - Алматы: «Мемлекеттік тіл дамыту институты» ЖШС, 2011. - 400 б.
6. Ерiмбетова А., Жұмағазина Р., Дәркенбаева Г., Бектұрғанова Ж. т.б. Қазақ тілі: Оқулық. - Алматы: Экономика, 2013. - 492 б.
7. Жақсылықова К. Қазақ тілі: Оқу құралы. - Алматы: ҚазҰТУ, 2009. - 174 б.
8. Иманалиева Ғ., Сыбанбаева А., Досанов Б., Таусоғарова А. Қазақ тілі: Ғылыми стильді оқыту (магистранттар мен аспиранттарға арналған әдістемелік оқу құралы). - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 86 б.
9. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 800 б.
10. Күзекова З. Қазақ тілі практикумы: грамматикалық жаттығулар. - Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2010. - 160 б.
11. Қайдар Ә. Халық даналығы (қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). - Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. - 560 б.
12. Құлжанова Б. Қазақ тілі: Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2010. - 210 б.
13. Мамырбекова Г. Қазақ тілі (жалғастырушы деңгейге арналған). - Алматы: «ЛЕМ баспасы» ЖШС, 2014. - 164 б.
14. Мамырбекова Г. Қазақ тілі (тереңдетілген деңгейге арналған). - Алматы: «ЛЕМ баспасы» ЖШС, 2014. - 176 б.
15. Орысша-қазақша жарнама мәтіндерінің үлгілері /Құраст. Қапалбеков Б., Құлманов С. - Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. - 268 б.
16. Сыздықов М., Жақанова Ж., Жұмагелдина Д., Нұрғалиева Т., Қызылғышева А. Қазақ тілі: Мемлекеттік қызметшілерге арналған оқу құралы. - Алматы: «Литера-М» ЖШС, 2010. 3-кітап. - 188 б.
17. Тілембекова А., Төлеуп М. Қазақ тілі-2: Оқу құралы. - Алматы: АЭЖБУ, 2009. - 82 б.
18. Хазимова Ә. Іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу: Оқу құралы. - Алматы: «Ол-Жас Баспасы» ЖШС, 2004. - 120 б.
19. Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен. - Жидебай: Халықаралық Абай клубы, 2006. - 736 б.

## Мазмұны

Алғы сөз.....	3
1 Заман және заң.....	4
1.1 Адам – басты құндылық.....	4
1.2 Адамның құқықтық қорғалуы.....	19
1.3 Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңы.....	25
2 Түгел сөздің түбі бір.....	28
2.1 Көне түркі жәдігерлері сыр шертеді.....	28
2.2 Көне түркі жазуы.....	32
3 Тарихынды таны.....	34
3.1 Ерлік туын көтерген ерлер.....	34
3.2 Ел үміті – қоғам қайраткері.....	40
4 Өлең – сөздің патшасы.....	43
4.1 Хакім Абайдың философиясы.....	43
4.2 Шәкәрім өлеңдеріндегі имандылық концепциясы.....	48
5 Ұлылық ұлыдан.....	51
5.1 Ұлылардан қалған сөз.....	51
5.2 Ұлық адам – қызық адам.....	55
6 Халықаралық сыйлықтар.....	60
6.1 Альфред Нобель сыйлығы.....	60
6.2 Нобель сыйлығының лауреаттары.....	63
7 Қоғам және жастар.....	65
7.1 Қоғамның басты байлығы – дарынды жастарда.....	65
7.2 Жастар және қоғамдық ұйымдар.....	68
8 Жарнама және бәсеке.....	70
8.1 Жарнама – ақпараттың бір түрі.....	70
8.2 Жарнама сауаттылығы.....	75
8.3 Техникалық сипаттама.....	78
9 Басшы келбеті.....	81
9.1 Басшының басқару стилі.....	81
9.2 Дипломат келбеті.....	96
10 Ғылым және техника.....	98
10.1 Ғылым – инновациялық экономиканың негізі.....	98
10.2 Қазақстандықтардың ғылыми жаңалықтары.....	105
Әдебиеттер тізімі.....	108

Советова Зәуре Советқызы

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

Оқу құралы

(2014-2015 оқу жылында апробациядан өткізу үшін)

Редактор

Б.С. Қасымжанова

Басуға \_\_\_\_ . \_\_\_\_ . \_\_\_\_ ж. қол қойылды.  
Таралымы 100 дана. Пішімі 60×84 1/16

Баспаханалық қағаз №2  
Есептік-баспа табағы 6,9. № \_\_\_\_ тапсырыс  
Бағасы 3450 теңге.

«АЭЖБУ» коммерциялық емес АҚ  
Алматы қ., Байтұрсынұлы көшесі, 126

«Алматы энергетика және байланыс университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
көшірмелі-көбейткіш бюросы  
Алматы қ., Байтұрсынұлы көшесі, 126